

**Ө.ЖӘНІБЕКОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

ГЕОГРАФИЯ КАФЕДРАСЫ

ТАСКАРАЕВА К.А., КАЗБЕКОВА Г.К., ВАЛИЕВА Г.А.

«ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ» пәнінен

әдістемелік құрал

ШЫМКЕНТ 2025ж

ӘОЖ 372.8:91

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті Академиялық кеңесінің шешімімен баспадан шығаруға ұсынылған (хаттама № _____)

Пікір жазғандар:

Кенжебай Р.Н. - Педагогика ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы ОҚУ «Биология және география» кафедрасының доценті.

Мырзалиева З.К.- География ғылымдарының кандидаты, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, «География» кафедрасының аға оқытушысы.

Құрастырушылар: Таскараева К.А., Казбекова Г.К., Валиева Г.А.

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ: Жоғары оқу орнының студенттеріне арналған әдістемелік құрал. Шымкент, 2025ж. – 88б.

Географияны оқыту әдістемесі 6В01506-«География мұғалімін даярлау» және 6В01511-«География-тарих мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасына сәйкес құрастырылған, жоғары оқу орындарының білім алушыларына арналған.

Әдістемелік құралда география ғылымдарының дамуы мен қалыптасуы, Қазақстандағы географияны оқыту әдістемесінің қазіргі таңдағы деңгейі, мектептегі география курсының білім тұжырымдамасы мен оқу бағдарламасының құрылымы және география пәнін оқытудағы жаңа технологиялық, инновациялық әдістер мен оның негізгі түсініктері жайлы мағлұматтар берілген.

ЛЕКЦИЯ №1. ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ

- 1. Географияны оқыту әдістемесі ғылымының дамуы.*
- 2. Басқа пәндермен байланысы.*
- 3. Географияны оқыту әдістемесінің міндеттері.*

Географияны оқыту әдістемесі ғылымы дегеніміз – мектепте өтілетін пәнді оқыту және тәрбиелеу процесі жайлы ғылым.

Әдістеме – оқу пәнінің мазмұнын, оқыту, тәбиелеу формасын, әдісін, оқу жұмысына қажетті құрал – жабдықтарды анықтайды, қарастырады. Яғни, географияны неліктен оқиды, қалай оқиды деген сұрақтарға жауап береді.

Әдістеме педагогикалық ғылым болғандықтан жалпы білім беру мен тәрбиелеудің мақсатына, міндетіне сай құрылады. Географияны оқыту әдістемесінің негізгі пәні физикалық, экономикалық географияға жақын пәндер-геология, экономика, демография және т. б. ғылымдар қатары жатады. Географияны оқытудың мынандай заңдылықтары бар. Ол нақты объектілерді, карта және картографиялық білімдерді қолданады. Сабақты өту барысында сарамандық жұмыстарды, көрнекілік әдістерін пайдаланады. Теориялық білімді дұрыс оқыту үшін жақсы жабдықталған география кабинеті қажет. Себебі география пәні мектепте жастарға өндірістің ғылыми – техникалық және экономикалық негіздері жөнінде осы заманға сай терең білім береді. Теориялық біліммен практикалық білім дағдыларын өзара байланыстырып, оқушыларға физикалық, экономикалық, экологиялық тәрбие береді.

Оқыту процесі бірімен – бірі тығыз байланысты екі кезеңнен тұрады:

1. Сабақтағы мұғалімнің іс - әрекеті.
2. Сабақтағы оқушының іс - әрекеті.
3. Мұғалімнің іс - әрекеті.

Мұғалімнің іс әрекеті жаңа сабақтың мазмұнын түсіндіреді, білімді бекітеді, сабақты қорытындылайды, тәжірибені үйретеді, сарамандық жұмысты жасатады, үйге тапсырма береді, сабақ үстінде географиялық материалдарды сурет, таблица, схема, диаграмма, карта – схемаларды қолданады.

Оқушылардың міндеті - сабақты тыңдайды, сұрақтарға жауап береді, тапсырмаларды мұқият орындайды, мұғалімнің берген таблицаларын жасайды, кескін карталарды сызады. Мұғалім – сауатты, білімді, жатық тілде сөйлейтін, ұйымдастыра алатын шебер болу керек. Мұғалім жаңа сабақты түсіндіру кезінде көрнекілікті үнемі пайдаланып жүргізсе ғана сабақ өз нәтижесіне жетеді.

Географияны оқыту әдістемесі мынандай салалармен байланысты:

1. Педагогикамен байланысты.
2. Химиямен байланысты.
3. Биологиямен байланысты.
4. Медицинамен байланысты.
5. Математикамен байланысты.
6. Тіл әдебиетімен байланысты.
7. Психологиямен байланысты.

Педагогикамен байланыстылығы - әр сабақта тақырыптың тәрбиелік жағына көңіл аударып, тәрбиенің түрлерін пайдалануға көмектеседі.

Психологиямен байланыстылығы – ол оқушылардың жас ерекшелігіне қарай әр турлі түсіндіру, түрлі әдістер қолдану мінез – құлақтарын білуге көмектеседі т. б. байланыстарды келтіруге болады.

Географияны оқыту әдістемесінің міндеттері үш бөлімнен тұрады.

1. Білім беру міндеті.
2. Тәрбиелеу міндеті.
3. Оқушылардың даму қабілетін қалыптастыру.
1. Оқушыларға негізгі физикалық және экономикалық географиядан, картографиядан, геологиядан, басқа да географиялық ғылымдардан нақты білім беру.
2. Оқушыларға экономикалық, экологиялық білім беру.
3. Оқушыларды географиялық мәдениетпен қаруландыру, картаны қолданумен, анықтаманы пайдаланумен, өз бетімен оқумен таныстыру.
2. Тәрбиелеу міндеті:
 1. Оқушыларға экологиялық тәрбие беру.
 2. Эстетикалық тәрбие беру.
 3. Еңбекке тәрбиелеу.
 4. Оқушылардың даму қабілетін қалыптастыру.
1. Оқушыларды географиялық білімдер арқылы проблемалық жағдайларға қызықтыру.
2. Оқушыларды ұқыптылыққа, ойлауға, есте сақтауға, бақылай білуге үйрету.
3. Оқушыларды картамен жұмыс істеп, өздері қорытынды жасай білуге үйрету.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Географияны оқыту әдістемесі ғылымының дамуы.
2. Басқа пәндермен байланысы.
3. Мұғалімнің іс - әрекеті.
4. Географияны оқыту әдістемесінің міндеттері
5. Педагогикамен байланыстылығы

ЛЕКЦИЯ №2. ҚАЗАҚСТАНДА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

1. *Жаңартылған жалпы білім беру бағдарламасының басымдықтары және жалпы білім беру бағдарламасына өзгеріс енгізудің маңызы*
2. *Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінде «География» және «Жаратылыстану» пәндерін оқытудың ерекшеліктері.*
3. *Жаңартылған жалпы білім беру бағдарламаларында оқушылардың бойында қалыптастыру қажет келесі құндылықтар мен дағдылар.*
4. *Спиральді оқыту бағдарламасы*

«Адамзатқа және қоғамға орасан зор проблема әкелетін жаһандану мен жаңғыртудың әсерінен айналадағы әлем түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Мектептер оқушыларды түрлі мәдениет өкілдерімен әріптестік қарым-қатынас жасауды, алуан түрлі идеяларды, көзқарастар мен құндылықтарды ескеруді, адамдар өздерінің алуан түрлілігіне қарамастан, технологиялардың көмегімен кеңістік пен уақыт кедергілерін жеңе отырып, бір-біріне сенім білдіруін және әріптестікте жұмыс істеуін қажет ететін әлемде, адамдардың өмірі ұлттық шекаралар аумағынан тыс мәселелерге байланысты болатын әлемде өмір сүруге және жұмыс істеуге дайындауы керек. ХХІ ғасырдың мектептері оқушыларды өмірде, жұмыста және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық және жаһандық пікір алуандығының шынайылығын ұғына отырып, өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек».

Андреас Шлейхер, Білім беру және кәсіби дайындау басқармасы директорының және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

«Қазақстанның орта мектептеріндегі оқыту әлі де тиісті дәрежеде тиімді болмай отыр. TIMSS және PISA зерттеулері нәтижесінде алынған деректер Қазақстандағы жалпы орта білім беру жүйесінің теориялық білім беру, оқушылардың ақпаратты есте сақтау, табу және зерделей білуін қамтамасыз ету деңгейінде жеткілікті дәрежеде тиімді екенін көрсетті. Дегенмен, бұл жүйе оқушылардың жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын игеру және қолдану мүмкіндіктерін, мәселен, математикалық білімін тәжірибеде қолдану және математикалық ойлауын дамыту немесе оқылым барысында мәтінді талдау және бағалау сияқты мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін салыстырмалы түрде әлсіз болып табылады. Орта мектепке арналған оқу бағдарламасының ғылыми сипаты басым және тым ауқымды болуы тиімді оқытудағы негізгі кедергі болып табылады».

Ұлттық білім беру саясатына шолу: Қазақстандағы орта білім, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (Милованович, 2014)

Технология, коммуникация және ғылым салаларындағы елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, әрбір азаматқа ХХІ ғасырда табысты болу үшін қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Қарқынды жаһандану, сондай-ақ, ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артты. Женевадағы Халықаралық еңбек ұйымының (2006) баяндамасы мұның жеке азаматтар үшін маңыздылығын көрсетті: «... көлік және коммуникация саласындағы елеулі жетістіктермен қатар, сауда мен капитал ағымын ырықтандыру: өз еңбегінің жемісін сату үшін әлемдік нарықта өзара бәсекелестіктегі жұмысшылар мен жұмыс берушілердің саны күннен-күнге артып келе жатқандығын көрсетеді» (VII б.). Жаһандану тек жұмыс орындарына әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар, оның қолжетімді жұмыс түрлеріне және сәйкесінше, жұмыс табу үшін қажетті білім мен дағдыға да әсері артып келеді.

Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі ХХІ ғасырда басқа да негіздер бар: өзара қарым-қатынастың арттыру; әлеуметтік өзгерістер; ауа райының өзгеруімен байланысты проблемалар; бүкіл әлемдегі халық санының қарқынды өсуі; шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі; осылардың барлығы мектеп оқушылары қазіргі заманда және келешекте табысқа қол жеткізу үшін бұрынғыға қарағанда анағұрлым көп дағдыларды меңгеруі қажет екенін көрсетеді.

Білім беру елдердің бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ететін ең тиімді әрі ұзақ мерзімді стратегия болып табылады. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жоғарыда сипатталған жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейде ұлттық мәнмәтіндегі жұмыстар жүргізілуде. Білім беру бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады.

«География» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша оқу бағдарламалары осы үдерістің құрамдас бөлігі болып табылады. Оқушылардың жаратылыстану ғылымдарын зерттеуі «Жаратылыстану» пәнінен басталады. Бұл олардың әлем туралы білуге құмарлығын арттырып, дүниетанымын кеңейтуге, қоршаған әлемді ғылыми тұрғыдан түсініп, ол туралы біртұтас көзқарас қалыптасуына, бұл әлемді бағалап, сақтай білуіне көмектеседі. «Жаратылыстану» пәнін оқыту оқушылардың зерттеу, ойлау және коммуникативтік дағдылары мен біліктерінің негіздерін қалыптастыруға бағытталған. Жаратылыстану негізгі орта (7-9-сыныптар) және жалпы орта (10-11-сыныптар) білім деңгейінде жаратылыстану математикалық бағыттағы «Химия», «Биология», «География», «Физика» пәндерін және жалпы орта білім (10-11-сыныптар) деңгейінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Жаратылыстану» пәнін зерделеуге арналған ықпалдастырылған курс болып табылады.

Жаратылыстану-ғылыми білімнің құрамдас компоненті ретінде «География» пәні табиғи, қоғамдық, әлеуметтік нысандарды, құбылыстарды, үдерістерді өзара бірлікте қарастыратын маңызды пән болып табылады және оқушыларды түрлі географиялық жағдайларда адамдардың өмір сүру деңгейімен, шаруашылықтың жүргізілуі жайлы деректермен таныстыра отырып, адамзаттың өмір сүру ортасын кешенді қарастырады, оқушылардың дүниені нақты заңдар бойынша қалыптасатын және дамиды аумақтық табиғи-қоғамдық жүйелер түрінде қабылдауын қалыптастырады. Жаратылыстану мен географиядағы зерттеу тәсілдерімен байланысты ақпаратты өңдеуде ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы зор.

«География» және «Жаратылыстану» пәндеріне қатысты академиялық тілді қолдану оқушылардың айқын және жатық сөйлеу дағдыларын дамытуға, қоршаған әлем құбылыстары мен табиғат жағдайларын сипаттау үшін тілдік құралдарды тиімді таңдап пайдалануына мүмкіндік береді. География мен жаратылыстануды табысты оқыту мұғалімнің кәсіби тәжірибесі мен құзыреттілігіне, оқу үдерісі нәтижелеріне басым көңіл бөлуіне байланысты.

Жаңартылған жалпы білім беру бағдарламасының басымдықтары

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді.

XXI ғасыр дағдылары деген ұғымның бірнеше анықтамасы бар. Бұл Бағдарламада Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) әзірлеген Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасының шеңберінде жасалған құрылым пайдаланылады. Бұл ретте құзырет «жай ғана білім мен дағдыдан анағұрлым күрделі. Ол белгілі бір жағдайларда психологиялық ресурстарды (оның ішінде дағдылар мен өмірлік ұстанымдарын) жұмылдыра және соған сүйене отырып, күрделі міндеттерді шеше білу қабілетін қамтиды. Мысалы, тиімді қарымқатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына және оның өзгелермен қарым-қатынас құра алуына сүйенетін құзырет болып табылады».

Жаңартылған жалпы білім беру бағдарламаларында оқушылардың бойында қалыптастыру қажет келесі құндылықтар мен дағдылар анықталған (1-кесте):

1-кесте. Құндылықтар мен дағдылар

Құндылықтар	Дағдылар
<ul style="list-style-type: none"> - шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; - қарым-қатынас жасау қабілеті; - өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; - жауапкершілік; - денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету; - өмір бойы оқуға дайын болу 	<ul style="list-style-type: none"> - сын тұрғысынан ойлау; - білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті; - проблемаларды шешу қабілеті; - ғылыми-зерттеу дағдылары; - қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда); - жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті; - АКТ саласындағы дағдылар

Пән бойынша білім, дағдылар мен құзыреттіліктерді анықтайтын оқу бағдарламаларын әзірлеу барысында жоғарыда келтірілген құндылықтар мен дағдылар ескерілген. Мұны жалпы білім беру бағдарламаларының негізінде әзірленген және осы құндылықтар мен дағдылардың барлығы қарастырылған «География» және «Жаратылыстану» пәндерінің оқу бағдарламаларынан көруге болады.

Оқушылардың нені білуі және істей алуы керектігін анықтаудағы мұндай нақтылық бүкіл Қазақстан бойынша барлық оқушылардан жоғары нәтиже күтілуін қамтамасыз етуге көмектеседі және мұғалімдердің білім беру бағдарламасын тиімді іске асыруына мүмкіндік береді.

«География» және «Жаратылыстану» пәндерін оқыту басымдықтары оқу үдерісі мен оның нәтижесіне бағытталған мұғалімнің тәжірибесі арқылы жүзеге асырылады.

Жаңартылған жалпы білім беру бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері:

- пән мазмұнын жобалаудың спиральділік қағидаты, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру);

- таным заңдылығы мен пәндік амал-тәсілдердің неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдыларының деңгейлеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;

- білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәнішілік байланыстарын барынша ескеруге мүмкіндік беруі;

- бір білім саласы пәндері арасында, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру барысында «ортақ тақырыптардың» болуы;

- бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сай болуы, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назар аудару;

- оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспар түрінде технологияландырылу болып табылады (Ұлттық білім академиясы, 2016).

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді. Жаңа ғасыр дағдылары деген ұғымның бірнеше анықтамасы бар. Бұл Бағдарламада Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) әзірлеген Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасының шеңберінде жасалған құрылым пайдаланылады.

Бұл ретте құзырет жай ғана білім мен дағдыдан анағұрлым күрделі. Ол белгілі бір жағдайларда психологиялық ресурстарды (оның ішінде дағдылар мен өмірлік ұстанымдарын) жұмылдыра және соған сүйене отырып, күрделі міндеттерді шеше білу қабілетін қамтиды. Мысалы, тиімді қарым-қатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына және оның өзгелермен қарым-қатынас құра алуына сүйенетін құзырет болып табылады. Жаңартылған оқу бағдарламаларында оқушылардың бойында қалыптастыру құндылықтары мен дағдылары анықталды.

Құндылықтар

Дағдылар

- шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;
- қарым-қатынас жасау қабілеті;
- өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау;
- жауапкершілік;
- денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету;
- өмір бойы оқуға дайын болу.
- сын тұрғысынан ойлау;
- білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті;
- проблемаларды шешу қабілеті;
- ғылыми-зерттеу дағдылары;
- қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда);
- жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті;
- АКТ саласындағы дағдылар

Пән бойынша білім, дағдылар мен құзыреттіліктерді анықтайтын оқу бағдарламаларын әзірлеу барысында жоғарыда келтірілген құндылықтар мен дағдылар ескерілген. Мұны осы құндылықтар мен дағдылардың барлығы қарастырылған барлық пәндердің оқу бағдарламаларынан көруге болады. Танымал ғалым, педагог, философ, профессор Джон Дьюидің: – Егер біз бүгін балаларымызды кешегідегідей оқытатын болсақ, онда біз оның ертеңін ұрлаймыз, – деген ойын ескере отырып, оқушы бойында қажетті құндылықтарды дамыту үшін бірлескен іс-әрекеттер, тиімді әдістер мен саралау тәсілдерін қолдану қажет.

Құндылықтар жүйесін қалыптастыруда оқу мен тәрбие негізінде жаңаша оқыту формаларын тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін саралап таңдалғаны жөн. Көрнекті психолог Л.С.Выготский: – Жақсы оқыту деп, ол баланың дамуына ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады, – деп тұжырымдайды. Выготскийдің айтуы бойынша, жақын арадағы даму аймағы – оқушының өз бетінше шешкен міндеттердің көмегімен анықталған өзекті даму деңгейі мен үлкендердің басшылығымен және анағұрлым қабілетті жолдастарымен бірігіп шешілген міндеттер арқылы анықталатын болжамды даму деңгейі арасындағы қашықтық.

Негізінде, бұл түсінік адам өз бетімен игере немесе көрсете алмайтын, бірақ біреудің көмегімен үйренуге болатын барлық білімдер мен дағдыларды қамтиды. Демек, оқыту барысында белгілі бір тақырыптың аясында оқушылар бірлесіп жұмыс жасап, ортақ мәселе бойынша талқылауға қатысса жұмысты шығармашылықпен орындау, өзгенің пікіріне құрметпен қарау, өз оқуына деген жауапкершілікті сезіну, қарым-қатынас жасай білу құндылықтары арта түседі. Басты құндылықтардың бірі – шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау.

Осы ретте біліктілік арттыру курстарында тыңдаушылар оқушылардың сын тұрғысынан ойлау құндылығын дамыту дағдыларымен танысып, тапсырма түрлерін құрастыруды үйренеді және кері байланыс негізінде өз ойларын ортаға салып, өзара тәжірибе алмасады. Бұл курстардың тиімділігін арттырады. Курс соңында тыңдаушылар осы бағыттар бойынша өз жобаларын

қорғап, оған өзгелер өз бағасын береді. Яғни, курстардың өнімділігі мен нәтижелілігіне ықпал етеді. сын тұрғысынан ойлауға бағытталған тапсырмаларды сабақта пайдалану мұғалімге бір мезгілде бірнеше міндетті қатар шешуге көмектеседі: оқушылардың когнитивті даму деңгейін анықтау; тапсырмада қойылған мақсатқа жету жолында баланың білімді өздігінен алу мен әрекет тәсілдерін таңдау қабілетін бағалау; зерттеушілікті дамыту арқылы пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Қазақстанда білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі себептері қандай?
2. Қазақстандағы білім беру мазмұнын жаңартуда халықаралық тәжірибелердің әсері қандай?
3. Жаңартылған білім беру жүйесінде мұғалімдердің рөлі мен құзыреттілігі қандай болуы тиіс?
4. Қазақстанның білім беру жүйесінде көптілді білім беру жүйесінің дамуының маңызы қандай?
5. Білім беру мазмұнын жаңартуға байланысты Қазақстанның жоғары білім саласындағы өзгерістер қандай болмақ?

ЛЕКЦИЯ №3. ОРТА МЕКТЕПТЕГІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

1. *Орта білім мазмұнын жаңарту аясында қолданылатын нормативтік құжаттар.*
2. *Білім беру мазмұнын жаңарту аясында ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді оқу жоспарына қысқаша шолу*

«География» пәндерінің білім беру бағдарламаларының негізгі мақсаты пәннің мазмұнын сапалы меңгеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар, басқа пәндермен сабақтастық арқылы жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениеттің үздік дәстүрлерінің негізінде оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту болып табылады.

«География» пәні. «География» пәні табиғи, қоғамдық, әлеуметтік нысандарды, құбылыстарды, үдерістерді бірлікте қарастыратын маңызды пән болып табылады және табиғаттың, халықтың және қоғамның өзара әрекеттесу проблемаларының кең ауқымын қамтиды. Бұл пән оқушыларды түрлі географиялық жағдайларда адамдардың өмір сүру деңгейі, шаруашылықтың жүргізілуі жайлы деректермен таныстыра отырып, адамзаттың өмір сүру ортасын кешенді қарастырады және дүниені нақты заңдар бойынша қалыптасып, дамитын аумақтық табиғи-қоғамдық жүйелер түрінде қабылдауды қалыптастырады.

Географиялық білім жергілікті және ғаламдық деңгейлерді қамтитын көптеген геосаяси, саяси, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық сипатқа ие проблемалардың шешімін, географиялық заңдылықтарды түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ қоғамның аумақтық бөлінісін ұйымдастырудың және табиғатты пайдаланудың тиімді жолдарын дәлелдеуге, қоғамның қауіпсіз даму стратегияларының негізін жасауға, белгілі бір уақыт пен кеңістікте қоршаған табиғи ортаны тиімді пайдалану және сақтау проблемаларын шешуге мүмкіндік береді.

«География» пәнін негізгі орта білім деңгейінде (7-9-сыныптар) оқытудың мақсаты дүниенің географиялық бейнесін тұтас қабылдай білетін, географиялық ойлау қабілеті дамыған, географияның әдістері мен тілін білетін және қолданатын, географиялық мәдениеті бар тұлға тәрбиелеу үшін оқушылардың білік пен дағдыларын қалыптастыру және дамыту болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттерді шешу қажет болады:

- географияның ғылыми пән ретіндегі рөлі мен оның қазіргі заманғы адамзат мәселелерін, сондай-ақ ғаламдық мәселелерді шешудегі әлеуетін түсінуге мүмкіндік беру;
- оқушылардың бойында табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланыстарға, осы байланыстардың кеңістіктік ерекшеліктеріне ғылыми көзқарастарды қалыптастыру;
- қоғамдық өндірістің, табиғатты қорғау мен табиғатты тиімді пайдаланудың ғылымижаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық негіздерін ашу;
- оқушылардың географиялық зерттеу әдістері мен зерттеу дағдыларын игеруіне ықпал жасау;
- оқушылардың география ғылымының түсініктері мен терминдерін меңгеруіне ықпал жасау;
- оқушылардың кеңістіктік ойлауы мен картографиялық дағдыларын қалыптастыру;
- географиялық білімді күнделікті өмірде, өз іс-тәжірибесінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Жалпы орта білім деңгейінде «География» пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаты – оқушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау. Аталған мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттерді шешу қажет:

- оқушылардың бойында географиялық кеңістіктік ойлауды, географиялық мәдениет пен тілді дамыту;
- геоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдар туралы түсінікті дамыту;
- оқушыларға картографияны, геоэкологияны, геоэкономиканы, геосаясатты, елтану мен адамзаттың ғаламдық проблемаларын зерттеу барысында геокеңістіктік деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдану үшін жағдай жасау;
- оқушының бойында қазіргі дүниенің географиялық көрінісін іс-әрекеттер арқылы зерттеп-тану барысында құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- геокеңістіктік әдістер және деректермен жұмыс істейтін мамандық пен кәсіп иелері атқаратын әрекеттерді орындату арқылы оқушыларға кәсіби бағдар беру (оқу бағдарламасы, 10-11-сыныптар).

«Жаратылыстану» пәні. Негізгі орта білім деңгейінде оқушылардың білімге құштарлығын арттыру, әлем жайлы ой-өрісін кеңейту, ғылымды ұғыну және қоршаған әлем туралы біртұтас көзқарас қалыптастыру, қоршаған әлемді бағалай және қорғай білу біліктерін дамыту жаратылыстану бағытында білім берудің басты шарты болып табылады. Осы деңгейде «Жаратылыстану» пәнін оқу оқушыларға қоршаған әлемнің көп қырлылығын, табиғи құбылыстар мен үдерістердің өзара байланысын, өлі және тірі табиғатта болып жатқан кейбір табиғи құбылыстар мен үдерістердің себептерін, көптүрлі табиғат құбылыстары мен нысандарын жүйелеу қағидаттарын, жаратылыстану бағытындағы білімнің адамның көптеген іс-әрекеттері үшін маңызын түсінуге мүмкіндік береді.

Жалпы орта білім деңгейінде бұл оқу бағдарламасы жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Химия», «Физика», «Биология», «География» пәндерін қисынды түрде сабақтастырады. Жалпы орта білім деңгейіндегі қоғамдық-гуманитарлық бағытта жаратылыстану «Физика», «Химия», және «Биология» пәндерін кіріктіреді (2-кесте).

2-кесте. «Жаратылыстану» пәні: сабақтастық және ықпалдастық

Орта білім деңгейі/ сынып, пәні				
негізгі	5-6-сыныптар		Жаратылыстану	
	7-9-сыныптар		Химия	
			Биология	
			Физика	
			География	
жалпы	Жаратылыстану-математикалық бағыт		Қоғамдық-гуманитарлық бағыт	
	10-11-сыныптар	Химия (тереңдетілген деңгей)	10-11-сыныптар	Жаратылыстану (стандартты деңгей): химия, биология, физиканы ықпалдастыру
		Биология (тереңдетілген деңгей)		
		Физика (тереңдетілген деңгей)		
		География (стандартты деңгей)		
		География (тереңдетілген деңгей)		

Негізгі орта білім деңгейінде «Жаратылыстану» пәнін оқытудың мақсаты оқушыларды жаратылыстану ғылымы тұрғысынан табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың біртұтастығы туралы білім, ұғым, түсінік қалыптастыру және білімдерін күнделікті өмірде кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған.

Осы мақсатқа жету келесі міндеттерді шешу арқылы қамтамасыз етіледі:

- әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан қалыптасқан бейнесі мен жаратылыстану ғылымдарының әдістері туралы білім негіздерін қалыптастыру; жаратылыстанудың техника мен технология дамуына елеулі ықпал еткен маңызды идеяларымен, жетістіктерімен таныстыру;
- білімдерін қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру үшін қолдану және бұқаралық ақпараттық құралдар, интернет ресурстары, арнайы және ғылыми-көпшілік әдебиеттерден алынған жаратылыстану ғылымы тұрғысынан және өмірлік маңызды мазмұны бар ақпаратты қабылдау біліктіліктеріне ие болу;
- зияткерлік, шығармашылық қабілеттерді, сын тұрғысынан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану ғылымдық ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында дамыту;
- күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдану.

Жалпы орта білім беру деңгейінде 10-11-сыныптарға арналған «Жаратылыстану» пәнінің мақсаты: әлемдегі жаратылыстану ғылымы бейнесіндегі заманауи білімді және жаратылыстану ғылымының танымдық әдістемелерін меңгеру; жаратылыстанудың жетістіктері мен аса маңызды идеяларымен таныс болу, табиғатқа әсер ететін белгілерді айқындау, техника және технологиялардың дамуына, экологиялық проблемаларды шешудегі технологиялардың рөлін бағалау. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттерді шешу көзделеді:

- табиғат туралы білім жүйесін, табиғи және жасанды жүйелерді қалыптастыру;
- күнделікті адам өміріне қажетті интеллектуалдық және эксперименталдық білік пен дағдыларды қалыптастыру;
- оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік жұмыстарының тәжірибелерін қалыптастыру;

- сын тұрғысынан ойлау және эмоционалдық құндылық қатынастар негізінде ғылыми түсініктер жүйесін дамыту;

- функционалдық сауаттылықты, оқу және практикалық тапсырмаларды шешу үшін базалық және пәндік біліктілікті қалыптастыру.

«География» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша оқу бағдарламалары білім құндылықтарының және нақты пәнді оқыту нәтижелерінің өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын іске асыруға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламаларының ерекшелігі ретінде олардың тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғанын атауға болады. Оқу мақсаттарының жүйесі білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, проблемаларды шешу және шешім қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларды дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейінгіде жетістігінің кепілі болып табылады.

«География» пәні бойынша оқу мақсаттары негізгі орта білім деңгейінде – алты бөлімге, ал жалпы орта білім беру деңгейінде жеті бөлімге бөлінеді, ал «Жаратылыстану» пәні бойынша оқу мақсаттары негізгі орта білім деңгейінде – жеті бөлімге, жалпы орта білім деңгейінде сегіз бөлімге бөлінеді. Бұл бөлімдер меңгерілетін білік пен дағды, тақырып, білім мен түсінік деңгейіне қарай бөлімшелерге бөлінеді. Оқу мақсаттары осы бөлімшелер аясында топтастырылған. Оқу мақсаты әр бөлімшенің аясында оқушылардың қаншалықты алға ілгерілегенін көрсетеді, бұл мұғалімдерге жұмысын жоспарлап, оқушыларды бағалап және алдағы уақытта олардың қандай шешім қабылдауы қажеттігін анықтап, оны оқушыларға жеткізуге негіз болады. Сонымен қатар, осы пәндер бойынша әзірленген оқу бағдарламаларына негіз болған маңызды қағидат білім беру бағдарламасының спиральділік қағидаты болып табылады.

Спиральді білім беру бағдарламасы

Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «*Білім беру үдерісі*» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Оның пікірінше, ең күрделі материалдың өзі дұрыс құрылымдалып, дұрыс ұсынылатын болса, оны тіпті кішкентай балалар да түсіне алады. Сонымен қатар, «жұмыстау негізіне баланың бұрынғы өз тәжірибесі перне қоры, мағлұматы салынып, дәл айтқанда, балаға танымал жақын нәрседен басталғаны» абзал (Ж. Аймауытұлы, 1929).

Джером Брунер адамның танымдық қабілеті шартты түрде бөлінген үш сатыдан тұрады деп тұжырымдайды:

- белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу);
- бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу); - таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу).

Бұл спиральді білім беру бағдарламасы тұжырымының дамуына себеп болған. Джером Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды;
- әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі;
- жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.

Спиральді білім беру бағдарламасын жақтаушылар оның төмендегідей басымдықтарына назар аударады:

- оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады;
- спиральді білім беру бағдарламасы қарапайым идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді;
- оқушыларды межеленген оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

Орта білім мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып, одан әрі дамытылып отыратын спиральді білім беру бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөлімдер мен бөлімшелерге топтастырылған. Оқушылардың сыныптан сыныпқа көшу барысында алға ілгерілеуіне орай, олар өздерінің дағдыларды меңгеріп, түсінуіне анағұрлым сенімді бола түседі. Мысалы, негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Жаратылыстану» пәні бойынша «Ғалам. Жер. Адам» бөлімінің «Халық географиясы» (3-кесте) бөлімшесі бойынша және «География» пәні бойынша «Әлеуметтік география» бөлімінің «Халық географиясы» бөлімшесі (4-кесте) бойынша білім беру бағдарламасының спиральділігі, яғни оқушылардың алға ілгерілеуі айқын көрінеді, себебі сыныптан сыныпқа жоғарылаған сайын оқу материалы күрделене береді.

3-кесте. «Жаратылыстану» пәні

5-сынып	5.2.7.1 дүние жүзі халқының нәсілдік құрамын және негізгі нәсілдер мен нәсіл аралық топтардың таралу аймақтарын анықтау
6-сынып	6.2.7.1 халықтың қоныстану заңдылықтарын анықтау

4-кесте. «География» пәні

7-сынып	7.4.1.3 халықтың этникалық және діни құрамына байланысты дүние жүзінің тарихи-мәдени (өркениеттік) аймақтарының қалыптасуын түсіндіреді
8-сынып	8.4.1.3 елдердің демографиялық жағдайын талдап, басты демографиялық көрсеткіштерін есептейді (халық саны, туу және өлім коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жас-жыныстық көрсеткіштер, ұлттық және діни құрам)
9-сынып	9.4.1.3 Қазақстандағы көші-қон үдерістерін талдап, басты бағыттарын анықтайды

Сыныптан сыныпқа өткен сайын алға ілгерілеу арқылы оқушылар өздерінің дүниетанымын кеңейтуге көмектесетін дереккөздерді қалай және не үшін пайдаланатыны тұрғысынан түсініп әрі бағамдай отырып, өздері сүйенетін дереккөздер ауқымын кеңейтуге көмектесетін білім қорын толықтыра алады. Оқу барысында оқушының жасы мен тәжірибесі де өз бетінше шешім қабылдауына көмектеседі.

Қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі

Бөлімі	Әлеуметтік география
Мұғалімнің аты-жөні:	


Күні:	
Сыныбы: 9	Қатысқандар: 29 Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы:	Урбандалу үдерісі. Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға беру.
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары:	9.4.1.11 урбандалу үдерісінің себеп-салдарын түсіндіру арқылы байланысты проблемалардың шешу жолдарын ұсынады. 9.4.1.12 Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға береді.
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: Урбандалу үдерісіне сипаттама береді, себеп-салдарымен танысады. Басым бөлігі: Қазақстандағы урбандалудың даму деңгейімен танысады, қалаларды топтарға бөліп қарастырады, екі негізгі белгісін анықтайды. Кейбірі: Қала агломерацияларының пайда болуының екі түрі мен тәсілін анықтайды, урбандалу деңгейлерінің көрсеткіш және аумақты айырмашылықтарын сипаттайды.

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту. 7 мин	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен амандасу, түгендеу. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.	Мұғаліммен сәлемдеседі.		Оқулық, жұмыс дәптері. Интерактивті тақта
Жаңа сабаққа кіріспе	«Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау.	1. Урбандалу үдерісі дегеніміз не? 2. Қала агломерациясы ұғымы дегеніміз не? 3. «Хаб» ұғымына анықтама бер? 4. Моноқаланың қандай елді – мекен екеніні анықта?	«Диалог және қолдау көрсету» тәсілі арқылы көрінеді.	

<p>Сабақтың ортасы 31 мин.</p>	<p>«Қазақстандағы урбандалу үдерісі» тақырыбында бейнебаяны көрсетіледі.</p> <p>«Бейнебаяннан кейінгі ой» әдісі арқылы жетелеу сұрақтарын қоя отырып, оқушылардың жаңа тақырып туралы ойын білу</p> <p>1-тапсырма: А)Қала халқының тығыздығын анықтауға есептер ұсынылды. 1 000 000 халқы бар қаланың ауданы 100 шаршы шақырым. Қаладағы халықтың тығыздығын анықтаңыз.</p> <p>Б) Халықтың өсу қарқынын анықтауға берілген есеп: Шымкент қаласының халық саны 10 жыл бұрын 500 000 болса, қазір 1 000 000, қала халқының өсу қарқынын есептеңіз.</p>	<p>Оқушылар есептің шешу жолы ретінде мына формуланы негізге алды:</p> $\text{халық тығыздығы} = (\text{жалпы халық саны} / (\text{жер аумағы} \times 1000000)) \times 100000$ <p>Осылайша оқушылар 1 шаршы шақырымға 10000 тұрғыннан келетінін анықтады.</p> <p>Оқушыларға есепті шығару үшін мына формула берілді:</p> $\text{Халықтың өсу қарқыны} = (\text{қазіргі халық саны} / (\text{бұрынғы халық саны})) \times 100\%$ 	<p>Оқушыларды тапсырмаларды дұрыс орындауына байланысты «Жарайсың», «Жақсы», «Талпын» стикерлері арқылы бағалау.</p> <p>Дескриптор:</p> <p>1.Берілген есептегі қала халқының тығыздығын анықтайды.</p> <p>Дескриптор:</p> <p>1.Қала халқының өсу қарқынын есептейді, шығару жолын түсіндіреді.</p> <p>2. Шымкент қаласының халқы туралы мәліметтер айтады, картадан көрсетеді.</p> <p>Дескриптор:</p> <p>1. Қазіргі әлемдегі көшбасшы аудандар Солтүстік Америка мен Еуропада урбандалу деңгейін анықтайды.</p>	<p>https://youtu.be/watch?v=s7TfJndd2cY&feature=share</p> 
--------------------------------	--	---	---	--

	<p>2-тапсырма: 102-104 беттерде берілген кесте бойынша (9-сынып, География оқулығы, Усиков В., 2019ж) Қазақстан және бірнеше елдердегі урбандалу деңгейін салыстырып, талдап, картадан көрсетіндер</p>		<p>2. Біздің елімізде көшбасшы елдер қатарына қосылуға және жаңғыру мәселелерін шешуде қала халқының үлесін талдайды.</p> <p>3. Елдегі урбандалу деңгейі ең жоғары және ең төмен облысты анықтап, салыстырады.</p>	<table border="1"> <tr> <td>76</td> <td>Дүниежүзі және аймақтық / ЕҚ және аймақтық</td> <td></td> </tr> <tr> <td>81</td> <td>Солтүстік Америка</td> <td></td> </tr> <tr> <td>82</td> <td>Латын Америкасы</td> <td>Орталық</td> </tr> <tr> <td>74</td> <td>Еуропа</td> <td></td> </tr> <tr> <td>09</td> <td>Аустралия және оқушының елдері</td> <td></td> </tr> <tr> <td>07</td> <td>ТМД</td> <td>Солтүстік</td> </tr> <tr> <td>04</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>02</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>58</td> <td>Шығыс</td> <td>Кіші Азия</td> </tr> <tr> <td>34</td> <td>Дүниежүзі</td> <td>Батыс</td> </tr> <tr> <td>31</td> <td></td> <td>Оңтүстік</td> </tr> <tr> <td>08</td> <td>Азия</td> <td></td> </tr> <tr> <td>47</td> <td>Африка</td> <td></td> </tr> </table>	76	Дүниежүзі және аймақтық / ЕҚ және аймақтық		81	Солтүстік Америка		82	Латын Америкасы	Орталық	74	Еуропа		09	Аустралия және оқушының елдері		07	ТМД	Солтүстік	04			02			58	Шығыс	Кіші Азия	34	Дүниежүзі	Батыс	31		Оңтүстік	08	Азия		47	Африка	
76	Дүниежүзі және аймақтық / ЕҚ және аймақтық																																										
81	Солтүстік Америка																																										
82	Латын Америкасы	Орталық																																									
74	Еуропа																																										
09	Аустралия және оқушының елдері																																										
07	ТМД	Солтүстік																																									
04																																											
02																																											
58	Шығыс	Кіші Азия																																									
34	Дүниежүзі	Батыс																																									
31		Оңтүстік																																									
08	Азия																																										
47	Африка																																										

	<p>3-тапсырма:</p> <p>97-бетте берілген суретті (9-сынып, География оқулығы, Усиков В., 2019ж) пайдалана отырып, агломерациялардың басты айырмашылығы неде және олардың қайсылары басты қалалардың «серіктестері» болып табылатынын анықтаңыздар.</p>	 <p>288 сурет. Қазақстанның негізгі агломерацияларының маңындар</p>	<p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Агломерация ұғымына түсіндіреді. 2. Алматы және Қарағанды – Теміртау агломерациялары қандай елді мекенді құрайтынын талдайды. 3. Алматы агломерациясына жататын елді мекендердің өндірістік әлеуетіне баға береді. 4. Қарағанды көмір алабындағы агломерацияның құрылу жолын анықтайды. 	<p>9 сынып оқулығы, кескін карта.</p>  
--	---	--	--	--

<p>Сабақтың соңы 7 мин.</p>	<p>«Еркін микрофон» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.</p>	<p>Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсатына жеткізетін тапсырмалар орындауына қарай, өз түсінгенін, пікірін, өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.</p>	<p>Мұғалім оқушыларды «Жапондық бағалау» әдісі арқылы бағалайды. Яғни «Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушыларға сабақ барысында берілген стикерлерге байланысты және сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.</p>	 
---------------------------------	--	--	--	---

Қосымша 2

Бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгісі

9-сынып. Бөлім: «Әлеуметтік география». Бөлімше «Халықтар географиясы» бойынша жиынтық бағалау

Тақырып:	Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы. Қазақстандағы демографиялық жағдай. Урбандалу үдерісі. Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға беру.
Оқу мақсаты:	<p>9.4.1.1 Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамын анықтайды.</p> <p>9.4.1.6 Қазақстанның демографиялық жағдайын талдап, демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады.</p> <p>9.4.1.11 Урбандалу үдерісінің себеп салдарын түсіндіру арқылы байланысты проблемалардың шешу жолдарын ұсынады</p> <p>9.4.1.12 Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға береді.</p>
Бағалау критерийі:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы бойынша ажыратады. 2. Қазақстандағы демографиялық проблемаларды талдайды. 3. Урбандалудың себеп-салдарын түсіндіруге байланысты мәселелерді шешу жолдарын ұсынады.
Орындалу уақыты:	20 минут.

Тапсырма:

1. Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамын сипаттаңыз.

А) Мемлекетіміздің этникалық құрамының ең негізгі ерекшелігін ата.


Ә) Ұлттық және әлемдік діндер арасындағы айырмашылықтар неде? Әлемдік діндерге мысал келтір.

2. Қазақстанның демографиялық саясатта негізгі ұстанымына мысалдар келтіреді.

А) Облыстар мен қалаларды табиғи өсім мөлшеріне байланысты топта. Нәтижесін кестеден көрсет.

Табиғи өсім			
Төмен 6‰ - ден аз	Орташа (6 – 12 ‰)	Жоғары (12 - 18‰)	Өте жоғары 18‰ және одан көп


3.



А) Венн диаграммасы арқылы қазіргі әлемдегі көшбасшы аудандарды мысалға ала отырып(Брюссель, Париж, Рейкьявик), еліміздің урбандалу деңгейімен салыстыр(Астана, Алматы, Шымкент).

Ә) Қазақстандағы урбандалу деңгейі ең жоғары облыстың проблемаларының шешу жолын ұсыныңдар.

Брюссель Астана



Бағалау критерийі	Тапсырмалар	Дескриптор	Балл
1. Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы бойынша	№1	Ұлттық және діни құрамына сипаттама береді.	1
		Этникалық топтың ерекшелігін атайды.	1

ажыратады.		Ұлттық және әлемдік діндердің арасындағы айырмашылықтарды анықтайды.	1
2. Қазақстандағы демографиялық проблемаларды талдайды.	№2	Демографиялық саясатқа түсіндірме береді.	1
		Облыстар мен қалаларды табиғи өсім мөлшеріне байланысты топқа бөледі.	1
3. Урбандалудың себеп-салдарын түсіндіруге байланысты мәселелерді шешу жолдарын ұсынады.	№3	Халық саны бойынша қалаларды жіктейді.	1
		Венн диаграммасы арқылы көшбасшы қалалар мен Қазақстан қалаларының урбандалу деңгейін салыстырады.	2
		Еліміздегі урбандалу деңгейі ең жоғары облыстың транзиттік жолдары, ауаның ластануы, қаланың тазалығы және т.б. шешу жолдарын ұсынады.	2
		Барлығы	10 балл

9-сынып. Бөлім: «Әлеуметтік география». Бөлімше: «Халықтар географиясы» бойынша жиынтық бағалау нәтижесін талдау рубрикасы

Оқушының аты-жөні:	Мектебі:	Пәні: География	Сыныбы: 9
«Халықтар географиясы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау нәтижесі			
Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	төмен	орта	жоғары
Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы бойынша ажыратады.	Ұлттық және діни құрамды ажыратуда қиналады.	Берілген мәліметтерді қолданып, діни құрамды анықтауда қателіктер жібереді.	Қазақстан халқының ұлттық және діни сипаттайды және әлемдік діндер арасындағы айырмашылықтарды анықтайды.
Қазақстандағы демографиялық проблемаларды талдайды.	Қазақстанның демографиялық проблемаларын талдауда қиналады.	Демографиялық проблемаларды шешу жолын ұсынуда қателіктер жібереді.	Демографиялық жағдайларды талдайды және оны шешудің жолдарын ұсынады, өмірмен байланыстары отырып мысалдар

			келтіреді.
Урбандалудың себеп-салдарын түсіндіруге байланысты мәселелерді шешу жолдарын ұсынады.	Урбандалудың себеп-салдарын түсіндіре алмайды.	Халық саны бойынша қалаларды жіктеуді қателіктер жібереді.	Қазірге әлемдегі көшбасшы қалаларды мысалға ала отырып еліміздің урбандалу деңгейімен салыстырады.
Мұғалімнің пікірі:			

9-сынып. 3-тоқсан бойынша жиынтық бағалау спецификациясы

3-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

Ұзақтығы – 45 минут

Балл саны – 25

Тапсырманың түрлері:

ҚЖ – қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар;

ТЖ – толық жауапты қажет ететін тапсырмалар.

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Берілген нұсқа қысқа және толық жауапты қажет ететін 8 тапсырмадан тұрады.

Білім алушы қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға сөз немесе қысқа сөйлемдер жазу арқылы жауап береді. Толық жауапты қажет ететін сұрақтарға толық жауап беруі қажет. Оқушының географиялық біліміне талдау жасай алу және қолдана алу қабілеті де бағаланады.

9-сынып «География» пәнінен 3-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1. Төменде берілген мәтінді оқыңыз және сұрақтарға жауап беріңіз.

Каспий маңы ойпатынан Алтай тауларына дейін 2200 км ге созылған алқапты алып жатыр және еліміздің аумағының 20%-ын қамтиды. Ландшафтың зоналық типтері құрғақ климат жағдайында қалыптасқан. Зонаның жер бедеріне Орал маңы үстіртінің шығыс бөлігі және Батыс Сібір ойпатының оңтүстік-батыс бөлігі, Қазақтың Ұсақ шоқысының солтүстік аумағы кіреді. Зонада өзен аңғарлары, көл қазаншұңқырлары орналасқан және бұл жер пішіндері жергілікті ауа-райы мен топырақ пен су торларына әсерін тигізеді.

а). Бұл жерде қай табиғат зонасы туралы айтылған? _____ 1балл


ә). Табиғат зонасының кез келген кешенін атаңыз анықтаңыз _____ 1балл

б). Сол табиғи кешеннің ерекшелігін жазыңыз _____ 1балл

2. Берілген кестені толтырыңыз, кескін картаға халықтардың таралу аймақтарын белгілеңіз.

Қазақстанда мекендейтін ұлттар	Ұстанатын діні	Қазақстанда таралу аймағы
орыс	христиан	
өзбек		Оңтүстік және орталық аймақта
кәріс		

2 балл




1 балл

3. Төменде берілген кестеге халық миграциясы сальдосын есептеп, жазыңыз.

Халық	2021 жылы қаңтар-сәуір	2022 жылы қаңтар-сәуір
Жалпы миграция		
Келушілердің саны	158 745	395 412
Кетушілердің саны	168 725	402 598
Миграция сальдосы		
Оның себебі		


2 балл

4. Кескін картаға Қазақстандағы 1 миллионер қаланы, 1 ірі қаланы, 1 орташа қаланы және 1 кіші қаланы белгілеңіз.



2 балл

5. Суретте көрсетілген таулардағы биіктік белдеулерін салыстырыңыз.




- а) биіктік белдеулерінің санын анықтаңыз _____ 1 балл
 ә) биіктік белдеулеріндегі ұқсастықтарды жазыңыз _____ 1 балл
 б) биіктік белдеулеріндегі айырмашылықтарды анықтаңыз _____ 1 балл

6. Кескін картаға Қазақстандағы қорықтарды белгілеңіз және берілген жоспар негізінде таңдаған 1 қорығыңызды сипаттаңыз:

1. Ақсу-Жабағылы
2. Алакөл

3. Алматы
4. Барсакелмес
5. Батыс Алтай
6. Қаратау
7. Қорғалжын
8. Марқакөл
9. Наурызым
10. Үстірт



- А) қорықтың атауы мен оның құрылған жылы _____ 1 балл
- Ә) қорық орналасқан (облыс) _____ 1 балл
- Б) қорықтағы қорғалатын жануарлар мен өсімдіктердің түрлері _____ 1 балл
- В) қорықтың құрылу мақсаты мен маңыздылығы _____ 1 балл

1. Төмендегі суреттер бойынша өз талдауыңызды жасаңыз.



- а) табиғатта өсімдіктердің азаюына әсер ететін адами факторларды атаңыз. _____ 1 балл
- ә) табиғаттағы жануарлардың азаюына әсер ететін адами факторларды атаңыз _____ 1 балл
- б) адам үшін өсімдік пен жануардың маңызын жазыңыз. _____ 1 балл
- в) биологиялық ресурстарды қорғаудың жолын қарастырыңыз _____ 1 балл

2. Өзіңіз тұратын аймақта кездесетін табиғи ресурстың бір түріне берілген жоспар бойынша талдау жасаңыз:

- а) табиғат ресурсының жергілікті жер үшін маңыздылығына бір дәлел келтіріңіз _____ 1 балл
- ә) табиғи ресурстың жергілікті жердің экономикасын дамытудағы үлесіне бір дәлел келтіріңіз _____ 1 балл
- б) пайдалану кезінде қоршаған ортаға әсерін бір мысалмен жазыңыз _____ 1 балл
- в) экономикалық маңызы мен экологиялық әсерін салыстырып, қорытынды жазыңыз _____ 1 балл

9-сынып «География» пәнінен 3-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмаларына балл қою кестесі

Тапсырма	жауаптар	балл	Қосымша ақпарат
№1	а) дала зонасы	1	
	ә) Ертіс өзені	1	
	б) Қазақстанның ең ірі өзені	1	
№2	а) корей-будда, Алматы облысы	1	
	өзбек- ислам, Түркістан облысы	1	
	ә) ұлттардың орналасуын кескін картада белгілесе	1	
№3	-9980	1	
	-7176	1	
№4	а)Алматы - Астана	1	Басқа да дұрыс жауаптар қабылданады
	ә) Ерейментау - Қарағанды	1	
	б) Семей - Астана		
№5	а) 7	1	
	ә)шөлді, шөлейтті, далалы зоналары ұқсас	1	
	б)орманды белдеуден соң айырмашылық жасайды	1	
№6	а)Ақсу-Жабағылы, 1926	1	Басқа да дұрыс жауаптар қабылданады
	ә)Түркістан облысының Түлкібас ауданы	1	
	б)қына, балдыр, мүк; марал, елік, қабан	1	
	в)мақсаты мен маңыздылығын жазса	1	
№7	а) орман ағаштарын кесу	1	Басқа да дұрыс жауаптар қабылданады
	ә) браконьерлік әрекет	1	
	б)таза ауа мен адам қажеттілігін өтейтін заттар	1	
	в)заң негіздерін қарастыру, жойылып бара жатқан түрлерін қорғауға алу.	1	
№8	а) адамның өмір сүруіне қажетті барлық материалдық, энергетикалық нысан негізі	1	Басқа да дұрыс жауаптар қабылданады
	ә)туризмді дамыту арқылы жергілікті халықты жұмыспен қамту	1	
	б) туристердің табиғатты ластау мүмкіндігі,	1	
	в) топырақтың ластануы	1	

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Географияны оқыту барысында оқушыларға табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланыс қалай түсіндіріледі?
2. Географиялық білімді оқытуда заманауи ақпараттық технологиялар мен картографиялық құралдардың рөлі қандай?
3. География пәнін оқытудың әдіс-тәсілдері мен оқытудың инновациялық әдістері туралы не білесіз?
4. Орта мектепте география пәнін оқыту барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту жолдары қандай?
5. География пәнін оқытудың нәтижелері қандай болуы тиіс және оларды бағалау қалай жүзеге асырылады?

ЛЕКЦИЯ №4. ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ. ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

1. *«География» пәнін оқытудағы педагогикалық тәсілдер*
2. *Оқу үдерісінде белсенді оқу әдістерін қолдану*
3. *Белсенді мұғалім мен белсенді оқушы*

Оқу үдерісінің тиімділігін арттыру көп жағдайда сабақ барысында оқушылардың танымдық белсенділігін дамытатын және оқу үдерісін күшейтетін оқыту түрлері мен тәсілдеріне байланысты.

География мен жаратылыстануды оқыту тәжірибесінде сабақ, дәріс, практикум, экскурсия, конференция, қосымша факультативтік сабақтар арқылы оқыту түрлері және келесі тәсілдер кеңінен қолданылады: әңгімелеу, сұхбат, кітаппен жұмыс істеу, бақылау, эксперимент, экрандық оқу құралдарын пайдалану, тәжірибелік жұмыс, жоба жұмысы. Сонымен қатар, қазіргі кезде сабақтарда модельдеу әдістері, ойша модель құрастыру, математикалық модельдеу әдістері де кеңінен қолданылады.

Сабақ – сыныпта оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі үлгісі болып табылады. География және жаратылыстану сабақтарында сабақтың келесі түрлері қолданылады: жаңа білімді игеру сабағы, білімді тәжірибеде қолдану сабағы, өткен тақырыпты пысықтау және қайталау сабағы, білімді бақылау және жинақтау сабағы, аралас сабақ. Сабақтың түрі сабақтың дидактикалық мақсаттарына байланысты таңдалады. Жеке, жұптық, топтық және ұжымдық оқу жұмысы арқылы оқыту түрлері сабақтың барлық түрлеріне ортақ болып табылады:

жеке – оқушының тапсырманы өздігінен орындауы;

жұптық – «оқушы-оқушы», «мұғалім-оқушы» режиміндегі жұмыс;

топтық – топ мүшелерінің санына қарай шағын топтағы (3-5 адам) жұмыс және жалпы сыныптық жұмыс (бүкіл сынып) түрінде өтуі мүмкін, мұнда барлық оқушы бір тапсырманы (тақырыпты) немесе оның бір бөлігін орындайды;

ұжымдық, яғни құрамы ауысып отыратын жұптардағы жұмыс, мұнда әр оқушы жеке тақырыпты немесе тапсырманы орындайды және әр серіктесіне оны түсіндіреді.

Пәндерді оқытуда **әңгімелеу әдісі** кеңінен қолданылады. *Әңгімелеу* мазмұндаудың негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Мұғалім әңгімелеу арқылы материалдың мазмұнын түсіндіреді. Географияны оқытуда әңгімелеу сабақ уақытының аз бөлігін алып, әдістемелік талаптарға сай келуі тиіс:

1. әңгіме қысқа болуы керек (5-15 минут);
2. әңгімелеу барысында жаңа терминдерге арнайы тоқталып, тақтаға жазу және қажет жағдайда оқушылардың дәптеріне жазып алуларына мүмкіндік беру керек;
3. сабақта қолданылатын көрнекіліктер мен карталарды алдын ала дайындап, көрінетін жерге іліп қойған дұрыс;

4. ұғалімнің сөздері түсінікті және сөздерді орынсыз қайталау, бұрмалау болмауы керек,
5. мұғалімнің әңгімелеуі эмоционалды тұрғыда әсерлі болуы тиіс;
6. мұғалім оқулықта берілген мәтінді сол күйінде қайталап айтуына болмайды.

Семинар. Оқушылар сұрақтарға алдына ала дайындалған жоспар бойынша, әртүрлі әдебиеттермен және дереккөздермен жұмыс істеу арқылы дайындалады. «География» немесе «Жаратылыстану» пәні бойынша семинар сабағында оқушылар берілген сұрақтарды жанжақты талдап, өздерінің көзқарастарын білдіреді. Бұл оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамытып, қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оқу үдерісінде мұғалім семинарға оқушылармен бірге қатысады, ол әртүрлі жолдармен және тәсілдермен олардың оқу- танымдық қызметін ұйымдастырады.

«География» және «Жаратылыстану» пәндерін оқытуда төмендегідей әдістер қолданылады:

1. Білім берудің ауызша және жазбаша түрі. Оған; ауызша баяндау, сұхбат, оқулық және материалдармен жұмыс істеу жатады.
2. Көрнекілік әдісіне оқушының өз бетінше бақылау, тәжірибе жүргізуі мен көрнекі құралдар жасауы жатады. Сонымен қатар, карталарды және басқа да картографиялық құралдармен жұмыс істеуді жатқызуға болады.
3. Тәжірибелік оқытуға оқушылардың өздері орындайтын оқу әрекеттерін жатқызуға болады. Географияны оқытуда жиі қолданылатын тәжірибелік жұмыстарға жергілікті жерді түсіруде жүргізілетін тәжірибелік жұмыстар, жергілікті жердің жоспарын сызу, белгілі бір нысанды суретке түсіру, абсолюттік биіктікті анықтау, өзеннің ені мен тереңдігін анықтау

т.б. Географияны оқытуда әрбір әдістің өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан мұғалім сабақ өтуде бұл әдістерді қажеттілігіне қарай қолданып отырады. Мысалы, сабақ өткенде ауызша баяндау, сұхбат және картамен жұмыс істеу әдістерін бірге қолданған орынды.

«География» және «жаратылыстану» пәндерін оқытудағы педагогикалық тәсілдер

Оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) маңызды. Хэтти (Hattie, 2011) білім беру шараларының оқушыларға әсерін талдау үшін жүргізілген 60155 педагогикалық зерттеу аясында 9000-нан аса метаталдау әдісін пайдаланды. Олар алдында қол жеткізген жетістіктерден кейін оқушылардың алға жылжуына мұғалімдердің педагогикалық шеберлігі айтарлықтай септігін тигізетінін дәйекті түрде көрсетті. Мұғалімдер пайдаланатын әдістәсілдер оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалық әдістемелерді жетілдірмей тұрып, білім беру бағдарламасын өзгерту білім беру стандарттарына қатысты реформалау шараларының мүмкіндіктері мен нәтижелілігін төмендетеді.

Білім беру бағдарламасының, оқыту тәсілдерінің және бағалаудың қалай құрылуы қажеттігінің мысалын Хименес-Алейксандренің (Jiménez-Aleixandre, 2008) дәлелдерді құрудың оңтайлы оқу ортасына арналған ұсынысынан көруге болады:

Оқушылар оқу үдерісіне белсене қатысады. Олар білімдерін бағалап, өздері ұсынған қорытындыларының дәлелдерін ұсынуы және бір-біріне сын тұрғысынан қарауы тиіс.

- 1) Мұғалімдер оқушыларға бағытталған және дәлелдерді құру мен талдауға арналған рөлдік модельдер ретінде әрекет ететін *оқыту тәсілдерін* қолданулары керек.
- 2) *Білім беру бағдарламасы* проблемаларды шешудің тәсілдерін қамтуы тиіс.
- 3) Оқушылар мен мұғалімдер пікірлерді *бағалауда* білікті болуы керек және оқушылар тек жазбаша тестілеу бойынша ғана бағаланбауы тиіс.

4) Оқушылар өздерінің алған білімдерін қолдана алуы және білімдердің қалай алынғанын талдай білуі тиіс.

5) Оқушылардың диалогке және бірлескен оқуға қатысу мүмкіндігі болуы тиіс.

«География» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. Бағалау жүйесі «География» және «Жаратылыстану» пәндерін оқытуда критериалды бағалау және оқытуды жоспарлау» тарауында қарастырылады. Сонымен қатар, педагогиканың түрлі аспектілері, атап айтқанда, оқушыға бағдарланған әдістәсілдер, проблемаларды шешу, рефлексиялық оқу және бірлескен оқу тәсілдері қарастырылады.

Оқыту әдістерінің барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделген. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болады. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Оқушылардың алған білімдерімен жұмыс істеуге, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін жаттығуларды орындауға мүмкіндіктері болуы аса маңызды болып табылады.

«География» және «Жаратылыстану» пәндерінің мұғалімдері оқушыларды өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады. Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді әртүрлі оқыту тәсілдерін қолдану арқылы тәрбиелейді және дамытады:

сенімді қатынас пен ынтымақтастық ахуалын қалыптастыру үшін жағдай жасау;

- оқушылардың жеке мүмкіндіктерін және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, сараланған тапсырмалар әзірлеу;
- пәнаралық сипаттағы зерттеу сұрақтары мен тапсырмаларын құрастыру;
- топ жетістікке жетуі үшін әр оқушының түрлі рөлде жұмыс атқаруына мүмкіндік беретін топтық жұмысқа жағдай жасау;
- өз ойын жеткізе білу және дәлелдер келтіре алу, мәселелерді анықтау үшін өз пікірлерін жеткізу, болжам құру және ұсыныс жасау қабілетін дамытуға ынталандыратын жағдайлар жасау;
- оқушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуіне негізделген белсенді оқуды ұйымдастыру;
- оқушылардың сабақта зерттеу жұмыстарын жүргізуі, тәжірибелер жасауы мен түрлі дереккөздерді
- пайдалануын қажет ететін проблемалық жағдаяттар туындату;
- зерттеу тақырыбын өз бетінше таңдауын, жоспарлауын және зерттеу нәтижелерін ұсынуын ұйымдастыру арқылы оқушылардың зерттеу жұмыстарына қызығушылығын қолдау.

Сонымен қатар, «География» және «Жаратылыстану» пәндерін оқытуда мұғалімдер төмендегідей педагогикалық тәсілдерді қолданады:

Құндылықтарға бағдарланған тәсіл

Оқытудағы құндылықтарға бағдарланған тәсіл – оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдалану тәсілі.

Құндылыққа бағдарланған тәсіл оқушы тұлғасының бойында мақсатты түрде құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Құндылықтар – қоғам қолдайтын және адамдардың көпшілігі мойындайтын белгілі нысандардың және құбылыстардың, адамдық қасиеттер мен өзін-өзі ұстау ережелерінің тұлғалық және әлеуметтік-мәдени маңыздылығы. Құндылықтар тұлғаны ынталандырудың өте маңызды факторы ретінде мінез-құлық пен іс-әрекеттерді бағдарлайды. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары орта білім беру құндылықтарының негізі болып табылады. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, өмір бойы оқып-үйрену орта білім берудің құндылықтары ретінде белгіленді.

✓ Тұлғаға бағдарланған тәсіл

Тұлғаға бағдарланған тәсілдің мақсаты оқу үдерісін дараландыру, оқу үдерісінде тұлғаны, оның жеке психикалық және физиологиялық ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен жүріс-тұрыс уәждерін, әлеуетті қабілеттіліктерін ескере отырып үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін толық ашу.

✓ Саралап оқыту тәсілі

Саралап оқыту тәсілі оқу үдерісінің оқушылардың әртүрлі топтарына арнайы бағдарлауды, оқушылардың жеке қабілеттерін ескеру мақсатында әртүрлі топтар үшін әртүрлі нысанда ұйымдастыруды көздейді. Саралап оқыту тәсілі әртүрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін қамтиды. Саралап оқытуды ұйымдастырудың негізгі шарты күрделілігі, танымдық тұрғыдан қызығушылық туғызуы, мұғалім тарапынан берілетін көмектің сипаты жағынан ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану болып табылады.

✓ Коммуникативтік тәсіл

Білім берудегі қатысымдық тәсіл екі немесе одан көп адамдардың сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасау үдерісінде ақпарат беру және хабарлау, білім, білік және дағдылармен алмасуы болып табылады. Қатысымдық тәсілдің нәтижесі тіл арқылы қарым-қатынас жасауға қабілеттілік, яғни тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдаланып, қарым-қатынас жағдайына сай тиімді қатынас тәртібін таңдай отырып, түрлі жағдайларда қарым-қатынас әрекетінің басқа қатысушыларымен ой бөлісу және пікір алмасуға қабілеттілік болып табылады. Қатысымдық тәсілге сәйкес ұйымдастырылған оқу үдерісі қарым-қатынас дағдыларын және шынайы қарым-қатынас жағдайларына сәйкес жұмыс режимдерін қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмаларды қамтуы тиіс (жұптық және топтық жұмыстар).

✓ Іс-әрекеттік тәсіл

Іс-әрекеттік тәсілдің негізгі мазмұны – оқушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі меңгереді, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынады, оның ережелер жүйесін түсінеді және қабылдайды, жетілдіруге белсенді қатысады. Ол өз кезегінде білімнің, біліктердің, оқып-үйрену және кең ауқымды дағдылардың белсенді әрі сәтті қалыптасуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың оқу әрекеттері келесі басты санаттар бойынша топтастырылған: «біледі», «түсінеді», «талдайды», «бағалайды», «жинақтайды».

✓ Жоба орындау тәсілі

Оқу жобасы – оқушының немесе оқушылар тобының ғылыми-зерттеу, шығармашылық немесе тәжірибелік сипаттағы проблемаларды шешуде белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге бағытталған оқу-танымдық әрекеті. Оқу жобасының мақсаты, белгіленген әдіс-тәсілдері мен орындалатын жұмыстардың реті, қорытынды тұжырымы және белгіленген тәртіпке сай рәсімделген нәтижелері болады.

Зерттеу тәсілі оқушылардың зерттеу элементтері бар жұмыстарды өз бетінше орындау біліктерін қалыптастыруды, ізденіс түрінде эксперимент жүргізуді, ғылыми болжамдар ұсынып, олардың дұрыстығын тексеру әдістерін негіздеу дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану (бұдан әрі – АКТ). АКТ қолдану оқу бағдарламасын жүзеге асырудың, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру мен дамытудың, оқу үдерісін дараландырудың қажетті шарты болып табылады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі оқушылардың оқу үдерісінде, бос уақытында және қарым-қатынас барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сауатты және шығармашылықпен қолдана білуін қамтамасыз етеді.

Мұғалімдер оқыту тәжірибесінде оқушылардың оқу үдерісінде және оқу жоспарында ұсынылған тапсырмаларды орындау арқылы оқу мақсаттарына қол жеткізуіне көмектесетін түрлі педагогикалық тәсілдерді ұтымды пайдаланғандары дұрыс. Бұл тапсырмалар әртүрлі дағдыларды дамытуға арналған болуы мүмкін: мәселелерді шешу, материалды жинақтап қорыту, оқып-білген материалды белсенді қайталау үшін бірігіп рефлексия жасау, ақпаратты талдау арқылы қабылдау, ақпаратпен жұмыс істеудің бастапқы және қорытынды кезеңдеріндегі ақпаратты құрылымдау және т.б.

Еліміздің бәсекеге қабілетілігін қамтамасыз ету үшін ғылым мен білім беру салаларын өзара тығыз байланыста қарастыру, оқушылардың мектеп қабырғасынан бастап ғылыми тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту қажет.

Оқу үдерісінде оқушылардың зияткерлік, шығармашылық қабілеттері мен сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту, ғылыми тұрғыдан ойлау дағдылары мен танымдық қабілеттерін дамыту география және жаратылыстану мұғалімдерінің маңызды мақсаттарының бірі болып табылады. Оқу үдерісі оқушының ойлау дағдыларының дамуына ықпал етуі үшін талдау, салыстыру, сәйкестендіру, дербес, ортақ және ерекше белгілерін анықтай білу, абстракцияландыру, жалпылау, қорытынды жасау сияқты ойлау амалдарын қолдануды үйрету керек.

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді ісәрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады.

Оқыту мен оқу үдерістері біртұтас, оларды бір-бірінен ажыратып қарастыруға болмайтынын түсіну маңызды. Мұғалімдердің оқу үдерісін және өз тәжірибесін жетілдіру жолдарын жетік түсінуі оларға тиімді оқуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Белсенді оқу

Оқу үдерісі өзінің табиғаты бойынша ойлаудан тұруы керек және ми құрылымында өзгеріс туғызуға жетелеуге тиіс. Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үдерісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады. Хэтти (2014) адам миы ақпаратты өңдеп, оны түсінуге мүмкіндік беретінін, ал мұғалімнің тоқтаусыз сөйлеуі миға шамадан тыс аса көп ақпарат «жүктемелейтіні» және ол оқушылардың қызығушылығын жоғалтуға әкеліп соғатыны, сол сәтте оқудың нәтижелілігі айтарлықтай төмендеп кететіні туралы біздің хабардар екенімізді мәлімдейді. Ал белсенді оқу, керісінше, оқушылардың белсенді қызметпен айналысу арқылы мұғалім берген ақпараттың мәнін ұғынып, алған білімдерін есте сақтап, оны қолдана алуын қамтамасыз етуді көздейді. Хэттидің мидың қызметін талдай отырып жүргізген шолуы дағдыларды меңгерту шеберлігі тек іс жүзіндегі белсенді қызмет арқылы жүзеге асатынын, демек, оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екендігін көрсетеді. Қызметтің мұндай түрлері оқушылардан өздері тапқан ақпаратты талдау және түсіндіру үшін зерттеу және жоспарлау дағдыларын қолдануды талап етеді, болашақта өз дағдыларын жақсарту мақсатында басқа нәтижелерді бақылауды және талдауды қажет етеді.

Сабақ барысында «баланың өзін еңбектендіріп, бірлестіріп, өз бетімен білім тапқандай қылса», «жұмыстайтын материалдар даяр түрінде емес, балалар тәжірибе қылып, зерттеп, өз бетімен шешкендей, тұрмыс жұмбақ түрінде берілсе» (Ж.Аймауытұлы, 1929) оқудың анағұрлым тиімді болатынын естен шығармаған дұрыс.

Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді.

Сабақта белсенді оқу әдістерін қолдану оқушының өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына, сыныптағы жалпы жұмысқа үлес қосып, қатысқанын сезінуге; оқу үдерісінің белсенді мүшесі болуына, құрдастармен қарым-қатынасының дамуына, танымдық белсенділігінің артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мұғалімнің сабағын қызықты ұйымдастыруына, оқушыларының танымдық әрекетін күшейтіп, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдай түсуіне ықпал етеді.

Белсенді оқудағы мұғалімнің рөлі

«География» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша оқу бағдарламаларының мақсаты оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуге сенімін арттырып, еркін ойлауға үйрету болып табылатындығына қарамастан, мұғалімдердің немқұрайлық танытып, оқушылардың өз бетімен отыруына жол бермеуі аса маңызды. Оқушылар жеке-дара жұмыс істегеннен гөрі, мұғалім қолдау көрсететін белсенді сабақта анағұрлым жақсы үйренеді. Оқушылар алға ілгерілеген сайын, оларға мұғалім тарапынан аса қамқорлықпен қолдау көрсетудің қажеті болмайды, енді олар өздігінен жұмыс істей алады. Осындай оқыту әдісін әрі қарай дамыту үшін мұғалімдер бастапқыда оқушыға жақсы қолдау көрсетіп, кейін оны біртіндеп азайтып отыруы керек. Сырттан көрсетілетін қолдау тоқтағанда ғана, оқушылар жоспарлы нәтижеге қол жеткіздім деп айта алады. Егер оқушыларға өзі білетін дағдыларды ғана қолдануға рұқсат етілсе, олар ештеңені үйренбейді деуге болады. Рата (Rata, 2012) өзін тек «үйлестіруші» ретінде ұстайтын мұғалім «мұғалім» деп аталуға лайықты емес деп тұжырымдайды.

Хэтти (Hattie, 2009) педагогикалық тәсілдердің метаталдауын жүргізіп, мұғалімдер «үйлестіруші» және «жандандырушы» болып табылатын тәсілдердің әсерін салыстырған. Ол қолданған тәсілдерде 0 – ілгерілеудің жоқ екендігін, 0,4 – ілгерілеудің бір жыл мерзімін және 1 – ілгерілеудің екі-үш жылын білдіреді. Мұғалім тек үйлестіруші рөлін атқарған тәсілдердің орташа әсері – 0,17, мұнымен салыстырғанда мұғалім ынталандырушы болған (мәселен, кері байланыс ұсыну, оқыту шеберлігі, күрделі мақсаттар қою және т.б.) оқыту тәсілдерінің орташа әсер мөлшері 0,60 болған.

Э.Берн ұсынған өзара қарым-қатынастың транзактілік талдауы оқушы мен мұғалім арасында туындауы мүмкін келіспеушіліктер мен қақтығыстардың себебін жақсы түсіндіреді. Мұғалімнің ең алдымен оқушының оқуға деген уәжін қалыптастыруға баса назар аударғаны дұрыс, себебі жеке тұлға ретінде және кәсіби тұрғыдан өсу осы психологиялық өлшеммен тығыз байланысты. Оқушыға тиісті еркіндік беру, топтық жұмыс түрлерін ұйымдастыру, оқу материалын маңызды ақпараттармен қамтамасыз ету оқушының оқуға деген ішкі уәжіне игі ықпал етеді. Сонымен қатар, заман талабына сай оқушысына берері, айтары көп болуы үшін мұғалімнің өзі де үнемі білімін жаңартып, жетілдіріп отыруы тиіс.

Мұғалімдер кері байланыстың көмегімен және модельдеу, көрсету, сұрақ қою, бақылау, танымдық ойын түрлерін қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерінің ілгерілеуіне үнемі қолдау көрсетуі керек. Оқушылардың пән бойынша терең білім алу мұғалімдердің дағдыларына да байланысты, яғни олар оқушылардың жаңа білімдерін бұған дейінгі білімдерімен ұштастыра алуын бақылай білулері маңызды. Бұл үдеріс әр оқушының жеке дағдысы мен қабілеттеріне байланысты әртүрлі болады. Сол себепті мұғалімдер әр оқушы үшін оқу үдерісінің келесі қадамдарын анықтап, әрі қарай ілгерілеуіне септігін тигізу үшін жекелеген оқушыларды үнемі бағалап отыруы керек. Бақылай отырып, оқудың келесі қадамдарын анықтау үшін ақпаратты пайдалану тәсілі метаталдаудың көмегімен білім беру шараларының табысты түрлерінің бірі ретінде танылып, соңғы 20 жыл ішінде халықаралық деңгейде мойындалып отыр.

Белсенді оқу барысында мұғалімдер:

- барлық оқушылардың оқу үдерісіне қатысуын қамтамасыз ететін жағымды оқу ахуалын қалыптастыруға;
- сенімді, жауапты, белсенді, жаңашылдыққа ұмтылатын және өзінің іс-әрекетін талдап, рефлексия жасай білетін оқушыларды тәрбиелеуді мақсат етуге;
- оқушылардың дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар мен белсенді әдістәсілдерді қолдануға;
- алға қойылған оқу мақсаттарына қол жеткізу арқылы жоспарланған сабақты тиімді өткізу үшін материалдарды, ресурстарды және қосымша құралдарды пайдалана отырып, бүкіл сынып қатысатын, топтық немесе жұптық жұмыс түрлерін, оқушылардың жеке жұмыс істеуін ұйымдастыруға;
- оқушыларды мадақтап, оқуға еліктіре, қызықтыра отырып, ұғымдарды түсіндіруде және мағынасын ашуда, нұсқаулық беруде түсінікті, анық, қарапайым тілді пайдалануға; - оқушылардың оқуын бақылап, оларға кері байланыс ұсынуға тиіс.

Сыныпта ынтымақтасты ахуалын қалыптастыру үшін оқушылармен түрлі тренингтер өткізуге болады: сынып ұжымында жағымды психологиялық орта қалыптастыруға, тұлғааралық қатынасты нығайтуға, оқушылардың өзіндік бағалауын көтеруге арналған жаттығулар, табысқа жету жағдаяттары, т.б. Мұндай ойын түрінде өткізілетін тренингтер оқушылардың өзара араласуына және мұғалім мен оқушылар арасында тығыз қарымқатынастың орнауына мүмкіндік туғызады.

Оқу үдерісінде оқушылар толықтай өздігінен білім алатын сабақтардан гөрі, мұғалім қажетті жағдайлар мен көмекпен қамтамасыз ететін сабақтарда жоғары нәтижелерге жетулері мүмкін. Осы нәтижелерге жетудегі маңызды тәсілдердің бірі мұғалімнің әрбір оқушымен кері байланыс орнатып, сәйкес болашақ мақсаттарды айқындауы болып табылады.

Белсенді оқу үдерісінде мұғалім үшін маңызды:

- сабақта тың идеялар мен ынталандыратын материалдар ұсыну;
- оқушылар ғылыми жобаларда қолдана алатын тәжірибелік және эксперименттік дағдыларды қалыптастыру;
- оқушыларға өздерін қызықтыратын салалар бойынша сұрақтарды құрылымдауға көмектесу;
- жұпта, шағын топтарда және ауыспалы құрамды жұптарда жұмыс істеу үшін тиімді тапсырмалар әзірлеу;
- оқушылардың бір-бірімен диалогтік оқу үдерісіне қатысуына ықпал ету;
- оқушылардың танымдық қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес әрекет ету;
- оқушыларды өзіндік ойлау дағдыларын дамытуға бағыттау;
- оқушыларға өздерінің ойлау және зерттеу дағдыларын қолдануын есіне салу;
- оқушылардың танымдық қажеттілігін саралап оқыту арқылы ескеру;
- оқушыларға өзіндік жұмыстарда жетістікке жетуге мүмкіндік беретін жобалық жұмыстарды ұйымдастыру, т.с.с.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. География пәнін оқытудың дәстүрлі әдістері мен жаңа әдістерінің айырмашылықтары қандай?
2. Географияны оқытуда жобалық әдіс және зерттеу әдісін қолданудың тиімділігі қандай?
3. География пәнінде дифференциация мен индивидуация әдістерін қолдану ерекшеліктері қандай?
4. География сабағында электрондық оқулықтар мен мультимедиялық материалдарды пайдалану тиімділігі қандай?

5. Географияны оқытудың жаңа технологиялары мен инновациялық әдістері білім беру сапасына қалай әсер етеді?

ЛЕКЦИЯ №5. ГЕОГРАФИЯЛЫҚ САБАҚ

1. *Сабақ – оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы.*

2. *Мұғалімнің сабаққа дайындалуы.*

3. *Сабақтың құрылымы, оқулықпен жұмыс.*

1. Географиядан оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ. Сабақта оқушылар мұғалімнің басшылығымен мемлекеттік бағдарламаға сәйкес теориялық, практикалық білім алады. Өзінің жеке басының жан- жақты дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту мен тәрбие берудің де негізгі принциптері сабақ беру кезінде қалыптасады. Сондықтан сабақтың мазмұны оқушыларға ғылыми тұрғыдан жетік тілімен түсіндіріліп диалектикалық, материалистік көзқарас қалыптасатындай болып құрылуы керек. Жаңа сабақтың материалы бұрын оқылған материалмен тығыз байланыста түсіндіріледі. Сабақ үстінде оқушылар алдымен жеке фактімен танысады, біртіндеп қортынды шығарады.

Сөйтіп логикалық ойлауға дағдыланады. Бүгінгі таңда мектеп бағдарламасына сәйкес сабақтың білім беру, дамыта оқыту, тәрбие беру жағына ерекше көңіл бөлінеді.

а) Білім беру – оқушыларға географиялық ұғымды қалыптастыру, заңдылықтарды білдіру, теория мен ғылыми жаңалықтарды ұғындырады.

б) Дамыта оқыту – кезінде оқушыларды байқауға, еске сақтауға, ойлауды дамыту, талдай білу, салыстыру, жоспар құру, сабаққа белсенді қатысуды қалыптастырады.

в) Тәрбие беру – оқушыларға тәрбиені жан – жақты беру, адамгершілікке баулу, этика-эстетикалық, еңбек тәрбиесін беру. Оқушыларда жігерлі сезім, эмоционалдықты талғам қалыптастыру.

Мұғалім сабақтың түрін әдісін, алдын ала белгілеп жасайтын тәжірибені, сол тақырыпқа сәйкес қосымша әдебиеттер керектігін күні бұрын жоспарға еңгізеді мұндай жоспарды перспективалық - жылдық (календарлық жоспар 1 жылға жасайды.) деп атайды. Перспективалық жоспарды ыңғайға қарай өзгертуге болады. Кейбір тақырыптарды ыңғайға қарай орнын рет санын ауыстыруға болады.

Перспективалық жоспар мұғалімнің жыл бойына жаңа материалдарды өту ретін қадағалауға мүмкіндік береді. Саяхаттар мен сабақтан тыс оқуды өткізуге көмектеседі.

Тақырыптық-күнтізбелік жоспар 1 тарауға, жарты жылға жасалынады.

География сабақтарының құрылысы бірдей болуы мүмкін емес – ол оқытылатын материалдың мақсатына, мазмұнына және оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты.

Жаңашыл мұғалімдердің сабақ үстіндегі оқу процесінің негізіне алған басты идеясы – бұрын өтілгенді қайталауды, ескі мағлұматтарды білуді және жаңаларды қалыптастыруды біртұтас бір мезгілде өтетін процеске біріктіруден тұрады. Осы идеяны практикада іске асыру аралас сабақтың құрылымын қайта қарауға әкеледі.

Алдыңғы қатардағы мұғалімдердің сабақтарының системасындағы ең маңыздылары мыналардан тұрады:

1. Өткен материалды бекітуге және сүйеніш білімді айқындауға бағытталған машықтандыратын жаттығуларды, өз бетімен істейтін немесе шығармашылық жұмыстарды енгізу жолымен сабақтың бірінші минутынан бастап оқушыларды жұмысқа кірістіру.

2. Ескі және жаңа материалды біріктіріп қосу, сондықтан сабақта жаңа материалды түсіндіру мен ескі материалды қайталаудың аралығында көрсетілген шекара жоқ. Жаңа білімнің қалыптасу кезеңінде жаңа байланыстарды анықтау жолымен оқушылардың бұрынғы білімін мүлде жетілдіре түсіп, мұғалім бұрын өтілген тарауларды қайталайды және толықтырады. Сонымен қатар жаппай өз бетімен істейтін жұмыстарды ұйымдастырғанда жаңа материалдың бекітілуін қамтамасыз етеді.

3. Жаңа материалды оқып білуде оқушылардың өз бетімен істейтін жұмыстарының ролін күшейту. Шығармашылық жұмыстармен айналысатын мұғалімдер, оқушылардың өздері оқулықтан, карталардан немесе лабораторияда біліп алатындарын түсіндіруге босқа уақыттарын жібермейді. Сондықтан мұғалім өз бетімен істейтін жұмыстардың әрбір түріне алдын – ала тапсырмалар дайындап қоюы керек. Жұмыстардың осындай системасы оқу процесін перспективалық жоспарлаумен анықталады.

4. Сабақтың барлық кезеңдерінде оқушылардың белсенділігі, сыныптың көпшілік бөлігінің жауапқа араласуы білім мен іскерлікті игерудің сапасы және беріктігі туралы пікір айтуға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың жұмысын сабақтың соңында мұғалімнің жалпы баллмен бағалауына мүмкіндік береді. Географияның сабақтарында әр түрлі міндеттер шешілуі мүмкін: жаңа курс немесе жаңа тақырып бойынша жұмыстың мазмұны мен және түрімен оқушыларды таныстыру, жаңа білімді меңгеріп алу, жаңа ұғымдарды, картамен жұмыс істеудің іскерлігі мен дағдыларын, өткен материалды жүйелі қайталау және талдап қорыту. Әдетте сабақтың негізгі мақсаты тәуелді міндеттермен сай келеді. Негізгі оқу – тәрбие міндеттеріне байланысты сабақтың сол не басқа құрылысы айқындалады, яғни оның типі анықталады.

Қойылған дидактикалық мақсаттарға сәйкес оқу сабақтарын өткізудің белгілі жолы сабақ типі болып түсініледі.

Сабақтың типі құрамдас бөліктерінің бір ізділігімен және олардың мөлшерімен, сондай-ақ жұмыс істеудің басым әдістерімен сипатталады. Бір сабақта жаңа материалды түсіндіру, басқа бөлімінде жаттығулар, картаны оқуға машықтану, жеке территориялардың карталары бойынша суреттеме сипаттамаларды құрастыру, үшіншісінде қайталау және т.б. басым болуы мүмкін.

Мынандай сабақтың типтері ажыратылады:

Кіріспе сабақ (оқу жылының басында немесе бағдарламаның үлкен тарауының басында). Сабақтың мақсаты – оқушыларды пәнге немесе белгілі тақырыпқа қызықтырып әкету, оқушылардың шығармашылық қызығушылығын тудыру, осы курстың немесе бағдарлама тарауының мазмұнымен, құрылысымен таныстыру. Әдетте мұндай сабақта мұғалімнің атақты саяхатшылардың және зерттеушілердің шығармаларын алып қатыстырған жалынды және бейнелі материалы басым болады.

Сабаққа өз көзімен көрген адамның әңгімелерін қатыстыру мұғалімді табиғатты бағындырушы және қайта жасаушы адамдардың шабытты еңбегінің айқын суретін бейнелеуге жәрдемдеседі.

1. Аралас (синтетикалық) сабақ барлық құрылым бөліктерін құрайды: білімді қайталау және тексеру, жаңа материалды оқу, алынған білімді бекіту, үйге тапсырма беру. Аралас сабақтар құрамдас бөліктерінің ара- қатынасына және құрылымына қарай айырылуы мүмкін. Мазмұнына байланысты кейде сабақ жаңа білімді хабарлаудан басталады да, қайталау мен тексеру сабақтың соңына қалдырылады; кейде сабақтың соңындағы жалпы қорытындылаудың орнына, мұғалім баяндау барысында материалды жеке бөліктері бойынша қорытындылап және бекітіп отырады. Аралас типті сабақтарда сабақтың алдында тұрған мақсаттарға байланысты оқушылардың өз бетімен істейтін жұмыстары мұғалімнің түсіндіруін алдын-алуы, қосарлауы және қорытуы мүмкін.

2. Жаңа білімді оқып білу сабағы. Сабақтың мақсаты – оқушыларға белгісіз, жаңа географиялық ұғымдар, құбылыстар, процесс туралы біртұтас түсінік беру. Мұндай сабақтарда түсіндіру және оны қосарлайтын оқушылардың өз бетімен істейтін жұмыстары басым болады.

3. Даладағы және сыныптағы практикалық жұмыс сабақтарында, далада түрлі өлшем жұмыстарын, карталар, статистикалық таблицалар және т.б. бойынша жаттығулар жүргізу оқушыларды іскерлікке, дағдыларға төселу мақсатын көздейді.

Қайталау және кеңейту сабақтары әдетте бағдарламаның ірі тарауларын өткеннен кейін немесе бірнеше тақырыптан соң, сондай – ақ бүкіл курстың аяғында өткізіледі. Сабақтың мақсаты - оқушылардың білімі мен іскерлігін бекіту және тереңдету, оларды талдап қорытуға және жүйеге келтіруге жәрдемдесу. Сонымен бірге қайталау процесінде оқушылардың білімін тексеру және бағалау іске асырылып отырылады. Қайталау сабақтарының құрылымында жаңа материалды

дербес құрылым элементі ретінде хабарлау жоспарланбаса да, мұғалім дегенмен қайталау барысында оқушыларда жаңа пікірлерді тудыратын жаңа фактілерді қосып отыруы тиіс.

Сабақтың әдістемелік тұрғыдан талдауын дайындағанда студент сабақта бірнеше сұрақтарға жауап беріп, сабақтың мақсатын айқындауы керек, олар: сабақта мағлұматтарды мұғалімнің хабарлауы, ал оқушылардың ұғып алуы керек. Сабақ қандай тәрбиелік нәтиже беруі керек, оқушылардың өз беттерімен қорытынды жасауына ынталандыратын оқыту процесі қандай болуы тиіс, сабақта қандай іскерлікті сіңіруі керек. Қандай материалды қайталау және бекітуі керек. Сабақта және үйде өз бетімен істейтін қандай жұмыс болуы керек. Дидактикалық мақсаттың айқындығы құрылудың дәлдігін, яғни сабақтың типін, айтарлықтай дәрежеде анықтайы.

Географияны оқытуда дәрістік сабақ, тәжірибелік сабақ, серуендік сабақ, сыныптан тыс сабақ, конференция, қосымша факультативтік сабақтар қолданылса, оқыту тәсілдерінен сұқбаттасу, сұрақ-жауап, әңгімелеу, оқулықпен жұмыс, бақылау жүргізу, эксперимент жасау, экрандық оқу құралдарын пайдалану, картамен жұмыс, географиялық есептер шығару, тәжірибелік жұмыс, жоба жұмыстарын қолдану тиімді болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі кезде сабақтарда модельдеу әдістері, ойша модель құрастыру, математикалық модельдеу әдістері де кеңінен қолданылады.

Географияны оқытуда *әңгімелеу әдісі* кеңінен қолданылады. Жаңа тақырыпты баяндауда мұғалім әңгімелеу арқылы оқушылармен диалогтік қарым-қатынас орнатып, материалдың мазмұнын толықтай түсіндіруге мүмкіндік алады. Географияны оқытуда әңгімелеу әдістемелік талаптарға сәйкес сабақ уақытының аз бөлігін алу керек, яғни әңгіменің ұзақтығы 5-10 мин аспау керек, сұқбаттасу барысында жаңа ұғым сөздер мен терминдердің мағынасы түсіндіріледі, олар тақтаға дұрыс жазылып, керек болған жағдайда оқушылар өз дәптерлеріне жазып алғаны абзал. Мұғалім әңгімелеу тәсілін қолдану барысында оқулықта берілген мәтінді қайталап айтуға немесе оқуға болмайды. Сабақта қолданылатын географиялық карталар мен көрнекілік құралдарды дайындап, соларды қолдану арқылы әңгімелеу сабағы өз нәтижесін берері сөзсіз. Сабақты әңгімелеу барысында мұғалімнің тілі жатық, түсінікті әрі қарапайым бола отырып, өз ойын анық жеткізе білгені дұрыс, сонымен қатар әңгімелесуде оқушылардың да пікірлеріне құлақ асып отыру керек.

Географиядан *семинар сабағында* оқушылар алдын ала дайындалған жоспар бойынша құрастырылған сұрақтарға жауап береді. Ол үшін қосымша әдебиеттермен, дереккөздермен, ғаламтор мәліметтерімен жұмыс жүргізіп, берілген сұрақтарды жанжақты талдап, өздерінің көзқарастары мен ой-пікірлерін, ұсыныстарын еркін білдіреді және айтылым дағдылары қалыптасады. Бұл оқушылардың қосымша ақпараттармен жұмыс жасау дағдысын дамытып, зияткерлік қабілеттерін арттыруға, шығармашылықпен айналысуына зор мүмкіндік әкеледі.

Географияны оқытудағы тәжірибелік сабақтарда *бақылау әдісін* қолданудың маңызы ерекше. Географиялық бақылауды қолдану арқылы оқушылардың іскерлігі мен дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар, бақылау жүргізу арқылы оқушылар қоршаған ортадағы табиғат құбылыстары мен шаруашылық сипаттары жөніндегі білімдерін де тереңдетуге мүмкіндік алады. Көбінесе, географиялық бақылаулар сыныптан тыс уақытта немесе экскурсия кезінде өткізіледі, мысалы, ауа-райының элементтерін, ауа температурасын, желдің жылдамдығы мен бағытын, жауын-шашынның мөлшерін, бұлттылықты, өзен режимі; құдықтағы судың деңгейі; таудағы топырақ түрлері және т.б. табиғаттың құбылыстарына бақылау жүргізе отырып, теориялық алған білімдерін тәжірибе арқылы толықтырады және өз бетінше жұмыс жасауды меңгереді. Бақылаудың кейбіреулері оқу бағдарламасына енгізіліп, оқушылар оларды мұғалімнің тапсырмасы бойынша орындайды. Бақылау жүргізу кезінде жинақталған мәліметтер өңделіп, сабақтарда пайдаланылады.

География сабағында көрнекілік ретінде қолданылатын *фотосуреттер, карталар, әртүрлі пейзаждық көріністер мен иллюстрация* көптеп қолданылады. Оқушылар аталған көрнекіліктерді пайдалана отырып, ойларын тұжырымдауды, ойлаудың логикалық қисындылығын жүзеге асырады. Көрнекіліктердің мұндай түрлерін қолдану арқылы өтілген сабақтың нәтижесі де оң

болары анық. Себебі, ұлы ойшыл Конфуцийдің: «Маған айтып берсең - ұмытып қаламын, көрсетсең - есімде сақтаймын, өзіме жасатсаң үйренемін» деген нықыл сөзі дәл осы әдістің дәлелдемесі іспеттес.

География сабағында *картамен жұмыс істеу* оқушыларға пән мазмұнын толықтай жетік түсінуге және оқу мақсаттына жету үшін мүмкіндік береді және логикалық ойлауы мен нақтылыққа үйретеді, сонымен оқыту барысында географиялық картаны қолдана отырып, төмендегідей дағдылар оқушының бойында қалыптасады:

- картада бейнеленген нысандар мен құбылыстарды түсіне білу;
- географиялық нысандардың атауларын және олардың этимологиялық мағынасын білу;
- географиялық нысандарды картадан көрсете білу.
- картографиялық шартты белгілер мен таңбаларды ажырата біліп, сол арқылы нысандар мен құбылыстарды оқи білу.

География пәнін оқытуда атласпен, картамен және кескін картамен жұмыс барлық сыныптарда жүйелі жүргізілуі тиіс. Географиялық нысандарды ажырату, олардың орналасу ерекшеліктерін карта арқылы түсіндіре отырып, тиімді оқытуға мүмкіндік аламыз. Сондай-ақ өнеркәсіп орталықтарын, олардың мамандану салалары мен олардың орналасуындағы географиялық принциптерді нақты анықтауға болады [10].

Мектептегі географияны оқыту үдерісінде *оқулықпен жұмыс* жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Өйткені, оқушылар оқулықтағы статистикалық мәліметтерді, кесте, сызба-нұсқаларды талдау арқылы географиялық білімдерін тереңдетіп, негізгі білімдерін жүйелейді. Соңғы уақытта оқушыларға оқулықтармен, қосымша оқу құралдарымен, пәннің оқу-әдістемелік кешенімен және ғылыми-көпшілік әдебиетпен жұмысты үйретуге үлкен көңіл бөлініп келеді. Оқытудың осындай әдісі арқылы оқушылардың оқу дағдыларын дамытуға, сабақта және үй тапсырмасын дайындау кезінде жүктемені азайтуға, білім деңгейін арттыруға, география және жаратылыстану бойынша өз бетінше білім алуға қызығушылыққа баулуға мүмкіндік береді. География оқулығын оқу бағдарламасының мазмұнын игеруде негізгі және қосымша ресурс ретінде пайдалануға да мүмкіндік бар. Қазіргі таңда география пәнінің оқулықтары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, оқу бағдарламаларына және қазіргі оқулықтарға қойылатын басқа да талаптарға сәйкес «Алматыкітап», «Мектеп» және «Атамұра» баспаларында басып шығарылады.

Географияны оқытуда *электронды құралдармен жұмыс жасаудың* маңызы ерекше. Себебі, компьютерлік технологияларды қолдану география мен жаратылыстану пәндері бойынша оқу бағдарламасын жүзеге асырудың, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру мен дамытудың, оқу үдерісін дараландырудың қажетті шарты болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәннің мазмұнын зерделеу барысында электрондық құралдардың көмегімен оқушылардың танымдық ойлау дағдыларын дамытуды көздейді. «География» пәні бойынша оқу бағдарламасының «Зерттеу және зерттеушілер», «Географиялық карталар», «Географиялық деректер базасы», «Дүниежүзі елдері» тарауларының оқу мақсаттары ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдануды тікелей талап етеді. Сонымен қатар, география мен жаратылыстануды оқытуда пәннің ерекшелігіне байланысты экранды оқу материалдарын пайдалану үлкен маңызға ие. Экрандағы шынайы өндірістік үдерістер мен аппараттардың бейнесі, сондай-ақ анимация арқылы табиғаттағы географиялық өзгерістерді көрсету мүмкіндігі география және жаратылыстану сабақтарының тақырыбын ашуға бағалы көмегін тигізеді. Оқу мақсатына байланысты бейнематериалдарды сабақта немесе сабақтан тыс уақытта көрсетіп, пайдалануға болады. Сондай-ақ, бейнематериалдарды тақырып бойынша соңғы сабақта қорытындылау құралы ретінде пайдалану тиімді болуы мүмкін.

Географияны оқыту үлгілері. (формасы). Ең негізгі формасы сыныпта өткізілетін сабақ. Толықтырылатын формалары – үй тапсырмасы, топсеруен, практикалық сабақ, сабақтан тыс тапсырмалар, оқу дала практикасы жатады.

Сабаққа қойылатын талаптар. Сабақта түсіндірілетін материал ықшамды, сабақтың әдісін алдын – ала қарастырылады. Сабақта теориямен практика ылғида байланыста берілуі тиіс. Жаңа материалды оқушылардың өткен сабақта алған білімдерімен тығыз байланыста беріледі. Әр сабақта міндетті түрде көрнекілік принципіне қорытынды жасалып, оқушылардың ойлауына көңіл бөлінеді. Сабақ үстінде мұғалім оқушыларды көбірек өздігінен жұмыс орындауға баулу керек.

Мұғалімнің сабаққа әзірленуі.

Әр сабақты өз мәнінде өткізу мұғалімнің көп ізденуін талап етеді. Өйткені әр сабаққа әдісін әзірлеу сабақтың формасын дайындау - жоспар конспекті дайындау. Сабақтың құрылуын жоспарлау мұғалімнің міндеті. Жаңа сабаққа керекті материалды таңдау кезінде жергілікті жердің жағдайына ауыстыруға болады. Бұл жағдайда ғылым әлі аспаған, дәлелденбеген деректерді пайдалануға болмайды. Қосымша материалдарды мектептен тыс қолдануға болмайды.

Мұғалімдердің сабаққа әзірленуі мынандай кезеңдерден тұрады:

- ✓ Сабаққа арнап жоспар-конспект жасау.
- ✓ Әр сабақтың мазмұнын толық меңгеру.
- ✓ Алдыңғы өтілген материалды күнделікті қайталап, оны жаңа сабақпен байланыстыру.
- ✓ Сабаққа тиісті әдісті таңдай білу.
- ✓ Сабаққа керекті көрнекі құралдарының түрлерін табу.
- ✓ Сыныппен толық қатынас жасау. Оларың белсенділігін арттыру жолдарын іздестіру.
- ✓ Сабақтың тәрбиелік мәнін айқындау.

Оқулықпен жұмыс істеу тәртiбi. Сабақтың тиімділігін арттыруда, оқу материалын біршама жетілдіру үшін оқулықпен істеу іскерлігін дамытудың мәні зор. Оқулықпен жұмыс істеу барысында географиялық ұғымының маңызы фактілермен, заңдылықтармен ашылады. Үй тапсырмасын орындауға аз уақыт жібереді, өз бетімен танымдылығын арттырады. Оқушылар оқулықтың тарауларын алғы сөздерін негізгі термин көрсеткіштерімен жұмыс істейді. Оқыған материалдан жоспар құрады, берілген сұраққа оқулықтан жауап береді. Мәтінде берілген суреттер мен схемаларды талдайды. Оқулықтың құрылысына байланысты жұмыс істеу іскерлігі 3 топқа бөлінеді.

1. Оқулықтың бағдарлау аппаратымен жұмыс істей білу.
2. Мәтінмен жұмыс істеу.

Бағдарлау – оқулықтың мұқабасы, сырты, алғы сөз, тараулары және қосымша материалдар. Негізгі мазмұнын оқытып, ауызша айтқызады, түйінді жерлерін бөліп жоспар жасап, қорытынды жасайды.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Сабақтың құрылымында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін қандай әдіс-тәсілдер қолданылады?
2. Сабақтың басты кезеңдері мен олардың маңызы қандай?
3. Сабақтың нәтижелерін қалай бағалауға болады және ол оқушылардың оқу жетістіктеріне қандай әсер етеді?
4. Мұғалімнің сабаққа дайындалуында оқу құралдары мен материалдарының рөлі қандай?
5. Мұғалімнің сабақты өткізуге дайындық кезеңінде оқытудың мақсаттары мен міндеттерін қалай анықтауы тиіс?
6. Сабақтың құрылымында оқушылардың белсенділігін арттыру үшін қандай жұмыс түрлері ұйымдастырылады?
7. Сабақтың құрылымында жаңа білімді бекіту және өткен материалды қайталау кезеңдері қалай ұйымдастырылады?
8. Оқулықпен жұмыс жасауда мұғалімнің рөлі қандай және ол оқушылардың оқу процесін қалай қолдайды?

ЛЕКЦИЯ №6. ОҚУШЫНЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ. КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1. Қалыптастырушы бағалау
2. Оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және кері байланыс
3. Қалыптастырушы бағалаудың негізгі функциялары.

Оқу жылы барысында оқудың ілгерілеуі, үлгерімі туралы мәліметті жинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Жиынтық бағалау өз кезегінде бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық, орта білім беру деңгейі бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдерінен тұрады.



сурет. Критериалды бағалаудың құрылымы

Бағалау тәсілдері критериалды бағалаудың түрлеріне, пән мазмұнына қарай ерекшеленуі мүмкін.

Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен білім алушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі. Қалыптастырушы бағалау кезінде білім алушылардың қателесуге, оны түзетуге құқығы бар. Бұл білім алушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалау мұғалімдерге, білім алушылар мен ата-аналарға ұсыну үшін оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/триместр, оқу жылы, орта білім беру деңгейі) аяқталғанда өткізіледі. Бұл белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау үдерісі

Қалыптастырушы бағалау мұғалім мен білім алушылардың арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін, оқу жетістігінің дамуына, өсуіне тікелей әсер ететін үдеріс болып табылады.

Қалыптастырушы бағалаудың міндеттері:

- оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін анықтау, білім алушыларға ұсыну;
- білім алушының қай деңгейге жеткенін дәлелдеуге көмектесетін бірлескен (коллаборативті) оқытуға арналған орта құру;
- білім алушыларды дамытуға жағдай жасайтын сындарлы (конструктивті) кері байланысты қамтамасыз ету;
- білім алушыларды бірін-бірі бірлесе оқытудың сапалы көзі ретінде қатыстыру;
- білім алушыларға өзінің оқуын «құрушылар/жасаушылар» ретінде жағдай жасау болып табылады.

Қалыптастырушы бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болуы тиіс, ол қосымша жаттығу немесе тестілеу жұмысы ретінде қарастырылмайды. Оқу бағдарламасындағы бөлімнің әрқайсысындағы оқу мақсаттары, күтілетін нәтижелері қалыптастырушы бағалаудың тәжірибелік мазмұнын анықтайды. Сонымен бірге қалыптастырушы бағалау үдерісі стандартталмайды, яғни әр мұғалім өз бетінше қалыптастырушы бағалауды өз тәжірибесі арқылы анықтай алады, оның нәтижесіне қатысты жауапкершілікті өз мойнына алады. Мұғалімнің іс-әрекетіндегі қалыптастырушы бағалау үдерісі келесі кезеңдерді жүзеге асыруды талап етеді:

- қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау;
- қалыптастырушы бағалау әдістерін таңдау;
- қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау;
- кері байланыс беру.

Қалыптастырушы бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру

Қалыптастырушы бағалау үдерісінде мұғалім оқу бағдарламасындағы барлық оқу мақсаттарын қамтуы тиіс. Мұғалімдерге көмек ретінде қалыптастырушы бағалаудың тапсырмалар жинағы дайындалған, онда оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлері, дескрипторларымен бірге тапсырмалар үлгілері берілген.

Мұғалім қалыптастырушы бағалау үдерісінің тиімділігін арттыру үшін жинақта берілген тапсырмаларды қолдануына болады. Одан басқа мұғалімдерге қалыптастырушы бағалаудың құралдарын өз бетінше дайындауға мүмкіндік беріледі. Ол үшін жоспарлау кезеңінде мұғалімге:

- оқу бағдарламасымен, оқу жоспарымен танысу, оқу мақсаттарына талдау жасау;
- оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастыру;
- тапсырма құрастыру кезінде саралау (дифференциялау) тәсілін қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін (2-қосымша) ойлау дағдыларының деңгейлеріне бөлу;
- бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмалар құрастыру;
- әр тапсырмаға оның орындалу кезеңдерін сипаттайтын дескрипторлар құрастыру ұсынылады.

Мұғалім оқу мәнмәтінің, өз білім алушыларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды іріктеп алады немесе құрастырады (1-кесте). Әр тапсырмаға дескрипторлар анықталады. Бағалау кезінде мұғалімнің шешімі анық болу үшін тапсырмалардың дескрипторлары дәл, нақты болуы қажет. Бұдан басқа дескрипторлар білім алушыға тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиындық туғызғанын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылар мен олардың ата-аналарына сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге жағдай жасайды.

Күнделікті тәжірибеде білім алушылардың ілгерілеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолдануға болады: «Екі жұлдыз, бір тілек», «Қолмен белгі беру», «Бағдаршам», «Жинақтау парақшасының индексі», «Бір минуттық эссе», «Сөйлеу үлгілері», «Үш минуттық үзіліс», «Ауызша бағалау», викториналар, сұрақтар және т.б.

Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін оқу әрекеттерін ұйымдастырудың әр кезеңінде, тақырыпты түсіндіру, тапсырма орындау, білім алушыларға кері байланыс беру кезінде қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде де қолдануға болады.

Жеке жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау.

Жеке жұмыс кезінде қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру үшін мұғалім білім алушылардың әрекеттерін жүйелі қадағалап және аралық нәтижелерді тіркеп отыруы қажет. Нәтижелерді тіркеу кезінде білім алушылар жұмысының жақсы жағына да, нашар тұсына да назар аударып отырған дұрыс.

Жеке жұмыс нәтижелерін талқылауды тікелей білім алушылармен бірге жүргізуді есте сақтау қажет. Сондай-ақ, білім алушылардың өз ойын айтуына мүмкіндік беру маңызды болып табылады. Жұмысты әрі қарай жоспарлау кезінде білім алушылардың мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін ескерген дұрыс.

Жұптық жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау.

Жұптық жұмыс қалыптастырушы бағалаудың тиімді формаларының бірі болып табылады. Жұптық жұмыста жалпы мұғалім, жұптар бір-бірін және жұп ішінде бірін-бірі бағалауына болады. Мұндай өзара қарым-қатынас кезінде білім алушылардың дайындық деңгейіне қарамастан өзара көмегі, рефлексиясы, өзін-өзі реттеуі белсенді байқала бастайды.

Топтық жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау.

Топтық жұмыс кезінде мұғалім әр топтағы білім алушылардың талқылауын тыңдайды, қадағалайды: кейбір білім алушылар оқу мақсатына жетуді бағалау критерийлеріне сәйкес тез көрсете алуы мүмкін. Мұғалім ол білім алушылардың атын жазып алуы қажет. Әрі қарай мұғалім білім алушыларға қосымша қолдау көрсетуге қажетті сұрақтар қояды, бақылайды, мысалы:

- Бұл туралы сіз не ойлайсыз?
- Сіздің тобыңызда қандай талқылау болғанын айтып бере аласыз ба?

Егер білім алушылар тәжірибелік тапсырмалар орындайтын болса, онда осы тапсырмаға қатысты сұрақтар болуы мүмкін, мысалы:

- Сіз қазір не істеп жатырсыз?
- Сіз қалай ойлайсыз, әрі қарай не болады?
- Осы тапсырмада ерекше бір нәрсе байқадыңыз ба?

Кері байланыс беру

Кері байланыс сабақтың әр кезеңінде қолданылады, мұғалімнің білім алушылармен үздіксіз өзара әрекет етуін жүзеге асыруға, нәтижесінде оқу үдерісін түзетіп, сабақты әрі қарай жоспарлауға мүмкіндік береді. Кері байланыс беру кезінде мұғалімдерге:

- білім алушылардың жақсы жақтарын ескеру;
- тапсырманың дұрыс орындалмағанын нақты түсіндірмей тұрып, «олай емес», «дұрыс емес» деген сөздерді қолданбау;
- білім алушылардың жұмысын жетілдіру немесе кемшілік тұстарын жөндеудің жолдарына ұсыныс беру;
- кері әсер ететін сөздерді, білім алушыларды кекету, келемеждеуге қатысты, мысалы, «орынсыз жауап», «осыны ойлауға қалай ақылың жетті» деген сияқты сөздерді мүлдем қолданбау ұсынылады.

Кері байланыс беру кезінде мұғалімге де, білім алушыға да 2-кестеде ұсынылған сұрақтарды негізге алған дұрыс. Аталған сұрақтарға толық жауап беру кері байланыстың тиімділігін көрсетеді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Қалыптастырушы бағалауды тиімді жүргізу үшін мұғалім қандай факторларды ескеруі қажет?
2. Қалыптастырушы бағалаудың оқу үдерісіндегі рөлі мен маңызы туралы не білесіз?
3. Қалыптастырушы бағалаудағы оқушылардың өзін-өзі бағалау үдерісінің орны қандай?
4. Оқушылардың оқу қажеттіліктерін анықтау үшін қандай әдістер қолдануға болады?
5. Оқушылардың қажеттіліктерін анықтаудағы мұғалімнің рөлі қандай?
6. Кері байланыс дегеніміз не және оның оқу үдерісіндегі маңызы қандай?
7. Қалыптастырушы бағалаудың нәтижелері қалай оқу жоспарларын және әдістемелерін түзетуге көмектеседі?
8. Қалыптастырушы бағалаудың оқушының жеке даму жолын бақылаудағы рөлі қандай?
9. Қалыптастырушы бағалаудың оқушылардың оқуға деген жауапкершілігін арттырудағы маңызы қандай?

ЛЕКЦИЯ №7. ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ

1. *Жиынтық бағалау үдерісі*
2. *Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау*

3. Тоқсандық жиынтық бағалау

Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңінде оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін тіркеу, анықтау үшін жүргізіледі. Жиынтық бағалау тоқсан барысында (бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау), тоқсан соңында (тоқсандық жиынтық бағалау) және білім беру деңгейін аяқтағанда (негізгі орта, жалпы орта) жүргізіледі.

Жиынтық бағалау бойынша балл/деңгей/баға туралы шешімді мұғалім бағалау критерийлеріне сәйкес қолданады. Сонымен бірге мұғалімге әр білім алушының жұмысы бойынша дұрыс шешім қабылдауы үшін дескрипторлар немесе балл қою кестелері көмектеседі.

Пән бойынша әдістемелік бірлестіктерге жиынтық бағалаудың барлық түрлері бойынша бақылау тапсырмаларын, әдістерін, кезеңдерін көрсетіп, оқу жылына жиынтық бағалаудың жоспарын құрастыру ұсынылады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау оқу бағдарламасына, оқу жоспарына сәйкес бөлім немесе ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде өткізіледі. Аталған жиынтық бағалаудың нәтижесі бойынша білім алушыларға тоқсандық баға қою кезінде есепке алынатын балдар қойылады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары оқу мақсаттарына, бағалау критерийлеріне сәйкес құрастырылады. Жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныста бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды өткізудің тапсырмалар үлгілері берілген. Бөлім/ ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың әдістері, тапсырмалары анықталады, оны мектептер өз бетінше құрастырады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау бекітілген критериалды бағалауды өткізу тәртібіне сәйкес жүргізіледі. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдер саны жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныста берілген:

- жаратылыстану-ғылыми пәндер – бөлім бойынша;
- әлеуметтік-гуманитарлық пәндер – ортақ тақырыптар бойынша;
- тілдік пәндер – сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша: тыңдалым мен айтылым, оқылым мен жазылым бойынша анықталады.

Аталған бағалауды сабақ үстінде 15-20 минут уақытты алатындай мерзімде ұйымдастыру ұсынылады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру кезінде мұғалім жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныста көрсетілген үлгілерді қолдануына болады. Одан басқа, мұғалімге келесі алгоритмдерге сәйкес өз бетінше бағалау құралдарын құрастыру ұсынылады (4-сурет):

- оқу бағдарламасы, бөлім/ортақ тақырыптар бойынша оқу мақсаттарын меңгеру;
- жиынтық бағалауда тексерілетін оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін анықтау, ойлау дағдыларының деңгейлерімен сәйкестендіру;
- ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес келетін тексерілетін критерийлердің, оқу мақсаттарының мазмұнын қамтитын бір немесе бірнеше тапсырмалар дайындау;
- әр тапсырмаға дескрипторлар құрастыру;
- білім алушыларға, олардың ата-аналарына жиынтық бағалау нәтижелерін ұсыну үшін бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауға рубрикалар құрастыру (бағалау критерийлерінің деңгейлерге сәйкестігін сипаттау).

Осылайша мұғалім бөлім немесе ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау кезінде оқу мақсаттарының негізгілерін көрсететін, ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес екенін белгілейтін бағалау критерийлерін анықтайды.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау - бұл белгілі бір материалды меңгеруді аяқтаған кездегі оқу жетістігін бағалау. Аталған бағалауды сабақ үстінде 15-20 минут уақытты алатындай мерзімде ұйымдастыру ұсынылады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың мысалы 3-кестеде берілген.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауда орындалған жұмыстардың нәтижелері білім алушыларға түсінікті болып, одан әрі оқуға ынталандыруы қажет. Кері байланыс білім алушылардың оқу жетістігінің жеткен деңгейі туралы ақпараттардан тұруы керек. Рубрика бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың әр рәсімі үшін құрастырылады, ол әр критерий аясындағы оқу жетістігі деңгейін көрсетеді. Жиынтық бағалаудың әдістемелік ұсынысының бөлім/ ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалар үлгілерінде құрастырылған рубрикалар көрсетілген.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Жиынтық бағалаудың оқушылардың оқу жетістіктеріне әсері қандай?
2. Жиынтық бағалау үдерісін жоспарлау кезінде қандай негізгі факторлар ескеріледі?
3. Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау қалай жоспарланады?
4. Ортақ тақырыптың мазмұнын жиынтық бағалау үдерісіне енгізудің ерекшеліктері қандай?
5. Тоқсандық жиынтық бағалау мен қалыптастырушы бағалаудың айырмашылықтары қандай?
6. Тоқсандық жиынтық бағалау кезінде оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеру қандай маңызы бар?

ЛЕКЦИЯ №8. ТОПОГРАФИЯЛЫҚ АҚПАРАТТАРМЕН, ИНТЕРНЕТПЕН, БІЛІМ БЕРУДІҢ ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

1. *География сабағында карталар мен сызбанұсқаларды қолдану.*
2. *Графиктермен, диаграммалармен жұмыс жасау дағдыларын дамыту;*
3. *Білім берудің цифрлық ресурстары.*

Оқушылардың жеке немесе топтық талқылау арқылы ақпаратты өңдеуі олардың танымдық қажеттілігін қанағаттандыратын білім алуына, танымдық үдерісін және пәндік білік, дағдыларын дамытуына мүмкіндік береді. Оқушы сыни ойлау арқылы оқу материалын түрлендіріп, жаңа түрге келтіру арқылы ақпаратты бойына сіңіреді, түсінігі дамиды.

Оқу материалдарын бірнеше ақпараттық бөліктерге жіктеуге болады ауызша хабарлама, мәтін (анықтамалар, тұжырымдамалар);

- кестелер;
- формула, график, сызба, суреттер;
- бейнеүзінділер;
- географиялық тәжірибелер мен көрсетілімдер;
- ақпараттық технология құралдары арқылы модельденген географиялық үдерістер, құбылыстар.

Топографиялық ақпараттар :

- ❖ Топографиялық карталар мен пландар;
- ❖ Географиялық карталар мен атластар;
- ❖ Масштабқа байланысты географиялық есептер;
- ❖ Градус торларына байланысты географиялық есептер;
- ❖ Картографиялық шартты белгілер
- ❖ Геодезиялық зерттеу жұмыстарының мәліметтері және т.б.

Карта географиялық ұғымдардың басы мен аяғы. Картасыз кішігірім экскурсия, экспедицияға да шығу мүмкін емес. Карта – көмекші құралдың рөлін атқарып қана қоймай, сонымен бірге географиялық білімді тереңдетуге және кеңейтуге өз үлесін қосады. Карта – географиялық ұғымдар арасындағы байланысты меңгерудің көмекші құралы. Карта — географиялық заңдылықтарды жоғары дәрежеде анықтауға мүмкіндік береді, яғни кеңістікте орналасу заңдылықтарын және Жер шары бетіндегі құбылыстардың арақатынасын, жиынтығын және байланысын анықтайды. Картамен жұмыс жасаудың төмендегі негізгі әдістерін атауға болады:

Картаны оқу (географиялық жағдайын, шекарасын анықтау, әр елдер бойынша табиғат жағдайын сипаттау).

Бірнеше карта түрлерін алып салыстырмалы анализ жасау. Оларды глобуспен салыстыру.

Кескін картамен жұмыс жасау. (Кескін картаға түсіру техникасын меңгеру) Жазбаша берілген географиялық ұғымдарды өз бетімен карта сызба құрастыру дағдысында қалыптастыру. Оқушылар кескін картамен сыныпта жаңа тақырыпты өткенде, бекіту мен сарамандық жұмыстар арқылы білім тексергенде және үй тапсырмасын орындағанда жұмыс жасайды. Көп кезеңдерде бұл жұмысты оқушылар атласпен салыстыра отырып, кескін картада қажетті нысандардың орнын тауып, оларды белгілеп жазады. Кескін карта жер бедері, жер беті сулары, елді мекендер және пайдалы қазба кен орындарына байланысты географиялық атауларды есте сақтауға үлкен көмегін тигізеді. Жоғары сыныптарда кескін карта күрделі картографиялық жұмыстар жасауға, яғни, картограмма құрастыру, карта диаграммамен экономикалық картосхема жасауға пайдаланылады. Мысалы, шаруашылық салаларының орналасуын өткенде оқушылар кескін картадан шартты белгілерді пайдаланып, шикізаттардың орналасқан аудандарын, ескі және жаңа өнеркәсіп аудандарын, көрсетеді. Мұғалім кескін картамен барлық оқушыларды жұмыс жасауға үйіруге мүмкіндігі бар. Ең ақыры, кескін картамен жұмыс, оның күрделі түрлері, оқушыларды қарапайым карта жасауға үйретеді. Қазіргі уақытта кескін картамен мектепте барлық сыныптар жұмыс жасайды: жылдан – жылға география пәнін оқығанда ол бірте – бірте күрделене түседі. Сонымен бірге оқушылар өз бетімен жұмысты кескін карта арқылы орындай алады.

Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) – электрондық оқыту жүйесінің негізгі бір құрамды бөлігі. Олар – оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті сандық формада көрсетілген фотосуреттер, көркем үзінділер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуальды нақтылық пен интерактивті модельдеудің объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, таңбалық объектілер мен іскерлік графика, мәтіндік құжаттар мен басқа да оқу материалдары.

Білім беру үдерісінде ЦБР-ды қолданудың негізгі әдістері:

- ЦБР-ды пайдаланудың ең танымал түрі, ол – электрондық құралды жаңа материалды түсіндіргенде немесе жаңа сабақты бекіткенде қолдану әдісі. Бұл жағдайда анимациялық, бейне үзінділер, дыбыстық файлдар, графикалық кескіндерді көрсету сияқты ЦБР-ды пайдаланған дұрыс.

- Оқушының өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған ЦБР-дағы үлкен мүмкіндіктерді пайдалану әдісін атауға болады. Мұндай әрекет үй тапсырмасын, сынақ және т.б. даярлауда орындалуы мүмкін. АҚПО құрамына кіретін ЦБР материалдарына жобалау қызметінде де сұраныс бар. Бұл жағдайда оқу комплексінің барлық материалдары: анимация, бейне, дыбыстық сүйемелдеу, интерактивті компоненттер, суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар және қарапайым мәтіндер де пайдалы болуы мүмкін. -ЦБР-ды әртүрлі бақылауларды (кіріс, ағымдық, кесінді, қорытынды) ұйымдастыруға қолдану әдісін атауға болады. Мұндағы бақылау-диагностикасы оқушылардың компьютерлік тестіленуі жайлы.

-Мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы ЦБР-ды нақты бір пән не бағыт бойынша топтастыруға мүмкіндік беретін әдіс. Бұл сақталған ресурстардың қорын жасап, оларды бір жүйеге келтіріп, оқушыға да, мұғалімге де тақырып бойынша қажетті ресурсты жылдам іздестіруге көмектеседі.

-ЦБР-ды лабораториялық жұмыстарды орындау кезінде және көптеген курстарда қарастырылатын әртүрлі топтық іс-әрекеттерде қолдану әдісін атауға болады.

-Оқушыларға мұғалімнің қатысуынсыз өздеріне ығайлы уақытта, өз темпінде теориялық материалдармен танысуға, лабораториялық жұмыстар мен тестік тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру әдісін айтуға болады. Бұл әдіс уақытша жұмысқа жарамсыз оқушылар үшін, үйде оқитын немесе жолсапарда жүрген балаларға өте тиімді.

География сабағында ақпаратпен жұмыс істеу кезінде дамитын келесі білік, дағдыларды атауға болады

- ✓ Ақпаратты ауызша және жазбаша түрде көрсету, түрлендіру, жаңа ақпарат ұсыну;
- ✓ Ақпаратты талдауда логикалық біртұтастығын сақтау;
- ✓ Жаңадан ұсынылған ақпараттың нақтылығын және ілгеріден белгілі ақпараттың ақиқаттығын көрсету үшін дәлелдер келтіре білу;
- ✓ Каталогтар, библиографиялық баспалар, ақпаратты жүйелеудің электронды құралдарын пайдаланып ақпарат іздеу және табу;
- ✓ Ақпарат көздерімен жұмыс істегенде нақты мақсат қою;
- ✓ Мәтіндегі негізгі ойды тұжырымдау, анықтамалардағы түйінді сөздерді анықтай білу,
- ✓ Ақпаратты басқаша ықшамды түрде көрсету білу (мысалы, жоспар, алгоритм, кесте, логикалық сызба, тезис, түйіндеме, қысқартылған жазбалар, реферат түрлерінде)
- ✓ Ақпаратты толықтыра көрсете білу (мысалы, формулаларды, теңдеулерді оқу арқылы);
- ✓ Визуалды ақпаратты сөзбен сипаттау немесе сөзбен берілген ақпаратты графиктік, символдық т.б. түрде түрлендіріп көрсете білу.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. География сабағында карталар мен сызбанұсқаларды қолданудың маңызы қандай?
2. Карта мен сызбанұсқаларды қолдану арқылы оқушыларға географиялық ақпаратты қалай тиімді жеткізуге болады?
3. География сабағында әртүрлі карта түрлерін қолдану кезінде қандай әдістерді пайдалану тиімді?
4. География сабағында карталарды дұрыс оқу дағдыларын дамыту үшін қандай әдіс-тәсілдер қолдануға болады?
5. Диаграммаларды талдау арқылы оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін қалай дамытуға болады?
6. География сабағында графиктер мен диаграммаларды қолданудың оқушының білімін бағалаудағы рөлі қандай?
7. География сабағында виртуалды экскурсиялар мен 3D модельдерді қолдану оқушыларға қалай көмектеседі?
8. Цифрлық ресурстарды қолданудың оқушының оқу процесіне әсері қандай?
9. География сабағында цифрлық платформалар мен онлайн құралдарды қолдану үшін қандай әдіс-тәсілдер тиімді?

ЛЕКЦИЯ №9. ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ САРАЛАУ ӘДІСТЕРІ

1. *Географияны саралап оқытудың тиімділігі*
2. *Оқыту үдерісін саралаудың мақсаты не?*
3. *Саралау тәсілдері.*

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінің ең басты міндеті-білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу болып отыр. Осы орайда елімізде білім беру саласында көптеген өзгерістер енгізіліп, сапалы біліммен қамтамасыз ету және қазақстандық білім беру жүйесін дамыту басты назардағы мәселе екені анық. Жалпы білім беру

саласындағы жаңа саяси ұстанымның сатылап іс жүзіне асуы егемен еліміздің өркендеу бейнесінің бір көрінісі.

Өркениетті елдермен тереземіз тең болуы үшін әлемдік білім аясына кіргізуді мақсат тұтқан еліміздің білім беру саясаты оқытуды демократияландыру, ізгілендіру арқылы жаңа сапалық деңгейге көтеруге көздейді. Осыған байланысты білім берудегі бірыңғайлықтан бас тартып көп нұсқалы білім алу жүйесіне бет бұрып тұрған жағдайда оқушылардың топтық ерекшелігімен қоса жеке танымдық ерекшеліктерін ескеріп, саралап оқытуды ұйымдастыру-бүгінгі мектеп өміріндегі өзекті мәселе.

Саралап оқыту әдісі географияны оқу үдерісінің оқушылардың әртүрлі топтарына арнайы бағдарлауды, оқушылардың жеке қабілеттерін ескеру мақсатында әртүрлі топтар үшін әртүрлі нысанда ұйымдастыруды көздейді, яғни, әртүрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін қамтиды. Саралап оқытуды ұйымдастырудың негізгі шарты күрделілігі, танымдық тұрғыдан қызығушылық туғызуы, мұғалім тарапынан берілетін көмектің сипаты жағынан ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану болып табылады.

Білім беру мазмұнын жаңартуда «География» пәнінің білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты пәннің мазмұнын сапалы меңгеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, басқа пәндермен сабақтастық арқылы жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениеттің үздік дәстүрлерінің негізінде оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту болып табылады. Сондықтан, географиядағы зерттеу тәсілдерімен байланысты саралап оқыту әдісін де қолданудың маңызы зор.

Оқыту үдерісін саралаудың мақсаты не?

Географияны оқытуда саралау әдісінің мақсаты — оқушыға қабілеттері мен бейімділіктерін барынша дамыту үшін, олардың жалпы білім мазмұнын меңгеру үдерісіндегі танымдық қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін жағдайлармен қамтамасыз ету.

Саралап оқыту – тұлғаның жеке ерекшеліктері (зияткерлік қызметтің қабілеттері, бейімдері) ескерілетін оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілі. Дидактикалық жүйенің элементтері ерекшеленетін оқушылар тобын құрумен сипатталады және дамуға төмендегідей қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған:

- оқушылардың дербес ерекшеліктерін ескеру;
- оқушыларды ерекшеліктерін ескере отырып топтастыру;
- оқу үдерісінің вариативтілігі.

Білім алушының нәтижеге қол жеткізуіне саралап оқытудың әсері қандай?

Саралау енгізілмейтін сынып-сабақ жағдайларында оқу үдерісі барлық оқушылар үшін бірдей ұйымдастырылып, оларға тиімділігі әртүрлі деңгейде болады. Оқушылардың жалпы зияткерлік қабілеттері әртүрлі, оларда оқу деңгейі де әртүрлі: бірі жаңа материалды өте тез игере алады, енді біріне жаңа материалды пысықтау үшін бірнеше рет қайталап, анағұрлым көп уақыт қажет болады, бірі жаңа ақпаратты құлақпен қабылдағанды, енді бірі көзбен қабылдағанды жөн көреді. Логикалық ойлауы жақсы дамыған және жаратылыстану-математика циклінің пәндерін жақсы меңгеретін, бірақ гуманитарлық пәндерге бейімі мен қызығушылығы жоқ оқушылар бар. Оқытуды саралау тұлғаның жеке ерекшеліктерін ескеру негізінде оқу үдерісін ұйымдастыруға, әртүрлі оқушылар үшін әртүрлі, бірақ барлығы үшін тұрақты бөлігін белгілей отырып міндетті болуы мүмкін білім беру мазмұнын барлық оқушылардың меңгеруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл ретте ұқсас жеке ерекшеліктері бар әр оқушылар тобы өз жолымен жүреді. Саралау жағдайындағы оқыту үдерісі оқушылардың танымдық қажеттіліктеріне, олардың жеке ерекшеліктеріне барынша жақындай түседі.

Сараланған оқытуды ұйымдастырғанда оқушылардың іс-әрекеттері қандай болуы мүмкін?

Сараланған оқытуды ұйымдастырғанда жасөспірімдердің зияткерлік қабілеттері, арнайы қабілеттері, қызығушылықтары және болашақ мамандығы ескеріледі: оқушылар өздері қызығушылық танытқан тақырыптар бойынша баяндамалар, рефераттар дайындайды, модельдер мен макеттер жасап, шағын зерттеу жүргізеді, яғни саралау әдісін қолдана отырып, география сабағын оқытудың төмендегідей бірқатар тиімділігі анық байқалады:

- барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады.
- мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді.
- барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізуге болады.

Саралап оқытудың тәсілдері

Тапсырма. Балаларға (жеке немесе топта) олардың меңгерген білімдеріне негізделген әртүрлі тапсырмалар беріледі.

Нәтиже. Балалар қойылған жалпы мақсатқа сәйкес бірдей тапсырмамен жұмыс істейді, бірақ мұғалім балалардың алдыңғы нәтижелерін ескере отырып, әр баладан әртүрлі нәтиже күтеді. Нәтиже дегеніміз – сабақтың соңында мазмұн бойынша оқушының алған білімін демонстрациялау әрекеті. Мұғалім мазмұнды меңгерту мақсатында тапсырма береді, барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады.

Жұмыс қарқыны. Балаларға ортақ тапсырма беріледі, бірақ оларды аяқтауға жұмсалған уақыт олардың дағдыларына қарай анықталады. Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді. Қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады. Негізгі тапсырмаларды түсіндіруге көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі.

Қорытынды: Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да, олардың нәтижелері әртүрлі болады. Мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауап бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді. Барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетінін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

Қолдау. Балалардың барлығы бірдей тапсырманы орындайды, бірақ олардың кейбіреуіне басқаларға қарағанда көбірек немесе азырақ қолдау көрсетіледі. Бұл тәсілді қолдану мұғалімге ерекше жауапкершілік жүктейді. Мұғалім мәселені шешуде өзінің қарапайым тілде егжей-тегжейлі түсіндіруін қажет ететін оқушылар және тек диалогке түсу арқылы бағытталуды ғана қажет ететін жлғары деңгейлі оқушылар тобын анықтауы тиіс.

Ресурстар. (дереккөздер) Балалар ортақ тапсырманы орындайды, бірақ айтарлықтай дамыған оқу немесе зерттеу дағдыларын қажет ететін әртүрлі ресурстар ұсынылады.

Бұл әдісті қолдануды сыныптағы кейбір оқушылар басқаларға қарағанда әлдеқайда күрделі әрі ауқымды ресурстармен жұмыс жасауға бейім болатынын ескерген жөн және осы арқылы тақырыпты әртүрлі қырынан алу үшін түрлі оқу материалдарын пайдалануға мүмкіндік береді дегенді білдіреді. Кейбір оқушылар сабақта негізгі мәтінмен жұмыс жасаумен шектелсе, қабілеті жоғары оқушылар жетілген деңгей сөздіктермен және күрделі идеялармен жұмыс жасауға қабілетті болады.

Топтау. Балалар ортақ тапсырманы орындайды, бірақ барлығының табысқа жетуін қамтамасыз ететіндей етіп топтастырылған. Оқытудың болжамды міндетіне қарай топ құруда тиімді көптеген тәсілдер бар: мүдделері ұқсас оқушылар (қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі), талаптары әртүрлі оқушылар, джигсо топтары, кәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топ, аралас гендерлік топ, ұйымшыл топ. Топтық жұмысты орындау үшін бір топта қандай оқушылардың болатыны маңызды емес.

Оқушылардың дербес ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім алдымен, олардың ықылас - жігерін, еске сақтау мен ойлау қабілеттерін, ынтасын, жалпы білім деңгейін зерттеуі қажет. Бұл ерекшеліктерді айқындау үшін білімді меңгеру деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар дайындау, оқушы біліміне диагностика жүргізу, оқушыларға сауалнама, психологиялық тәжірибе жасау, ата - аналармен әңгіме жүргізу керек. Оқушылардың жеке ерекшеліктері сабақта сұрақ беру, кіріспе әңгіме, оқыған материалды т.б. тиянақтау сатыларында ескеріледі. Мәселен, үлгерімі жақсы оқушыларға берілген сұраққа тікелей жауап беру талап етілсе, орташаларына ойланып, қажетті есептеулер жасауға, суреттерін салуға уақыт беріледі, ал үлгерімдері төмендеріне жетелеу сұрақтарың тізімі, жауап берудің жоспар үлгісі ұсынылады. Олай болса, сапалы да саналы білім берудегі ұстаздардың орны ерекше екендігі де даусыз.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. География пәнін саралап оқытудың оқушылардың танымдық белсенділігіне әсері қандай?
2. Саралап оқыту әдісі оқу жетістіктерін бағалауда қандай өзгерістер әкеледі?
3. География пәнін саралап оқытудың нәтижелерін бақылау мен бағалаудың ерекшеліктері қандай?
4. Оқыту үдерісін саралау арқылы мұғалім оқушылардың қандай қажеттіліктерін қанағаттандыра алады?
5. Оқыту үдерісін саралау барысында мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас қалай өзгереді?
6. География сабағында саралау тәсілдерін қолданудың негізгі түрлері мен ерекшеліктері қандай?
7. Саралау тәсілдері оқушылардың жеке қасиеттері мен білім деңгейіне қалай сәйкес келуі керек?

ЛЕКЦИЯ №10. «ГЕОГРАФИЯ» ЖӘНЕ «ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ ТІЛДІК МАҚСАТТАР

1. *География пәнінің академиялық тілі.*
2. *Академиялық тілді меңгеруге қолдау көрсету.*
3. *Тілдік дағдыларды меңгеру.*
4. *Тілдік мақсаттарды белгілеудегі етістіктер.*

Әр пәннің өзінің жеке сөйлеу стилі бар, оны нақты пәннің «академиялық тілі» деп атауға болады. Академиялық тіл пән мазмұнын меңгеру, ойлау және осы пәнде қолданылатын ұғымдармен жұмыс істеу қабілетін жақсартуға арналған басты құрал болып табылады. Академиялық тілді дамыту тұрақты назар аударуды талап етеді. Оқушылардың академиялық тіл мен пән мазмұнын толық игеруі үшін білім алу үдерісінде үнемі қолдау көрсетілуі қажет. Екінші немесе үшінші тілдер арқылы білім алатын оқушылардың басым бөлігі академиялық тіл мен пән мазмұнын игеруі үшін бүкіл оқу барысында қолдауды қажет етеді.

Тілдік мақсаттар академиялық тілді үйрену үшін маңызды құрал болып табылады. Оқушылардың өздерінен қандай нәтиже күтілетінін түсінуі тілдік мақсаттардың анық құрылуына байланысты. Сондай-ақ, тілдік мақсаттар мұғалімдер мен оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, қолдауына көмектеседі. Пән мұғалімдері оқушылардың пән мазмұнын меңгеріп, академиялық тілді дамытуына қолдау көрсетеді.

Академиялық тілді меңгеруге қолдау көрсету үшін мұғалімдерге сабақ жоспарларына төмендегі сияқты оқу мақсаттарын жүйелі түрде қосу ұсынылады:

- оқушылардың назарын академиялық тілге аудару (мысалы, пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін қажетті терминология немесе тұрақты тіркестері бар лексиканы қолдану);

- сабақ барысында пән мазмұнының ұғымдарымен жұмыс істеуге қажетті жұмыс тілін ұсыну (мысалы, топтық жұмыс жүргізуге, сұрақты дұрыс қоюға, жағдайды талдап, пікірталас жүргізуге қажетті сөздер мен сөз тіркестері);

- алдын ала оқыту және пәнді оқуда дұрыс қолдана білу үшін қажетті терминология мен тіркестер жиынтығын қамтитын лексиканы алдын ала орынды жағдайларда пайдалану;

- түрлі мақсаттарға қол жеткізу үшін оқушылардың тілдік дағдылардың барлық төрт түрін түрлі комбинацияда (мысалы, оқылым-тыңдалым, оқылым-жазылым, оқылым-айтылым, тыңдалым-жазылым және т.б.) қолдануы;

- оқушыларды пікірталас, диалогтерге қатыстыру (мысалы, оқушыларды толық жауап беруге ынталандыру, білу деңгейіндегі сұрақтармен шектелмеу, пікірталас тиімді болуы үшін оқушыларды өз білімін қолдануға түрткі болу, сондай-ақ оқушылар диалогке қатыса алуы үшін қажетті лексикалық қормен қамтамасыз ету);

- тіл үйренуге тән оқу дағдыларын дамыту (мәселен, таңдап алынған материалдарды тыңдау, түсіндіру, металингвистикалық және метатанымдық сананы дамыту, басқаша тұжырымдау, сөздікпен жұмыс істеу дағдылары);

- тіл туралы сыни ойларын дамыту (мысалы, тілдерді салыстыру, оқушыларды тілді барынша нақты пайдалануға ынталандыру, тілді үйренудегі жетістікті бағалау);

- сабақ басында тілдік мақсатты белгілеу және сабақтың соңында осы мақсат бойынша қол жеткізілген жетістіктерді талқылау.

Тілдік мақсат үлгісі оқу жоспарының әр бөлімінде көрсетілген. Сонымен қатар, тілдік мақсат үлгісінде академиялық тілдің құрамдас бөліктері ұсынылған, оны оқушылардың есте сақтап, пайдаланулары керектігін ескерту маңызды. Бұл құрамдас бөліктер төмендегі тақырыпшаларда ұсынылған:

- пәнге тән арнайы лексика және терминология;
- диалог/ жазылымға арналған пайдалы сөз тіркестері. Егер пәннің тілі анық әрі оқушыларға түсінікті болса, бұл олардың пән бойынша оқу мақсаттарына ғана емес, тілдік мақсаттарға да қол жеткізуіне көмектеседі.

Тілдік мақсаттарды белгілеу үшін келесі етістіктерді пайдалануға болады: саралау, санаттарға бөлу, таңдау, жіктеу, салыстыру, байланыстыру, қарсы қою, көшіру, құрастыру, сынау, анықтау, суреттеу, әзірлеу, бағамдау, түсіндіру, мысал келтіру, жорамалдау, анықтау, негіздеу, келіссөз жүргізу, болжау, өндіру, балама шешім ұсыну, себебін түсіндіру, пысықтау, қайта ұйымдастыру, басқа сөзбен айту, мазмұндау, қайта қарап шығу, көшіріп алу, рөлдік ойын ойнау, қорыту, жинақтау және жазу, түрлі мақсатта пайдалану, өз сөзімен анықтама жазу, безендіру.

Тілдік мақсаттардың бірқатарын пән мазмұнына сай оқу мақсаты ретінде қарастыруға болғанымен, мазмұн мен тілдің бөлінуі оқушылардың мазмұнға да, тілге де баса назар аударуына көмектеседі. Сонымен қатар, бұл жауап/ шешімге назар аударумен қатар, сол жауап/шешімді іздеу үшін қолданылатын үдерістерге назар аударылуын теңдестіруге көмектесе алады. Атап айтқанда, осы үдерістерге баса назар аудара отырып, тілдің барынша нақты қолданылуын және ойлау әрекетін жақсартуға болады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. География пәнінің академиялық тілі дегеніміз не және оның ерекшеліктері қандай?
2. География пәнінде академиялық тілдің терминдер мен ұғымдар қолданылуының маңызы қандай?
3. Академиялық тілді меңгеруге оқушыларға қандай әдіс-тәсілдер арқылы қолдау көрсетуге болады?

4. География сабағында академиялық тілді меңгеруге қолдау көрсетудің қандай маңызды аспектілері бар?
5. Мұғалім оқушылардың академиялық тілді меңгеруіне қандай кері байланыс береді?

ЛЕКЦИЯ №11. ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ӘДІСТЕРІ

1. *Ашық тапсырмалар.*
2. *Жабық тапсырмалар.*
3. *Логикалық тапсырмалар.*
4. *Географиялық диктанттар*

Қалыптастырушы бағалау-оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі.

Жиынтық бағалау- белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) сондай-ақ оқу бағдарламаларындағы бөлімдер ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде балл және баға қою арқылы жүргізілетін бағалау түрі.

Жиынтық бағалау үдерісі:

Бөлім ортақ тақырып бойынша	Тоқсан бойынша
- Бөлім бойынша оқу;	- Тоқсандағы барлық бөлімдердегі оқу мақсаттарын қамтиды мақсаттарын қамтиды
- 5-20 минут уақыт беріледі	- Сабакқа берілген уақытта орындалады
- Ойлау деңгейлері мен бағалау критерийлеріне сәйкес жүргізіледі	- Жиынтық бағалау спецификациясына сәйкес өтеді
- Балл дескрипторларға сәйкес қойылады	- Нәтижесі балл қою ережесіне сәйкес қойылады
- Кері байланыс беріледі	- Тоқсандық бағаға әсеретеді 50%
- Тоқсандық бағаға әсеретеді 50%	

Бөлім ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырма оқу мақсаттарымен бағалау критерийлеріне сәйкес құрастырады.

Жиынтық бағалауға арналған тапсырмалардың үлгілерін дайындайды.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау нәтижесі бойынша мұғалім *рубрика* толтыру арқылы ата-аналармен кері байланыс жасау үлгілерімен жұмыс жасайды.

1. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысына негізделгендігін анықтап, меңгеріне ықпал жасалады.
2. Критериалды бағалау қағидаттарынталдайды.
3. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырмаларын ойлау дағдыларының деңгейлерін ескеріп жасауға қалыптасады.
4. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырмаларын жасайды.

Тапсырмалардың мынадай түрлері бар:

Жабық тапсырмалар - педагогика мен психологияда кең қолданылатын тапсырмалардың түрі. Мұндай тапсырманы құрастыру оңай және олар оқушылардың түсінуіне жеңіл болады.

Тапсырманың дидактикалық мазмұны сақталған жағдайда жабық тапсырмалардың ішкі құрылымы әр алуан болуы мүмкін. Бұл бір дидактикалық материал негізінде сандық және сапалық сипаттамалары әртүрлі бірнеше тапсырма дайындауға мүмкіндік береді.

Алайда оқу процесінде үнемі тек жабық тапсырмаларды қолданған жағдайда оқушылардың білім-дағдылары толық жинақталмаған, шектеулі болады.

Практикада жабық тапсырмалардың бірнеше түрлері кеңінен қолданылады:

Жауабында көп таңдауы бар тапсырмалар: бір дұрыс жауабын таңдау немесе бірнеше дұрыс жауабын таңдау тапсырмалары;

сәйкестендіруге арналған тапсырмалар;

реттілікті анықтау тапсырмалары;

тұжырымның шындық немесе жалған екенін анықтауға арналған тапсырмалар (Ақиқат немесе жалған тапсырмалары)

Тұжырымның шындық немесе жалған екенін анықтауға арналған тапсырмалар.

«Шындық/Жалған» тапсырмасы – бұл тұжырым түрінде берілетін жабық тапсырма, оқушылар берілген тұжырымның ақиқат немесе жалған екенін анықтауы қажет. Басқаша айтқанда, әр сұрақтың тек екі мүмкін жауабы болады, оқушы сол екеуінің біреуін таңдайды. Мұндай тапсырмалар білу және түсіну дағдысын тексеруге қолайлы. Оқушылар тапсырманы тез түсініп, тез жауап беруі мүмкін; мұндай тапсырманың көмегімен үлкен мазмұнды қысқа уақыт ішінде қамтуға болады

Мұндай тапсырмаларды қызығушылықты арттыру және талқылау сұрақтарын енгізу үшін сабақта тиімді қолдануға болады. Бұл алдыңғы сабақтағы жетілдіруді қажет ететін проблемалық тұстарды анықтау, оқушыларды жаңа тапсырмаларды орындауға ынталандыру, күнделікті сабақта сұрақ-жауап түрінде қысқаша викторина өткізу үшін қолдануға ыңғайлы құнды құрал болып табылады.

Келесі жабық тапсырма түрі – *сәйкестендіру тапсырмалары*.

Сәйкестендіруге арналған тапсырмалардың түрлері көп. Оның қарапайым түрлерінің бірі – екі бағанды салыстырып, сәйкестендіру тапсырмасы: бірінші бағанда жауап беруге тиісті сұрақ немесе тапсырма жазылады, ал екінші бағанда сәйкестендіруге арналған олардың жауаптары көрсетіледі. Мұнда бірінші бағандағы тапсырмалардың саны мен сәйкес жауаптар саны бірдей болады. Алайда бұл жерде бірнеше қауіп бар: оқушылар жауапты болжамдап дұрыс табуы мүмкін. Сонымен қатар егер оқушы бір жауабында қателессе, бұл оның одан әрі де қателесуіне себеп болады. Мынадай жағдай болуы да мүмкін: егер оқушы біреуінен басқа барлық сұрақ бойынша сәйкестікті дәл білсе, жауабын білмейтін сұрақтың шешімі өздігінен айқын болып шыға келеді.

Дұрыс жауапты болжамдап табу мүмкіндігін азайтудың бірден-бір тәсілі – бірінші бағандағы сұрақтардың санына қарағанда екінші бағандағы жауаптар санының көп болуы. Бұл жағдайда да оқу материалы негізінде біртекті белгілері бойынша екі бағаннан тұратын тапсырма анықталады. Екінші бағанда біріншісіне қарағанда бірнеше қатар артық болуы қажет, ал дұрысында екі есе көп болғаны жөн.

Нәтижені өңдеуге қолайлы болуы үшін сол бағандағы қатарларды санмен, ал оң бағана қатарларын бас әріптермен белгілеу ұсынылады. Оқушы тапсырманы қолайлы психологиялық жағдайда қабылдап, ойланып жауап беруі үшін жазу қарпі өлшемінің де маңызы бар. Бағанның жоғары жағындағы тақырыпшалар бас әріптермен жазылады, бағандағы сөздер кіші әріптермен жазылады. Сол жақ бағандағы қатардың саны 4-5-тен аспауы қажет екенін ескерген жөн.

Әрине, жекелеген мысалдарда, жоғары деңгейде құрастырылған жағдайда бір сұраққа бір жауап келетін сәйкестендіру тапсырмасын құрастыру орынды болады.

Сәйкестендіру тапсырмалары оқиға, мерзім, атаулар мен оқиға болған жерлерді білу маңызды болып саналатын жағдайларда білімді тексерудің барынша тиімді тәсілі болып табылады.

Сәйкестендіру тапсырмалары әр түрлі эксперименттерді, олардың нәтижелерін, арнайы терминдер мен анықтамаларды есте сақтауды қажет ететін жаратылыстану ғылымы сабақтарында қолдану үшін ыңғайлы.

Жабық тапсырмалардың келесі түрі – көп таңдаулы жауабы бар тест тапсырмасы. Мұнда бір дұрыс жауабы бар және бірнеше дұрыс жауабы бар тест құрастыруға болады.

Көп таңдаулы бар тапсырма – оқушының жауабы ұсынылған тізімнің көлемінде шектелген, дәйекті жауабы көрсетілген сұрақ түріндегі тапсырма. Мұндай тапсырма екі компоненттен тұрады: *тапсырманың мәтіні* және *жауап нұсқалары*. Мұндағы дұрыс жауап – тапсырманың *кілті*, ал дұрыс емес жауаптары *дистракторлар* болып табылады.

Тапсырманың мәтіні барынша қысқа болып, сұрақтың мазмұнын анық көрсетуі тиіс. Оның сауатты құрастырылуы өте маңызды. Мәтіннің, тапсырма шартының күрделілігі сұрақты түсінуді қиындатады. Тапсырма орфографиялық және грамматикалық ережелерді сақтай отырып құрастырылуы тиіс.

Жабық тапсырмаларды сабақ беру барысында қалай қолдануға болады?

- Білімді тексеру:

Жабық тапсырмалар көбінесе білімді тексеру үшін қолданылады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың қай деңгейде екенін, негізгі ұғымдарды қалай түсінгенін анықтауға көмектеседі.

- Бағалау:

Бұл тапсырмалар оқушыларды бағалауда тиімді. Олар оқушылардың білімін жедел және объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді.

- Оқушының өзін-өзі бағалауы:

Оқушыларға жабық тапсырмаларды шешкенде өз білімдерін тексеруге, қай жерде қателік жол бергенін анықтауға мүмкіндік туады.

- Кері байланыс:

Оқушылар дұрыс жауап берген жағдайда мұғалім оларды мадақтап, дұрыс шешімді қалай таңдағанын түсіндіріп, қателескен жағдайда қатені түсіндіру арқылы түзету жұмыстарын жүргізеді.

- Тақырыпты пысықтау:

Жабық тапсырмалар сабақты пысықтау үшін де қолданылуы мүмкін. Олар жаңа тақырыпты түсінгендігін тексеру немесе өткен тақырыпты қайталау мақсатында қолданылады.

Жабық тапсырмалар сабақты әртараптандыруға, оқушылардың белсенділігін арттыруға және олардың ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Ашық тапсырмалардың артықшылығы мен кемшіліктері.

Артықшылығы

Кемшілігі

Тақырып мазмұнының басым бөлігін қамтуға мүмкіндіктің болуы

Шығармашылыққа, жүйелі және стандартты емес ойлауға, оқушының білім, дағдысы мен қабілетін түрлі тәсілдер арқылы көрсетуге мүмкіндік болуы

Дайын өнім құруға мүмкіндіктің болуы

Дәлелді жауап беру арқылы оқушының өзін көрсетуге мүмкіндіктің болуы

Тақырып мазмұнының басым бөлігін қамтуға мүмкіндіктің болуы

Шығармашылыққа, жүйелі және стандартты емес ойлауға, оқушының білім, дағдысы мен қабілетін түрлі тәсілдер арқылы көрсетуге мүмкіндік болуы

Дайын өнім құруға мүмкіндіктің болуы

Дәлелді жауап беру арқылы оқушының өзін көрсетуге мүмкіндіктің болуы

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Ашық тапсырмалар арқылы оқушылардың қандай дағдыларын дамытуға болады?
2. Ашық тапсырмаларды қолдану арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдыларын қалай дамытуға болады?
3. Ашық тапсырмаларды орындау кезінде оқушылар қандай қиындықтарға кездеседі және оларды шешу үшін қандай әдістерді қолдануға болады?
4. Жабық тапсырмаларды қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейін қалай тиімді тексеруге болады?
5. Жабық тапсырмаларды бағалауда қандай әдіс-тәсілдер мен критерийлер қолдануға болады?
6. Логикалық тапсырмалардың тиімділігі оқушылардың сыни ойлауын дамытуға қалай әсер етеді?
7. География сабағында логикалық тапсырмаларды қалай дұрыс құрастыруға болады?
8. Логикалық тапсырмаларды шешу барысында оқушылардың ойлау қабілетін қалай нығайтуға болады?

ЛЕКЦИЯ №12. ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

1. *Зерттеуге негізделген оқу және зерттеу жұмыстарын түрлері.*
2. *Ғылыми жобалардың жіктелуі.*
3. *Жобалық тапсырмалар.*

Әлемдік бірлестікте жаңа тенденциялардың дамуына байланысты білім беру жүйесі маңызды ресурс болып келеді. Бұл таңда оқушылардың өз бетінше білімдерін толықтыру, жаңа білімдерді алу тәсілдерін үйрету міндетіне көп мән беріп тұр. Мұндай жағдайда өзекті мәселенің бірі — өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, қоршаған ортадағы белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты жеке тұлғаның алдына мындай талаптар қойылып тұр: креативтік, белсенділік, ой-өрісінің кеңдігі, шығармашылық әрекетке қызығушылығының басымдылығы.

Мұның өзі баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, дарын иелерін жастарынан таңдай білу, оларды ерекше жетілдіруді талап етеді. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерге жасалған теориялық талдаулар дарындылық пен шығармашылықтың табиғаты шексіз екенін, сондай-ақ оған ықпал ететін факторлардың да сан қырлы болатынын

көрсетеді. Бірақ, дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі әлдеқайда тиімді болып табылады.

Баланы ізденушілікке баулу, оған ғылыми зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды мәселесі болып саналады. Ғылыми зерттеу дегеніміз ғылыми әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белгілі бір объект жөнінде жаңа білім қалыптастырумен аяқталатын жүйелі және арнайы мақсатқа көзделген объектілермен танысу. Балаларды оқытуда зерттеу әдісін қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығушылығы қоршаған ортасына деген құштарлығының басымдылығымен түсіндіріледі. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді.

Зерттеуге қызығушылықты тудырудың маңызды алғышарты ретінде іс-әрекеттің кең әлеуметтік түрткілерін тәрбиелеу, оның мағынасын ұғыну, өз іс-әрекеті үшін зерттеп отырған үрдістерінің маңыздылығын түсіну болады. Осыған орай Аристотельдің мынандай сөзі бар: «Таң қалу арқылы адамдар философияға жақындай бастайды, олар алдындағы қиын мәселені шеше келе одан ары жолдың жалғасында одан да қиын мәселелердегі қиындықтарды түсінеді», яғни қызығушылық зерттеу әрекетінің қозғаушы күші. Қазіргі жас жектіншектердің негізгі міндеті – білім алу, ғылымды игеру. Білім-ғылымсыз ешбір қоғам алға баспайды, ешбір мемлекет күшеймейді.

Келешек мемлекетіміздің тағдыры білімді жастарға байланысты, бұл туралы Елбасы былай дейді: «тұрақты дамуға қол жеткізу үшін біз интеллектуалдық элитаға, жоғарғы технологияға, еліміздің ғылыми әлеуетіне сүйенуіміз қажет. Тек өзінің интеллектуалдық әлеуетінің арқасында ғана ел әлемдегі өзінің орнын ала алады». Ал іздену жұмыстары оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастырады.

Себебі, біріншіден, зерттеу барысында оқушылардың коммуникативтік мүмкіндіктерін дамытады: категориялық ұғамдарды қабылдау үшін базистік, арнайы терминдердің мәнін ұғыну керек. Мағлұматтарды түсініп қабылдамайынша, оқушы басты мәселелер бойынша қандай да бір шешім қабылдай алмайды. Екіншіден, зерттеу әрекеті ақпараттық қызмет атқарады: тақырыбына байланысты белгілі жүйелер және олардың құрамдас бөліктерін, құрылымдары, заттар мен құбылыстардың арасындағы өзара байланыстарды ашып көрсетеді. Сонымен қатар, Адам мен қоршаған ортамен байланыс жасаудың дағдысын игеру мүмкіндігіне ие болады. Біртіндеп ғылыми көзқарасы қалыптасады. Үшіншіден, зерттеу оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруға ең басты, ой-өрісін, жауапкершілігін, еңбекқорлық, шыншылдық, өзара қамқорлық, әдептілік пен сыпайлықты дамытуға үлес қосады.

Аталған негізгі коммуникативтік, ақпараттық және тәрбиелік мақсаттарға қол жеткізу үшін интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті жоғары балалардың өз бетімен білім алу мүмкіндігі болуы тиіс. Осы жерде оқушының зерттеу мәдениетінің қалыптасуына көмек беру мұғалімнің негізгі міндетінің біріне айналады. Бұл оқу-әдістемелік жұмысты жаңаша құруды талап етеді. Осыған орай мектебіміздегі эксперимент алаңында ұйымдастырылған «Зерттеу мәдениетін қалыптастыру» курсы бойынша жинақтаған тәжірибемізді ортаға салғымыз келді.

Зерттеуші-білім алушы өзінің табиғатынан зерттеуге бейім болып келеді. Білуге құмарлық, бақылау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізу баланың балалылығымен жүретін процесс. Зерттеу, іздеу белсенділігі-баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс. Зерттеушілік әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу процесінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қараумен түсіндіріледі. Оқушының өз бетінше зерттеу жүргізуі оның жеке талабын қанағаттандыру мен көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлкен ықпал етеді. Одан басқа, өз бетінше зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде қабылдамай, өз зерттеуі арқылы алады.

«География» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша жаңартылған жалпы білім беру бағдарламаларының аясында зерттеуге негізделген оқу белсенді оқу қағидаттарын ұстанатын қуатты педагогикалық құрал болып табылады. Сонымен қатар, ол оқушылар дәлелдерді бірлесіп талқылап, құрып, талдай алатын тиімді орта бола алады .

Білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы пән бойынша негізгі орта білім берудің оқу бағдарламалары әртүрлі тақырыптық бірліктерді құруды және іске асыруды көздейді. Оларды зерделеуде зерттеуге негізделген оқу тәрізді педагогикалық тәсілдер қолданылмаған жағдайда, оқушылардың қызығушылығын қанағаттандыра алмау мүмкін.

Оқушылар түсінікті қалыптастыру арқылы өздерінің қол жеткен деңгейінен Жақын арадағы даму аймағына өте алады (ЖАДА, Vygotsky, 1978). Оқушы өзінің Жақын арадағы даму аймағында әрекет еткен кезде, оған «дамытушы оқыту» деп аталатын қолдау қажет. Мұндай дамытушы оқуды жұмыс жоспары, оқулықтар және т.б. көмегімен мұғалімдер, құрдастары жүргізе алады. Оқушының жеке әрекетіне қарағанда сабақта «көпіршелердің» көмегімен оқу мақсаттарына барынша толық қол жеткізу мүмкіндігі бар.

Оқушы жетістіктерге жете бастағанда, оған ары қарай қолдаудың қажеті болмайды және соңында ол дербес жұмыс жасай алады. Оқытуға қолдау көрсету мақсатында мұғалімдер дамытушы оқытудың қажетті деңгейін ұсынуы керек, уақыт өте келе оның деңгейі азаяды (немесе тоқтайды). Дамытушы оқу толық тоқтатылған кезде ғана оқушы қажетті түсініктерді толық меңгерді деп айтуға болады.

Зерттеу кезеңдері

Кезеңдер	Жаттығулардың негізгі тақырыбы	Сұрақтардың түрлері
Алғашқы дайындық	Оқушыларға тақырыппен танысуға мүмкіндік беру. Тақырып бойынша оқушыларды қызықтыратын мәселелерді анықтау.	Тақырып қандай? Неліктен осы тақырыпты зерттеу қажет?
Зерттеуге дайындық	Оқушыларға осы тақырып бойынша бұрыннан белгілі нәрселерді анықтау. Оқушыларға жұмыс істеу бағыты мен нысанын белгілеу. Тақырып бойынша орындау керек жұмыстар мен жаттығуларды жоспарлауға көмектесу.	Біз бұл тақырып туралы не білеміз? Осы тақырыпқа қатысты не ойлайсындар? Бұған тағы кім көз жеткізді? Сен не ойлайсың?
Зерттеу	Оқушылардың білімге қызығушылығын одан әрі ынталандыру. Бұған дейін қойылған сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік беретін жаңа ақпарат ұсыну. Болашақта зерделеу үшін басқа да сұрақтар ұсыну. Оқушылардың білімін, құндылықтары мен түсініктерін тексеру. Оқушылардың алдағы уақытта орындалатын жаттығулар мен жүргізілетін жұмыстарды түсінуіне көмектесу.	Біздің нақты нені білгіміз келеді? Мұны істеудің ең тиімді жолы қандай? Ақпаратты қалай жинаймыз?

Сұрыптау	<p>Оқушыларға «зерттеу» кезеңінде анықталған ақпараттар пен идеяларды сұрыптау мен таныстырудың нақты тәсілдерін ұсыну.</p> <p>Оқушылардың жинақталған ақпаратты өңдеуіне және әртүрлі тәсілдермен таныстыруына мүмкіндік беру. Нәтижелердің кең ауқымды болуына мүмкіндік беру.</p>	<p>Ақпаратты қалай сұрыптай аламыз?</p> <p>Қандай байланыс орната аламыз?</p> <p>Ақпарат нақты, құнды және пайдалануға тұратынына қалай көз жеткізе аламыз?</p>
Алға ілгерілеу	<p>Тақырып аясын кеңейтіп, оқушылардың тақырыпты түсінгенін тексеру.</p> <p>Оқушыларға қолжетімді түсініктер аясын кеңейту үшін көбірек ақпарат ұсыну.</p>	<p>Біз қандай қорытындыларға келдік?</p> <p>Оларды қандай дәлелдермен негіздей аламыз?</p> <p>Нәтижелермен не істейміз? Біз қандай шара қабылдай аламыз?</p>
Байланыс орнату	<p>Оқушылардың не үйренгені туралы қорытынды жасауына көмектесу. Оқу үдерісінің барысы туралы және не үйренгені туралы рефлексия жасауына мүмкіндік беру.</p>	<p>Біз қандай қорытындыға келдік?</p> <p>Оларды қандай дәлелдермен негіздей аламыз?</p> <p>Нәтижелермен не істейміз?</p>
Әрекет жасау	<p>Оқушыларға өздерінің түсінігі мен өмірлік тәжірибесінің арасында байланыс орнатуға көмектесу.</p> <p>Оқушылардың таңдау жасауына және өзінің қоғамның табысты мүшесі бола алатындығына сенімін арттыруға мүмкіндіктер жасау.</p> <p>Тақырыпты одан әрі жоспарлау барысында оқушылардың түсінігін ескеру.</p>	<p>Біз қандай әрекеттер жасай аламыз?</p> <p>Тақырып туралы енді не ойлайсыз?</p>

Зерттеуге негізделген оқу оқытудың сындарлылық теориясына сүйенеді. Оқушыларға бағдарланған осындай тәсілді қолдану барысында оқушылар өздеріне сұрақ қояды, үйлестіруші, қолдау көрсетуші ретінде әрекет ететін мұғалімнің көмегімен фактілерді жай ғана ұсынбай, тиісті сценарий әзірлеу арқылы мәселелерді зерделейді. Оқушылар тақырыптарды зерттеу үшін ресурстарды пайдаланып, өз қорытындыларын жасайды. Бұл анағұрлым терең білім алып, пәнді түсіну үшін қажетті айтарлықтай жоғары деңгейлі дағдыларды қалыптастырып дамытуға көмектеседі. Әдетте зерттеуге негізделген оқу әлеуметтік мәселелермен байланысты пәндер үшін қолдануға анағұрлым бейім келеді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Зерттеу жұмысының түрлерін оқушылардың қызығушылықтары мен білім деңгейіне сәйкес қалай таңдаймыз?

2. Зерттеу жұмыстарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда қандай әдіс-тәсілдер тиімді?
3. Зерттеу жұмысының нәтижелерін қалай талдау және бағалау керек?
4. Ғылыми жобаларды жүзеге асыру кезінде оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту үшін қандай әдіс-тәсілдер пайдаланылады?
5. Ғылыми жобаларға қатысқан оқушылардың нәтижелерін бағалаудың қандай критерийлері болуы мүмкін?
6. Ғылыми жобалардың нәтижелерін жариялау мен талқылау процесі қалай ұйымдастырылады?
7. Жобалық тапсырмалар арқылы оқушылардың қай дағдылары дамиды?
8. Жобалық тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін қалай дамытуға болады?
9. Жобалық тапсырмалар мен ғылыми зерттеу жұмыстары арасындағы айырмашылықтар қандай?

ЛЕКЦИЯ 13. ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН СЫНЫПТАН ТЫС ЖӘНЕ ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ, ОЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Қазақстан Республикасының дамыған бәсекеге қабілетті отыз ел қатарына ену туралы алдына мақсат қойған тарихи кезеңде Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жариялап, мақаланың «Туған жер» бөлімін іске асыру мақсатында ұлтжанды ел азаматтарын тәрбиелеуде өлкетану ұстанымы - жергілікті жерді оқыту өмірмен жақындастыруға қолдау көрсететін маңызды ұстанымдардың бірі екендігіне басты назар аударды. Қазіргі уақытта өзгеріп жатқан туған өлкенің тарихи, географиялық ерекшеліктері мен әлеуметтік-экономикалық мәселелері бойынша оқу мәліметтері толықтырылып, әлемдік білім қорына туған өлке шежіресінен, тарихынан, географиясынан не қосылды, қандай жаңа технологиялық жаңалық ашылды, ғалымдарымыздың мақтаныш тұтатын еңбектері қайсы, міне, осы мәселелер төңірегінде әдістемелік ізденістер жасалып, нәтижесі оқу үрдісінде көрініс табуы осындай игі бастаманың баспалдағы іспеттес.

Осыған орай мектепте география және тарих пәнін сыныптан тыс оқытуда өлкетану мәліметтерін қолданудың маңызы ерекше болып отыр. Географиялық-тарихи өлкетану туған өлкенің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихы мен мәдениетін зерттейді. Кешендік өлкетану осылардың бәрін бір-бірімен байланыста қарастыратын болса, салалық өлкетану, географиялық өлкетану, тарихи өлкетану, этнографиялық өлкетану, топонимикалық өлкетану сияқты жеке салаларын зерттейді.

Географиялық-тарихи өлкетану жұмыстары оқу және сыныптан тыс сияқты негізгі екі бөлімді қамтиды. Бұл бөлімдер тығыз байланыса отырып, бірін-бірі толықтырып отырады. Өлкетанудың оқу жұмыстарына сабақ, топсеруен жататын болса, ал сыныптан тыс жұмыстарға үйірмелер, далалық серуендер, викториналық ойындар, конференция, олимпиада және тақырыптық кештерді жатқызуға болады. Ал өлкетану әдістеріне далалық зерттеу, әдебиеттік шолу, картографиялық сызба жұмыстары мен статистикалық мәліметтерді іріктеу жатады.

Оқушылардың жалпы білім беретін мектептің пәндерінен тиянақты білім алуы үшін сыныпта өтілген сабақ пен үй тапсырмалары жеткілікті деу ұшқары ойлағанадық болар еді. Шынында, баланың сыныпта алған білімін молайтуда, меңгерген дағдыларын бекітіп, олардың шығармашылық қабілеттерін ұштауда сыныптан тыс жұмыстардың маңызы зор.

Географиядан мектепте сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу курсы географиядан әдістемелік даярлықты жетілдіретін, сыныптан тыс жұмыстар жүргізу бойынша теориялық білімді, практикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастыратын пән. Бұл пән география оқыту үдерісінен тыс оқушының география пәніне деген қызығушылығы мен таным белсенділігін арттырады.

Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарды қалай ұйымдастырудың жалпы және жеке әдістерін меңгертеді.

Географиядан жүргізілетін мектептен және сыныптан тыс жұмыстар барысында пәндік құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық шаттарына көңіл болу нәтижесінде оқушыларда экологиялық, экономикалық және туристік-өлкетану бағытындағы жаңа білім негіздері қалыптастырылады.

География пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстар, мектептегі география кабинетін көркемдеу әдістерін игеру; география пәні мұғалімінің жеке бас қасиеті арқылы Отан сүйгіштік тәрбие беру тәсілдері, педагогикалық такті және педагогикалық параметрлер жайында білімгерлерге толық мағлұмат беру басты міндеттер болып келеді.

Білімгерлердің шығармашылық ғылыми-ізденіс жұмыстарға, өздігінен білім алуына дайындығын қалыптастыруда таптырмас пәндер қатарына жатады.

География пәнінен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар мектептегі оқу-тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі болып табылады. Өйткені ол оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға негіз болып, аса маңызды оқу-тәрбиелік міндет атқарады. Сыныптан тыс жұмыстардың негізгі формаларының сипаты (географиялық үйірме, сыныптан тыс оқу, конференция, сауық кештер, топ серуен, география апталығы, олимпиада) мазмұны, жоспарлау және әртүрлі сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу әдістемесі. Топ серуен мектепте географияны оқыту формаларының бірі, оқытудағы өлкетану принципін жүзеге асырудағы, оқушылардың география ғылымы зерттеу әдістерімен таныстырудағы, оларды тәрбиелеудегі және таным әрекеттерін дамытудағы маңызы. Географиядан өткізілетін факультативтік сабақтар осы пәннен алатын білімнің белгілі бір саласын тереңдетуге, оқушылардың қалап алған бағыты бойынша қызығушылығын қанағаттандыруға бағытталады. Бұл сабақтардың болашақ мамандықты таңдау ісіне бағыттауда, географиялық білімнің қолданбалы маңызын арттыруда мәні зор.

Сыныптан тыс жұмысты ұйымдастырғанда және өткізгенде мақсаттың болмауы оқушы мен мұғалім арасындағы арақатынасты бұзатын формализмді туғызады, ондай жұмыстың еш тиімділігі болмайды немесе теріс нәтиже береді. Бастар алдында күтілетін нәтижелерді анықтап алу қажет. Бұл жалпы әлеуметтік тәжірибені меңгеру және құндылықтардың позитивті жүйесін қалыптастыру мақсатына жетуге көмектесетін міндеттерді тұжырымдауға көмектеседі. Ойластырылған әр шараның тәрбиелік міндеті мен мақсатының айқын тұжырымдамасы болуы қажет. Сонымен қатар, әр жұмыстың маңыздылығы оқушыға анық болу керек.

Сыныптан тыс жұмыстың өмірмен, еңбекпен, тәжірибиемен байланыс принциптің мәні қоғамдық өмірге белсенді қатысу арқасында, әрбір оқушыны және оқушы қауымын ұйымдастыру шындық ықпалымен жүргізуінде болады.

Қазіргі кезде өлкетанудың табиғатты және мәдени ерекшеліктерді қорғау міндеттеріне байланысты түрі дамып келеді. Соның ішінде географиялық өлкетанудың негізгі міндеті – туған өлке жөнінде, оның шаруашылығы мен мәдениетінің дамуы жөнінде білімнің артуына ықпал ететін түрлі ақпараттар, мәдениет, пайдалы қазбалардың үлгілері т.б. мәліметтер жинақтау. Өлкетанудың қоғамдық-саяси және мәдени-ағарту жұмысында да оқу тәрбие процесінде де маңызы зор. Өлкетану үйірмесі өте қызықты және онда танымжорықтар өткізу, коллекциялар, әдебиет және картографиялық материалдар жинау, өз өлкесінің географиялық сипаттамаларын жасау сияқты көптеген жұмыстар жасалынады.

Мектептік өлкетану деп біз нені айтамыз? Өлкетануға арналған әдебиеттерде өлкетану дегеннің өзі не екені туралы кезінде талас аз болған жоқ. Авторлардың кейбіреуі өлкетануды өз өлкесін зерттеуге арналған пән ретінде қарастырды. Кейбір авторлар оны, социалистік құрылысқа көмектесу мақсатымен, өз өлкесін барлық жағынан қамти және терең зерттеуге бағытталған кең өріс алған қоғамдық қозғалыс ретінде қарастырды және т.с.с.

Географияда өлкетану сабағын әңгіме, баяндау, тек түсіндіру арқылы оқыту айтарлықтай нәтиже бермейді. Баланы таң қалдыруды ұмытпа: “Даналыққа ұмтылу таң қалудан басталады”

дегендей, оқушылардың оқу материалын оқып-үйрену кезінде таным белсенділігі жоғары болатын сабақтар білім мен біліктілікті сапалы түрде меңгеруді қамтамасыз ете алады. Тиянақты білім беру, оқу үрдісін жандандыру түрлі әдіс-тәсілді тандай білуге, қолда бар көрнекілікке, құрал-жабдыққа, т. Б. Көптеген себептерге байланысты. Көрнекілік сабақтың танымдық құндылығын арттырады. Сондықтан бүгінгі таңда оқушыны қолдағы сурет пен үлестірме қағаздар қызықтыра қоймайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» болғандықтан, география кабинеті толықтай интерактивті тақта, компьютермен жабдықталса, оқушының сабаққа қызығушылығын арттары сөзсіз.

Географиялық кештер - сабақтан тыс жұмыстардың біршама кең көлемді шараларының бірі. Географиялық кештерге сабақтан тыс жұмыстардың бірнеше түрлерінің біріккені тән. Олар: баяндамалар, қабырға газеттері, викториналар, КВН, кездесу, географиялық мазмұнды кинофильмдер көрсету т.б. осындай сабақтан тыс жұмыстардың көп түрі оқушылардың жеке немесе топ болып географиялық кештерді ұйымдастыруына көмектеседі.

Географиялық апталық - сабақтан тыс жұмыстардың жаңа түрі. Ол оқушының география білімін арттыру үшін, сабақтан кейін, аптаның алты күні бойында жүргізіледі. Бұл түрдің негізгі артықшылығы оқушыларды әртүрлі жұмыс түрлеріне қызықтыру: географиялық конференция, мектеп ішіндегі олимпиада, жарыс (конкурс), географиялық кештерге қатысу. Жұмыс түрі география мен табиғаттану пәндері оқытылатын бүкіл сынып оқушыларының қатысуына мүмкіндік береді. Әртүрлі жастағы оқушылардың география деген танымдық қызығушылығы артады.

География сабағы бойынша өткізілетін сыныптан тыс жұмыстардың түрі ретінде **үйірме жұмыстары** болып табылады. Осы жұмыс формасын назарға ала отырып оқушыларға білім беріп қоймай оларды субъективті тұрғыдан қалыптастыру оқу процесінің айқын мақсаты. География пәнінен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар мектептегі оқу-тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі болып табылады. Өйткені ол оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға негіз болып, аса маңызды оқу-тәрбиелік міндет атқарады. Географиядан жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың қатарына:- географиядан факультативтік сабақтар, апталықтар ұйымдастыру;- географиялық ғылыми-көпшілік әдебиеттермен, күнделікті баспасөз материалдарымен танысунегізінде хабарламалар дайындау;- географиялық үйірме жұмысын ұйымдастыру;- қабырға газеттерін және әр түрлі көрнекіліктерді (макеттер мен букеттер) әзірлеу;- оқу формасына сәйкес бейнефильмдер мен ғылыми-көпшілік оқу фильмдерін көрсету;- географиялық кештер мен конференциялар, ойындар мен сайыстар, олимпиадалар, ойша саяхаттар ұйымдастыру;- туристік, экологиялық және танымжорықтар ұйымдастыру;- компьютерлік бағдарламаларды пайдаланып, қосымша деректер жинау жатады.

Мектепте өтілетін топсеруен - оқу тәрбие жұмысының бір түрі. Топсеруен бағдарлама бойынша жүргізіледі. Мұғалім алдын-ала топсеруеннің тақырыбын, өтілетін орнын, мерзімін анықтап, өзінің жылдық жоспарына енгізеді. Топсеруен оқу тәрбие жұмысының бір түрі болғандықтан, оқушылар іс-әрекеттерді табиғатта жайлы жағдайда, далада, мұражайларда, өзен аңғарында т.б. өткізеді.

Топсеруеннің маңызы:

- Топсеруен оқушылардың білімін тереңдетіп, ой-өрісін кеңейтеді.
- Оқушыларды іздемпаздыққа талпындырады.
- Оқушылардың іздемпаздығын арттырады.
- Өлкесін тануға, табиғатты зерттеуге талпындырады.
- Оқушылар заттарға дұрыс қарауға, адамның еңбегін бағалауға дағдыланады.

Топсеруен кезінде оқушылар табиғат туралы, оның дамуы және шаруашылықта пайдалануы туралы білім алып қана қоймай, сонымен қатар, болашақтағы еңбек жолын және политехникалық оқытудың міндеттерін шешу үшін зор маңызы болатын өздігінен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді. Топсеруенге шығудың бірнеше түрлері бар.

Бүгінгі таңда ел Президентінің “Қазақстан-2050” жолдауында атап айтқанындай “Отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз”. Мемлекетіміздің стратегиялық дамуындағы негізгі мәселелердің бірі-ауылдық елді-мекендердің әлеуметтік жағдайын көтеру және дамыту болғандықтан ауыл мектептерінің техникалық-базалық жабдықталуын жақсарту мақсатында мектеп реформасын талапқа сай жүргізу міндеті тұр.

Пән кабинеті-мұғалімнің оқушыларға сол пәнді терең игеруіне мүмкіндік туғызатын зертханасы. Пән кабинетінің оқу үрдісінің талабына сай жабдықталуы оқушының оқу бағдарламасын терең оқып, жеңіл игеруіне ықпалын тигізеді. Сондықтан оқу жылының басында мектебіміздің география кабинеті қазіргі заман талабына сай жабдықталып безендіріледі.

Географиялық алаң - география кабинетінің бір саласы болып табылады. Онда көптеген бақылау, тексеру жұмыстарын жүргізуге болады.

Дүниежүзінің көптеген өркениетті елдеріндегі мектептерде 30-ға жуық құралдары бар географиялық алаңдар бар. Алаңды жасау үшін алдымен метеорологиялық үйшік тұрғызу керек. Оны ағаштан құрастырып, ішіне барометр, гигрометр, термометр орналастырады. Термометрдің төменгі ұшы жер бетінен 2 м биіктікте болуы керек. Метеоүйшіктің есігі міндетті түрде солтүстік жаққа ашылуы тиіс, себебі температураны есептеп жатқан кезде күн сәулесі үйшіктің ішіне тікелей түсетін болса, термометр ауаның температурасын емес шыны түтіктің күн сәулесі қыздырған температурасын көрсетеді. Жауын-шашын мөлшерін өлшегіш географиялық алаңға жер бетіне жаңбыр, қар бұршақ түрінде түскен қарды жел үрлеп кетпеуі үшін жан-жағына қоршау орнатылады. Жаңбыр жауған соң шелектегі судың мөлшерін өлшейді. Соған қарап, егер жаңбыр суы топыраққа сіңіп немесе буланып кетпесе, жауын – шашын мөлшерін өлшегіш құралдардың жоғарғы бөлігі жер бетінен 2 м. биіктікте болу керек.

Сыныптан тыс сабақта жергілікті жерді зерттеу жұмыстары оқу мен тәрбиені бір жұмыс процесі ретінде қарауға негізделеді. Бұл жұмыстар нәтижесінде оқушылардың ойлау қабілеті дамиды, өздігінен білімін жетілдіреді, шығармашылық, қызығушылық, байқампаздық қасиеттері қалыптасады. Жұмыс жасау барысында алған білімдері мен тәжірибелерін іс жүзінде меңгеріп, өмірде пайдалануға жол сілтейді.

Сыныптан тыс жергілікті жерді зерттеу жұмыстары оқушыларды еңбек етуге тәрбиелеп, болашақ мамандығын таңдауға көмектеседі. Өлкетану жұмыстарымен айналысу барысында оқушылар нақты мысалдармен өлкенің табиғатын танып біледі, оны қорғауға, аялауға жауапкершілігін арттырады.

Туристік-өлкетану іс-әрекеттерінің адамға белгілі бір мақсатта әсер ету ерекшелігі ең алдымен, адамгершілік сезімдерін дамытады және тәрбиелейді, адамның барлық психологиясын белсендіреді, қоғамдық мәні бар құндылықтарға бағыттайды, сондай-ақ, оның еркін әрекеттегі дайындығын арттырады. Демек, туристік -өлкетану іс-әрекеттері патриоттық тәрбие беру процесінде екі салада қарастырылады. Бірінші жағдайда, ол тәрбиенің пәні ретінде қызмет атқарады, оның мазмұны болып заттар, адамдардың іс-әрекеттері саналады. Екінші жағдайда, туристік-өлкетану тәрбиенің құралы болып табылады, осы мәдени-рухани құндылықтарды терең эмоционалдық түрде қабылдауға мүмкіндік береді.

Сабақ мақсатын анықтаған соң, мұғалім осы мақсатқа қол жеткізу үшін сабақты қалай жоспарлау керек екендігін шешеді. Сабақ мақсатына жету үшін мұғалім бірқатар белсенді оқу тәсілдерін қолдана алады. Дәстүрлі дидактикалық оқыту әдістерінде жекелеген оқушының тұлғалық дербестігіне, ұмтылысы мен уәждеріне, мүдделері мен дағдыларына, оқу ерекшеліктеріне жеткілікті дәрежеде мән берілмейтін. Сыныптан тыс оқыту әдістері оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруға аса мән береді және бұл бағыттағы мұғалімнің табыстылығы оқушылардың оқу үлгеріміне оң әсерін тигізеді. Мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін, сонымен қатар, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақты барынша тиімді жоспарлауы керек.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. География пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстар дегеніміз не және олардың оқушы білімін дамытудағы рөлі қандай?
2. Сыныптан тыс жұмыстар барысында оқушылар қандай дағдыларды дамыта алады?
3. География сабағында сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру үшін қандай арнайы материалдар мен құралдар қажет?
4. Сыныптан тыс жұмыстың оқушылардың қоғамдық, экологиялық және мәдени түсініктерін дамытудағы маңызы қандай?
5. Өлкетану жұмыстары арқылы оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігі қалай қалыптасады?
6. География сабағында өлкетану жұмыстарының оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға қалай ықпал етеді?

ЛЕКЦИЯ №14. ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

1. *Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары.*
2. *Функционалдық сауаттылықтың формалары.*
3. *География және жаратылыстану пәндері бойынша логикалық тапсырмалар.*

Білім беруді жаңарту оқушы білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Оқушылардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту үшін білімін пайдалана білу дағдыларын қалыптастырады және қоғамға пайда келтіреді.

Функционалдық сауаттылық – білім берудің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы. Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Сонымен, функционалдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясындағы интелект индикаторының негізгі бағыттары болып Қазақстандық білім сапасының халықаралық зерттеулердің математика және жаратылыстану пәндері бойынша жасалынған рейтингке яғни TIMSS, PISA халықаралық зерттеулер стандарттарға, талаптарына сәйкес келуі саналады.

Қазақстан Республикасы TIMSS халықаралық зерттеулеріне 2007 жылдан, ал PISA халықаралық зерттеулеріне 2009 жылдан қатысып келе жатқандығы белгілі. TIMSS нәтижелеріне көңіл толса, PISA бағыты бойынша әлі көптеген жұмыстар атқару қажет етеді. PISA халықаралық зерттеулер бойынша зерттеу объектісі ретінде 15 жастағы жасөспірімдер алынады. Әлемнің дамыған елдерінде жасөспірімдер 15 жасында негізгі білім алу сатысынан өтіп, ересек өмірге қадам басады, сондықтан зерттеудің негізгі міндеті 15 жастағы жасөспірімдердің өз беттерінше өмір сүруге бейімделуін яғни білім, білік дағдыларын анықтайды.

Оқушылардың функционалдық сауаттылықтары оқу, жаратылыстану және математикалық сауаттылықтар бағыттары бойынша тексеріледі.

Сонымен қатар PISA тесіндегі тапсырмалар оқушыларға мәселелерді талдауға, ойластыруға, шешуге және түсінік беруге мүмкіндік туғызады, түсінеді.

Тақырыпты тұжырымдау:

Ұлттық жоспардың жоғарыда аталған мақсат, міндеттерін жүзеге асыруда төмендегідей тетіктері (механизмдері) нақтыланып, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін білім беру жүйесінде басшылыққа алынады. Олар:

- білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);
- оқыту нысандары мен әдістері;
- білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;
- мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;
- мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);
- барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;
- ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.

Мысалы: Тек картаны қолдана отырып қандай құбылыстарды, нысандар мен үдерістерді зерттеуге болатындығы туралы ойланады. Римге бармастан Колизейдің жанында не бар екенін білуге бола ма? Биікке көтерілместен өзіңіз тұрған елді мекеннің көшелерін жоғарыдан қалай көруге болады? Бұл не үшін қажет? Картографиялық және қашықтықтан зерттеу әдістері қандай мақсаттарда қолданылады деген сұрақтарға жауап беру.

Сыни тұрғыдан ойлау:

Оқушылар үшін басты мәселе – сыни тұрғыдан ойлауды үйрену, яғни оқушы жаңа ақпаратты қабылдап, оны саналы түрде зерттеп, сын елегінен өткізуі қажет. Оқушылар ақпаратты және идеяларды өз бетімен түсініп қабылдап қоймай, өзіңе пайдалысын алу керек. Осы тұрғыдан топтар тапсырмалар жасап қорғайды, өз пікірлерін ұсынады.

Сонымен, мынадай маңызды тапсырмаларды іске асырамыз:

- Оқушылар тапсырмаларды орындауда белсенділік көрсетеді;
- Оқушылардың өз ойларын айтуға қолайлы жағдай туғызады;
- Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады;
- Мұғалімдер оқушылардың бір-бірінің пікірлерін құрметтейтін ортаны қамтамасыз етеді;
- Сын тұрғысынан ойлауға көмектеседі.

Талқылау.

Қабілеттері әртүрлі оқушыларды оқыту барысында, әртүрлі технологияларды пайдалана отырып, функционалды сауатты тұлға қалыптастыра аламыз. География сабағында көбінесе проблемалық оқыту, сыни тұрғысынан ойлау технология элементтері мен тірек логикалық конспектілерді пайдалану. Осы тұрғыдан төмендегі аталған технологияларды қолданып, оқушылардың құзыреттілігін дамытуды талқылау.

1. Проблемалық оқыту технологиясы;
2. Сыни тұрғыдан ойлау;
3. Ақпараттық құзыреттілік;
4. Коммуникативтік құзыреттілік;
5. Әлеуметтік-құқықтық құзыреттілік.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. География мен жаратылыстану пәндері бойынша функционалдық сауаттылықтың формалары арасында қандай байланыс бар?
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін қолданылатын жеке және топтық жұмыстардың артықшылықтары қандай?
3. Функционалдық сауаттылықтың формалары оқушылардың тек қана білімдерін ғана емес, сонымен бірге оларды практикалық тұрғыда қолдану дағдыларын қалай дамытады?
4. Логикалық тапсырмалар арқылы оқушылардың аналитикалық және сыни ойлау дағдыларын қалай дамытуға болады?
5. География мен жаратылыстану пәндерінде логикалық тапсырмаларды қолдану оқушылардың зерттеу қабілеттерін қалай арттырады?
6. Логикалық тапсырмаларды бағалауда қандай әдіс-тәсілдер тиімді болады және олардың нәтижелері қалай өлшенеді?
7. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін олардың ақпараттық технологияларды қолдану дағдыларын қалай жақсартуға болады?
8. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда мұғалімнің рөлі қандай?

ЛЕКЦИЯ №15. САБАҚТЫ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЛАУ

1. *«География» пәнінің оқу бағдарламасының бөлімдері бойынша сабақтарды жоспарлау.*
2. *Сабаққа мақсат қою.*
3. *ҚМЖ құрылымдары*

Қалыптастырушы бағалау мүмкіндіктері қарастырылған орта мерзімді жоспар бойынша мұғалім әрбір жеке сабақтың жоспарын дайындайды.

Қысқа мерзімді жоспар немесе сабақ жоспарын дайындау барысында мұғалім оқушылардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, саралап оқыту тәсіліне ерекше назар аударғаны жөн. Қысқа мерзімді жоспар мұғалімнің сабақты тиімді құрылымдауына көмектеседі. Ол үшін мұғалім оқу материалы мен сабақтағы әрекетті мұқият іріктеп алуы керек. Әр сабақтан кейін мұғалім оқушылар меңгере алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабақты талдап, рефлексия жасап отыруы керек.

Қысқа мерзімді жоспарды құрған кезде мұғалім төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алуына болады:

- сабақты ұйымдастырғанда оқу бағдарламасы мен оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттарын басшылыққа алу қажет;
- сабақтың мақсатын анық тұжырымдау, яғни нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы мақсаттар қою;
- орта мерзімді жоспарда көрсетілген барлық іс-әрекеттерді, әдістемелік кеңестерді, ресурстарды мұқият зерделеу;
- мұғалімнің қалауы бойынша іс-әрекет түрі қажеттілігіне қарай толықтырылып отырады .

Мұғалім білімнің тек дара көзі ретінде емес, оқушылардың өздерінің оқу-танымдық қызметінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етуі тиіс.

Сабақты жоспарлауды бастағанда мұғалім бұл сабақтың мақсаты қандай болатынын шешеді. Сабақтың мақсаты оқу бағдарламасында қарастырылған оқу мақсатына сәйкес келуі керек, бірақ оқу мақсаттарының барлық тармақтарын қамтымауы мүмкін. Мысалы, «География» пәні бойынша 9-сыныптағы «Картография және географиялық деректер базасы» бөлімінің 2.1 Географиялық карталар бөлімшесі аясындағы оқу мақсаттарының бірі: 9.2.1.1 маңызды географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды карталардан көрсету барысында сипаттайды.

Бұл оқу мақсаты бірнеше сабаққа негіз болуы, ал сабақ мақсаттары әртүрлі болуы мүмкін. Сабақ мақсатында оқушының қадағалауға болатын іс-әрекеті, белсенділігі/мінезқұлқы сипатталып, оқушылар оқу нәтижесінде не үйренуге тиіс екені туралы жазылады. Сабақ мақсатын тұжырымдау барысында олар оқушылардың сабақ соңында не істей алу керектігі тұрғысынан белгілі бір нәтижелерді сипаттауы керек екенін есте ұстаңыз. Бұл:

- сабақта мұғалімнің не істейтініне емес, оқушылардың немен айналысатынына назар аударуға;

- сабақты жоспарлауды жеңілдетуге;

- оқуды бағалауды жеңілдетуге; - оқыту мен оқуды бағамдауды жеңілдетуге көмектеседі.

Сабақты жоспарлау

Сабақ мақсатын анықтаған соң, мұғалім осы мақсатқа қол жеткізу үшін сабақты қалай жоспарлау керек екендігін шешеді. Сабақ мақсатына жету үшін мұғалім бірқатар белсенді оқу тәсілдерін қолдана алады. Дәстүрлі дидактикалық оқыту әдістерінде жекелеген оқушының тұлғалық дербестігіне, ұмтылысы мен уәждеріне, мүдделері мен дағдыларына, оқу ерекшеліктеріне жеткілікті дәрежеде мән берілмейтін. Оқыту мен оқудың заманауи әдістері оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруға аса мән береді және бұл бағыттағы мұғалімнің табыстылығы оқушылардың оқу үлгеріміне оң әсерін тигізеді. Мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін, сонымен қатар, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақты барынша тиімді жоспарлауы керек.

Мысал ретінде 7-сыныпта Физикалық география бөлімінің 3.2 Атмосфера бөлімшесінің Қолайсыз атмосфералық құбылыстар тақырыбы бойынша 7.3.2.7 Қолайсыз атмосфералық құбылыстарды талдай отырып, сақтану шараларын ұсынады (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде) деген оқу мақсатына байланысты мұғалім барынша белсенді сабақ жоспарын әзірлей алады:

- мұғалім оқушыларға қолайсыз атмосфералық құбылыстар жайлы ақпараттар мен суреттер ұсынады;

- оқушылар мәтін арқылы қолайсыз атмосфералық құбылыстардың түрлерімен танысады;

- мұғалім оқушыларға қолайсыз атмосфералық құбылыстарды суреттер бойынша ажыратып, себеп-салдарын анықтауды және топтастыруды ұсынады;

- мұғалім оқушыларға атмосфералық қолайсыз құбылыстардың зияндылығының әртүрлі салаларға (шаруашылыққа, өнеркәсіпке, жолға, баспанаға) әсер етуін бағалаудың жолдарын көрсетеді;

- оқушылар атмосфералық қолайсыз құбылыстардың зияндылығына баға береді.

- мұғалім оқушыларға атмосфералық қолайсыз құбылыстардан сақтану шараларын қарастырады.

- оқушылар атмосфералық қолайсыз құбылыстардан сақтануға арналған жадынама құрастырады.

Барынша тиімді оқуды жоспарлау үшін, мұғалімдер оқыту барысында төмендегідей бірқатар мәселелерді ескергені жөн:

- Сабақта *көптеген жаттығу түрлерін* жоспарлауға тырысу қажет. Бір сабақта мұғалім төрт, бес немесе одан да көп жаттығу түрлерін қамти алады. Аз уақыт алатын, айталық, 10 минуттық жаттығу дайындауға болады. Әдетте баланың назары бір нәрсенің төңірегінде ұзақ шоғырланып тұра алмайтынын естен шығармаңыз.

- Мұғалім сабақ барысында бір жұмыс түрінен екіншісіне *біртіндеп ауысып*, сабақтың мақсатын оқушылардың есіне салып отыруды ұмытпауы керек. Жаттығуды әртүрлі тәсілмен түсіндіруге дайын болу қажет. Мысалы, оқушылар бастапқыда жаттығуды бүкіл сынып болып

орындап, кейіннен жұптасып оның орындалуын шындай алады. Бұл оқушыларға жаңа жаттығуға біртіндеп көше отырып, тапсырманы түсінуге көмектеседі, өткен сабақта алған білімдерін нығайтып, оқушыларға іс жүзінде бірнеше дағдыны қатарынан шыңдауға мүмкіндік береді.

- Сыныппен *өзара әрекеттестік стилін* өзгертіп отыру қажет. Мұғалім сабақ барысында өзінің қанша сөйлейтіні туралы ойлануы қажет. Егер мұғалім тым көп сөйлесе, оқушыларда пікір таластырып, бір-бірінен үйренуге уақыт аз қалады. Оқушыларға сұрақ қойып, жауаптары бойынша сыныптың нені түсінгенін/түсінбегенін бағдарлаған дұрыс. Сабақта жеке, жұптық, топтық немесе бүкіл сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану тиімді болуы мүмкін.

Сабақ жоспарында мұғалім:

- оқу мақсаттарын анық, түсінікті түрде тұжырымдауы;

- сабақ жоспарының әртүрлі компоненттерінің тиісті бөлшектерін қамтуы (оқу жоспарындағы сабақ жоспарының үлгісін қараңыз);

- оқушылардың орындауы үшін логикалық жағынан реттелген және оқу мақсаттарына сай келетін жаттығулар мен тапсырмалар туралы толық ақпарат ұсынуы;

- мақсатты білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған тиісті әдіс-тәсілдерді анықтап, проблемаларды алдын ала көре білуге және анықталған дағдыларға қатысты шешім ұсынуы;

- қажетті материалдар мен ресурстарды пайдалануды жоспарлауы тиіс.

Сабақты жоспарлау барысында мұғалімнің ескеруі тиіс бірқатар мәселелер:

- Сабағымның мақсаты қандай? Сабақтың әрбір бөлімі оқушының мақсатқа жетуіне жетелей ме?

- Оқушылар іс жүзінде не істейді? Мен оқушыларға олар не істейтінін және олар қандай нәтижеге қол жеткізу керектігін қалай түсіндіремін?

- Оқушылардың білімді игергенін қалай білемін?

- Егер мен өзім осы сабақта оқушы болсам, бұның бәрін қалай қабылдар едім? Оқушыға көмек көрсетіле ме / жігерлендіріле ме? Қосымша материал ала ма?

- Жоспар қаншалықты икемді? Оқушының көп түсіндіруді қажет ететін қызықты сұрағы, дыбыс-бейне құралдарды пайдаланудағы қиындықтар, әлдебіреудің сырттан рұқсатсыз кіріп келуі сияқты күтпеген оқиғалар туындаса, оларды қалай шешемін?

- Оқушылар ұсынатын кері байланысқа қатысты, оны қалай жіктеп, жазып және талқылаймын?

Төмендегі сұрақтар мұғалімге сабақтан кейінгі рефлексия жасауға мүмкіндік береді:

- Менің оқушыларым бүгін не үйренді? Бұған не әсер етті?

- Сабақта ештеңеге үйренбеген балалар болды ма? Мұның себебі қандай?

- Сабақта қолданған әдістерім сәтті болды ма? Сабақ бұдан да сәтті өтуі үшін басқа қандай әдістер қолдануым керек еді?

- Сабақта ерекше бір жағдай байқалды ма? Бұл неліктен осылай болды?

- Сабақта оқушылардың жинақтаған білімі мен тәжірибелері, қызығушылық танытатын салалары есепке алынды ма? Мұны қалай жақсартуға болатын еді?

- Сабақты оқушылардың іс-әрекеттері мен жауаптарына қарай бейімдей алдым ба?

- Оқушыларым сабақта бірігіп жасаған қорытындыларымызға қалай қарады? Сабақтан қандай көңіл-күйменшықты? Сыныптағы орта оларға жайлы болды ма?

- Мен сыныптағы тәртіпті басқара алдым ба? Менің қандай әрекеттерім жақсы шықты, қандай әдістерім сәтсіз болды? Неліктен? Нені басқаша жасауым керек еді?

- Сабақта менің көңіл-күйім біркелкі болды ма? Мен өзімді ұстай білдім бе? Балашақта нені ескеуім керек?

- Сабақта мен үшін ең қиыны не болды? Қандай жағдай ерекше назар аударуымды қажет етті? Неге? Келесі жолы мұндай жағдайда не істеуім керек?

- Сабақтағы оқу әдістерім сәтті болды ма? Оқушылардың меңгерген білімдері менің үйрету тәсілдеріммен байланысты ма? Келешекте нені есепке алуым керек?

- Бұл сабақты басқаша өтуге болатын ба еді? Қалай? Сабақтың қандай жағына көбірек көңіл бөлу керек: мазмұндық, әдістемелік, эмоциялық?

- Сабақта мен оқушыларымды ынталандыра алдым ба? Оқушылардың ішкі уәжін ескердім бе? Оқушыларды табысқа бағыттаудың тағы да қандай жолдары бар?

- Бағалауда мен қаншалықты шынайы болдым? Бағалау оқушыларға қалай әсер етті?

- Оқушыларға сабақта өздерін басқаруға мүмкіндік болды ма? Бұл қайдан, қалай көрінді?

- Сабаққа дайындалғанда оқыту теорияларына сүйендім бе? Өткізген сабағым таңдаған теорияма қаншалықты сәйкес болды?

- Осы сабақтан кейін мен өзіме қандай жаңалық аштым, нені жетік түсіндім? Табысты мұғалім болу үшін тағы не істеуім керек?

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Оқу бағдарламасының бөлімдеріне сәйкес география сабағында қандай материалдарды қолдану тиімді?
2. География сабағын жоспарлауда бөлімдердің құрылымдық ерекшеліктерін ескеру қаншалықты маңызды?
3. Сабақтың мақсатын қою арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін қалай дамытуға болады?
4. География сабағында мақсат қоюдың оқушылардың оқу мотивациясына әсері қандай?
5. ҚМЖ-дің негізгі құрылымдық бөліктері қандай және олардың әрқайсысының міндеті қандай?
6. География сабағында ҚМЖ құрудың негізгі принциптері мен әдіс-тәсілдері қандай?
7. ҚМЖ құрылымында сабақтың кезеңдерін дұрыс жоспарлау қаншалықты маңызды?
8. ҚМЖ құрылымын оқу бағдарламасының бөлімдері мен сабақтың мақсаттарына қалай байланыстыруға болады?

Лекция №16. Оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық білім беру ресурстар мен виртуалды зертханалар (бейне-ресурс каналдары«Өрлеу» в YouTube, Bilim Land т.б.) Egov порталы мен «Күнделік» автоматты ақпараттық жүйемен жұмыс

1. *Электронды үкімет порталы;*
2. *Бейне – ресурс каналдары «Өрлеу», YouTube және Bilim Land сайттарының мүмкіндіктері;*
3. *Kundelik.kz автоматтандырылған жүйесі.*

Цифрландыру - болашақтың білімі мен дағдылары ерте жастан бастап тәрбиеленетін, автоматтандыру және басқа да жаңа технологиялар есебінен қолдану тиімділігі мен жылдамдығы артатын, ал азаматтардың өз мемлекеттерімен диалогы қарапайым әрі ашық болатын жаңа қоғамды құруға әкеледі.

Қоғамның ажырамас бөлшегі мемлекет болып табылады. Азаматтарының қамын ойлайтын, әрбір азаматтың әлеуетін мейлінше жүзеге асыруға мүмкіндік тудыратын, азаматтардың заңды құқығының қорғалуы мен сақталуына кепілдік беретін, мұқтаждығы мен қажеттіліктеріне бағдарланған, арадағы өзара әрекеттестік қарапайым, ұғынықты және қолжетімді болатын, адамдар үшін құрылған мемлекет.

Қазақстандағы ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың дамуы кем дегенде соңғы екі пікірдің жүзеге асуына кепілдік бере алады. Дәл осы азаматтар мен мемлекеттің өзара

әрекеттестігін ыңғайлы, қарапайым, қолжетімді және түсінікті ету үшін электрондық үкімет тұжырымдамасы әзірленді.

Электрондық үкімет құру ісі билік органдарының жұмысын анағұрлым тиімді, азаматтарға қолжетімді ету үшін қажет болды. Бұрындары әрбір мемлекеттік орган өз бетінше «оқшау өмір сүріп», басқаларымен байланысқа түсе қоймайтын, ал азаматтардың алуан түрлі анықтама, растама секілді өзге де қағаздарды жинау үшін толып жатқан инстанциялардан өтуіне тура келетін. Осының барлығы бір ғана қызмет түрін пайдалану үшін толып жатқан мекемелер табалдырығын тоздыруға мәжбүрлейтін. Бүгінде электрондық үкімет жобаларының арқасында ол заман келмеске кетті.

Электрондық үкімет – ақпараттық технологиялар көмегімен ішінара келісушілікті қамтамасыз ететін, мемлекет пен азаматтар арасындағы, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестігінің бірыңғай механизмі. Мемлекеттік органдарға кезекті қысқартып, анықтама, куәлік, рұқсат құжаттарын және тағы басқаларын алуды жеңілдетуге әрі жылдамдатуға мүмкіндік берген де дәл осы механизм.

Басқаша айтқанда, электрондық үкімет деп лицензияны рәсімдеу үшін ЖСН ғана керек болатын (басқа ақпараттың бәрі дағдылы сұранымдар арқылы алынады), коммуналдық қызмет ақылары мен айыппұлдарды онлайн жүйесінде төлеуге болатын, анықтама алу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-қа жеке куәлік қана талап етілетін, бизнесіңізді өз бетіңізше тіркеуге, немесе электрондық үкімет порталында небәрі 10-15 минут ішінде анықтама алуға, күн-түн демей, кез келген уақытта баланың балабақшаға кезегін көруге, мекенжай анықтамасын ұялы телефонға алдыртуға болатын және осы секілді басқа да көптеген жағдайларды айтамыз.

Электрондық үкімет құру идеясы Елбасымызға тиесілі, әрі алғаш рет тоғыз жыл бұрын қолға алынған болатын. Осы уақыт ішінде электрондық үкіметіміз қалыптасуы мен дамуының іргелі төрт кезеңінен өтті. Ол кезеңдердің қай-қайсысы болса да қазақстандықтардың мемлекетпен өзара әрекеттестігіне көмегін тигізгені сөзсіз.

Олардың алғашқысы – ақпараттық кезең. Дәл осы кезеңде электрондық үкімет порталы іске қосылып, ақпаратпен толтырылды. Мемлекеттік органдар, олардың жұмысы мен халыққа көрсететін қызметтері жайлы ақпараттар пайда болды. Оған қоса, қызмет көрсетудің реттемесі келтіріліп, танысу үшін нормативтік-құқықтық актілер ілінді.

Екіншісі - интерактивті кезең, порталда электрондық қызметтерді тұңғыш рет ұсынуымен есте қалды. Аталмыш кезең барысында порталды пайдаланушылар түрлі мекемелерден кезекке тұруға уақыт жұмсамай-ақ анықтама алу, үйден шықпай-ақ кез келген мемлекеттік органға сұраныс жіберіп, оның мәртебесін қадағалап отыру мүмкіндіктеріне ие болды. Электрондық үкімет порталына интерактивті қызметтерді енгізу құжаттарды жинауға кететін уақытты үнемдеуге едәуір көмектесті.

Дәл осы кезеңде мекемелік ақпараттық жүйелер, мемлекеттік деректер қоры, электронды түрде лицензиялау, және электрондық үкімет шлюзі енгізілді.

Бұл кезеңде әрбір қазақстандық порталдан қажетті құжаттар тізімі, мемлекеттік баж салығының мөлшері, өзі жүгінгелі отырған мемлекеттік органның байланыс мәліметтері секілді барлық қажетті ақпараттарын ала алатын. Алғашқы кезеңнің өзінде-ақ, қажетті ақпараттың толық көлемінің арқасында инстанцияларға жүгірушілер саны әжептәуір азайды.

Электрондық үкімет дамуының үшінші кезеңі – транзакциялық кезең. Бұл кезеңде азаматтар мемлекеттік баж салығын, алымдар, айыппұлдар және коммуналдық қызмет ақыларын төлеуге мүмкіндік алды. Егер де осыған дейін қызмет ақысын төлеу үшін банкке бару керек болса, енді онлайн жүйесінде қызметті пайдалануға да, оның ақысын төлеуге де болады.

eGov.kz сайтында қызметтер түрін еркін қолдану үшін ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) керек болады.

Электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін

растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі. Басқаша айтқанды, электронды цифрлық қолтаңба қол қоюшы тұлғаның өз қолтаңбасына тең әрі бірдей заңды жауапкершілік артады.

ЭЦҚ «электронды үкімет» арқылы, Қазақстан Республикасының Ұлттық жеке басты куәландырушы орталығынан немесе халыққа қызмет көрсету орталығынан алуға болады. ХҚКО-ға тапсыруға қажетті құжаттар тізімі:

1. Өтінім нөмірі мен өтініш берішінің қолы қойылған өтініш (бекітілген үлгідегі)
2. Жеке басты куәландыратын құжат – (жеке куәлік, ҚР паспорты, тұруға рұқсат қағазы, уақытша куәлік)
3. Алушының мүдделерін үшінші тұлға қорған жағдайда – алушының (жеке тұлға) өкіліне жасалған, бекітілген үлгідегі нотариус растаған сенімхат.

ЭЦҚ жарамдылық мерзімі бір жыл. Шығарылған ЭЦҚ-ны жарамдылық мерзімі аяқталған мерзімге дейін [www.pki.gov.kz\(link is external\)](http://www.pki.gov.kz(link_is_external)) сайтындағы «жеке кабинет» арқылы жарамдылық мерзімін жеңілдетілген түрде ұзарту мүмкіндігі қарастырылған.

ЭЦҚ бар кез келген азамат электронды үкіметтің порталында мемлекеттік олрганға электронды өтініш беруге мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, сіз өтініштің жететініне кепіл аласыз, өтініштер мәртебесін қадағалап, сол порталда өтінішіңізге жауап аласыз.

Kundelik.kz – қазақстандық IT-өнім, білім беру басқару мекемелердің өкілдеріне, сондай-ақ мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға, білім беру ұйымдарының әкімшілеріне бірыңғай электрондық білім беру аймағы.

Білім беру жүйесін автоматтандыруда Kundelik.kz жүйесінің алар орны ерекше

Kundelik.kz жүйесі – автоматтандырылған ақпараттық білім беру, электрондық құжат айналымдары білім беру ұйымдарының және әлеуметтік желілік өзара іс-қимыл құралдарын барлық білім беру процесінің қатысушыларына мүмкіндіктерін біріктіреді: педагогтармен, ата-аналармен және оқушылармен.

Қызметінің басты бағыттары:

- Мектептің білім беруін жаңғырту.
- АКТ-ның озық интеграциясы білім беру процесінде.
- «Педагог-оқушы-ата-ана» коммуникациясын интерактивті дамыту.
- Бірыңғай ортаны ақпараттық алмасуымен негізге.
- Мектеп әлеуметтік қызмет көрсету және құру.
- Қашықтықтан білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

«Күнделік» тегін болып есептеледі. «Kundelik.kz» сайты қолдануға абоненттік ақы алынбайды. Ата-анаға тегін Kundelik.kz сайтына-өзінің жеке логины мен құпия сөзі арқылы кіруге мүмкіндік бар, баланың электрондық күнделігіне «Балалар» бөлімінде - «Күнделік», бағаны және үй жұмысын білу. Сайтты қолдану үшін мектептерден ақы алынбайды.

«Kundelik.kz» сайты және қолданушылардың барлық мәліметтері ҚР аумағында жабық түрде қорғалған датаорталықта орналасқан, ақпараттық – есептеуіш ресурстарда, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ мемлекеттік ақпараттық жүйе операторларына тиесілі және ҚР ғылым және білім Министрлігінің ММ бекітілген. Қолданушылардың барлық мәліметтері ҚР ғылым және білім Министрлігінің тікелей бақылауында болды.

«Kundelik.kz» сайты жүйесіне сырттай кіруге рұқсат жоқ, деректемелерге қол «Күнделік» жетімділік жоқ. Түсіндіру жұмыстары мақсатында ата-аналар және оқушылардың жиі кездесетін сұрақтары алынды:

Қалай тіркелуге болады? Жүйеге қалай кіруге болады?

Логин мен құпия сөзді алуға оқушылар мен ата-аналарға мектеп қызметкеріне, осы жүйені мәліметтермен толықтыратын жауапты адамға, яғни әкімшіге бару керек. Егер әкімші туралы ақпарат болмаса, онда мәліметтер алуға сынып жетекшісіне жолығу керек. Жүйе туралы нұсқаулық мына жалпы қолжетімді қолдау порталында:

<https://help.kundelik.kz/hc/ru/articles/217862948>

Бағаларды, үй жұмысын және сабақ кестесін қалай қарау керек?

Оқушыға оқу ақпаратына көшуге навигациялық жолда экранның жоғары жағында «Білім» бөлімін таңдау керек, кейін-«Күнделік».

Ата-анада навигациялық жолда «Балалар» бөлімі бар.Осы сілтемені басу арқылы барлық мәліметтер бар бетті кездестіреді.

«Күнделік» сілтемесі арқылы қолжетімді:

- күнделік(сабақтар туралы ақпарат,бағалар және ағымдағы апта бойынша үй жұмысы);
- статистика(жіктелген бағалар саны («5», «4», «3», «2»)оқытылатын пәндер бойынша есептік кезеңде және жақсы бағалар пайызы);

- пәндер бойынша статистика(бағалар бойынша жиынтық ақпарат, есептік кезең және таңдалған пән бойынша);

- семестрлар бойынша статистика/тоқсандар/триместрлар(барлық қорытынды бағалардың жиынтық ведомосі,осы уақытта қойылған).

Үй жұмысы аттас «Үй жұмысы» бөлімінде берілген, ал сабақ кестесін және қоңыраулар кестесін «Кесте» бөлімінен табуға болады.

Тақырып бойынша өздігінен жұмыс жасау:

1. Электронды үкімет порталына арқылы тіркеліп онлайн құжаттарды рәсімдеңіз (ЭЦҚ алу мен тіркелу туралы толық ақпаратты осы сілтеме арқылы көре аласыз<https://egov.kz/cms/ru/information/eds/getecp>)
2. **Kundelik.kz** автоматтандырылған жүйесіне қазіргі уақытта көптеген білім беру мекемелері тіркелген және осы жүйе арқылы жұмыс жүргізуде. қолдану нұсқаулығымен танысып шығыңыз.

BilimLand– электрондық оқытудың әлемдік көшбасшыларының жетістіктеріне негізделген көптілді, әмбебап білім беру платформасы. Мазмұны бойынша ең жаңа, заманауи контенттің ең үлкен топтамасы.

Қазақстан Республикасы Жаңартылған мазмұн бағдарламасы негізінде оқытуды дербестендірудің қолға алынуы білім сапасына жаңа талаптар қояды. **BilimBook**-те жаратылыстану-математикалық пәндер негізін оқушыға терең меңгертетін, өз бетінше ойлауын, танымдық белсенділігін арттыратын білім берудің дамыған жаңа моделдеріне негізделген математика, химия пәндері бойынша шамамен 2000 интерактивті сабақ қамтылған. Цифрлық ресурстардың басты жаңашылдығы – заманауи сабақ беру және оқытудың негізгі принциптеріне қол жеткізуге ыңғайлы жағдай жасауы. Оқушының интерактивті іс-әрекеті арқылы оқытуды дербестендіру нәтижесінде оқу пәнін меңгеруде максималды жетістікке жету көзделеді.

Bilimland.kz білім беру ресурстары ҚР Білім және ғылым министрлігінің сараптамасынан өткен және пайдалануға ұсынылған. Сондай-ақ, “Өрлеу” біліктілікті арттыру ұлттық орталығы және Ұлттық тестілеу орталығы сияқты беделді ұйымдар оң пікір білдіріп, білім беру ұйымдарына қолдану туралы ұсыныс жасаған.

YouTube - қолданушыларға бейнематериалды сақтау, жеткізу, көрсету және қаржы көзіне айналдыру қызметтерін ұсынатын сайт.

YouTube видеохостингін мына авторлар: С.Чен және Ч.Херли, Дж. Карим 2005 жылы АҚШ –та Калифорния штатында құрған болатын. 2006 жылдан Google компаниясына тиесілі. Әлемде ай сайын **YouTube** қолданушылары 1,8 млрд қаралым жинайды. АҚШ-тың авторлық құқық заңдарына бағынады.

YouTube желісін қолдану ережелеріне 2019 жылы өзгерістер енді. Адам денсаулығына, өміріне қауіп төндіретін видеолар салуға тыйым салынды. 2015 жылдың наурызынан бастап, **YouTube** желісінде 360 градусты форматтағы видеоларды жүктеу мүмкіндігі туды. Елімізде әуесқой вайнерлер мен Жайдарман ойыншыларының жазылушылары мен аудиториялары сұранысқа ие екеніне көз жеткіздік. Әлеуметтік өмірден алынған қысқа видеоларды түсірушілердің каналына жазылушылар саны 500 мыңнан 2,5 млн. адамға дейін жетеді.

Цифрлық білім беру ресурстары

<http://egov.kz> – Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі.

<https://kundelik.kz/> - автоматтандырылған жүйесі.

<http://www.orleu-.kz/>-«Өрлеу»

<https://www.youtube.com> – ютуб каналы

<https://bilimland.kz/ru-> білім беру порталы

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Электронды үкімет порталының білім беру жүйесіне қандай әсері бар?
2. Электронды үкіметтің қауіпсіздік мәселелері мен ақпараттық қорғау шаралары қандай?
3. «Өрлеу» бейне-ресурс каналының білім беру саласындағы рөлі қандай?
4. YouTube платформасында білім беру контентін тиімді пайдалану үшін қандай әдіс-тәсілдер қолдануға болады?
5. Bilim Land сайтының мүмкіндіктері мен артықшылықтары қандай?
6. «Өрлеу» және Bilim Land платформаларындағы бейнемазмұндардың оқу үдерісіне ықпалы қандай?
7. YouTube-те білім беру контентін жасаушылар үшін қандай мүмкіндіктер мен шектеулер бар?
8. Бейне-ресурстарды білім беру процесінде қолдануда қандай мәселелер туындауы мүмкін және оларды шешудің жолдары қандай?

Географиялық карталар мен атластардың пайдаланып, масштабты, географиялық нысанның ауданы мен ұзындықты, арақашықтықты анықтауға байланысты есептер шығару

1. Егер сандық масштаб 1: 3000 болса, онда атаулы масштабты анықтаңыз.
2. 500 м қашықтықты қағазға 5 см ұзындықпен түсіргендегі масштабты анықта.
3. 1 см-де 700 м, сандық масштабқа айналдыр.
4. Мысалы 100 м-де 200 қадам болды делік. Демек, әрбір қадамның ұзындығы қанша болғаны ?
5. Оқушының 500 м жүрген жолының 1:2000 масштабты планда бейнелеу.
6. 1: 5000 масштабтағы 2 нүктенің қашықтығы 4,5 см болса, жер бетіндегі қашықтық қанша ?
7. Оқушы «Нұр» елді мекенінен «Амангелді» ауылына дейін жүріп өту керек. Картада бұл қашықтық 28 мм. Картаның масштабы 1: 25000 болса, оқушы қанша жүру керек ?
8. Карта бетінде Алматы мен Астана қаласына дейінгі (1020 км), арақашықтық 8,5 см құрайды. Картаның масштабын анықтаңыз.
9. Егер масштабы 1: 50000 планда екі ауылдың арақашықтығы 20 см, ал жаяу жүргіншінің жүру жылдамдығы 5 км/сағ. тең болса, жаяу жүргіншінің бір ауылдан екінші ауылға жететін уақытын табындар?
10. Есептеңіз: 1:12 500 000 масштабтағы картада 1 см неше километрге тең?
11. Жер бетіндегі А және Б нүктелерінің арақашықтығы 7700 км. Бұл нүктелердің картадағы арақашықтығы 11 см. Картаның масштабын табындар.
12. Жер бетіндегі А және Б нүктелерінің арақашықтығы 5000 км. Осы арақашықтық масштабты 1: 100 000 000 болатын картада неше см болады?
13. Жергілікті жердегі 23,5 км планда 9,4 см берілген. Планның масштабын табындар.
14. 100 м жүргенде бірінші рет 157, екінші рет 156, үшінші рет 158 қадам шықты. Бір қадамның орташа мөлшері:
15. Ұзындығы 30 км және ені 15 км болатын жер телімінің ауданы, картаның масштабы 1 : 1 500 000 болған жағдайда қанша см² болады?
16. Ұзындығы 50 км және ені 25 км болатын жер телімінің ауданы, картаның масштабы 1 : 2 500 000 болған жағдайда қанша см² болады ?
17. Ені 3 см және ұзындығы 4 см болатын жер телімінің нақты ауданын картадағы масштабты

- 1 : 50 000 болған жағдайда есептеңдер.
18. Бөлменің ұзындығы 7 м, ені 5 м, биіктігі 3,5 м. Бөлменің көлемі мен ондағы ауаның салмағы қанша?
 19. Квадраттың қабырғалары 1 см/кв. 1:500 000 масштабты картада ауданы қанша болады ?
 20. Астана мен Мәскеу қалаларының арасы 2757 км. Масштабы 1: 45000000 картадағы екі қала арасының қашықтығы
 21. Екі қала арасы картада 2 см. Картаның масштабы 1 см – 80 км болса, екі қаланың арасындағы қашықтық қанша км ?
 22. Жергілікті жерде ұзындығы 40 км болатын сызық, жергілікті жер планында ұзындығы 7,5 см бөлігі түрінде көрсетілген жағдайда жергілікті жердің масштабы қандай болады ?

Координаттық торларды, сағаттық белдеуліктерді анықтауға байланысты есептер шығару

1. Жер шары шеңберінің 1° доғасы қанша км екенін анықта ?
2. Экватор маңында 13° б.б пен 67° б.б арасын километр есебімен анықтаңыз.
3. Африканың батыс жағалауынан шығыс жағалауына дейінгі экватор бойынша градусық қашықтығы қанша ?
4. 70° б.б. бойынша Оңтүстік Американың солтүстігінен оңтүстігіне дейінгі қашықтығы қанша?
5. 50° с.е. бойынша Еуразия материгінің батыстан шығысқа дейінгі ұзындығы қанша ?
6. Егер шеткі нүктелерінің географиялық координаталары 32° с.е. және 35° о.е. болса, Африканың солтүстіктен оңтүстікке дейінгі арақашықтығы қанша ?
7. Жер беті шартты түрде 24 сағаттық белдеуге бөлінген, ал әр сағаттық белдеудің арасы қанша градусқа тең ?
8. Жер шары 1 минутта қанша градусқа айналады?
9. 15° ш.б жергілікті уақыт 01° болғанда 30° б.б сағат қанша болады ?
9. 52° ш.б. жергілікті сағат түскі 12° болғанда, 83° ш.б. сағат қанша болады ?
10. Қазақстан жерінде кеш болғанда АҚШ – та 90° бойлықта қай уақыт болады ?
11. Астана 71° ш.б. 4-ақпан, сағат 22:00; Токиода 139° ш.б. –та қай күн, қай сағат ?
12. Ұшақ Астана қаласынан Лондон қаласына Астана уақытымен 14° де ұшып шығады. Ұшақтың ұшу уақыты 6 сағат болса, Лондон қаласына ұшып келетін уақыты
А) 9° В) 01° С) 02° Д) 21° Е) 12°
13. Егер Орал қаласынан (51° ш.б.) Вашингтондағы жергілікті уақытпен 20 сағ 40 минутта ұшып шыққан ұшақ 7 сағаттан кейін Вашингтон (77° б.б.) қаласына келіп қонса, Вашингтонда жергілікті уақыт неше болады?
14. Астанада (V сағаттық белдеу) уақыт 12 сағ 30 мин болса, Пекинде қай уақыт болады?
15. Ұшақ Ақтау қаласынан (51° ш.б.) жергілікті уақыт бойынша 20 сағ 50 минутта ұшты. Төрт сағаттан кейін Парижге келіп қонды. Парижде сағат неше болады?
16. 60° б.б сағат 18:00 болса, 15° ш.б. уақытты табыңыз.
17. Егер 180° меридианда жергілікті уақыт 24 сағат болса, нөлдік меридианда дәл уақыт қанша?
18. Орал қаласы 51° ш.б., Өскемен қаласы 82° ш.б. Екі қаланың арасындағы қашықтықты тап.

Өзен ағысы, өзен жылдамдығы, құламалылығы мен гидрологиялық режиміне байланысты есептер шығару

1. Моторлы қайық су ағысының бойымен 28 км, ағысқа қарсы 25 км жүзгенде тынық суда 54 км жүзгендегідей уақыт жұмсады. Егер ағыстың жылдамдығы 2 км/сағ болса, моторлы қайықтың тынық судағы жылдамдығын табыңыз.
2. Ағынсыз судағы жылдамдығы 20 км/сағ-қа тең катер ағысқа қарсы 36 км сағ және өзен

- ағысының бойымен 22 км жол жүрген. Ол осы жолдың барлығына 3 сағ уақыт жіберген. Өзен ағысының жылдамдығын табыңыз.
3. Өзен бойындағы екі пристаньның ара қашықтығы 80 км. Қайықтың бір пристаннан екінші пристанға барып қайтуына 8 сағ 20 мин уақыт кетеді. Ағыс жылдамдығы 4 км/сағ деп есептеп, қайықтың тынық судағы жылдамдығын табыңыз.
 4. Тынық судағы жылдамдығы 15 км/сағ болатын моторлы қайық өзен ағысының бойымен км жүзіп барып, қайта қайтып келеді. Қайық барлық жолға 20 сағ уақыт жұмсаған болса, өзен ағысының жылдамдығын табыңыз.
 5. Өзен бойындағы екі қаланың ара қашықтығы 80 км. Теплоход бір қаладан екіншісіне барып қайтуға 8 сағ 20 мин жұмсады. Өзен ағысының жылдамдығы 4 км/сағ. Теплоходтың тынық судағы жылдамдығын табыңыз.
 6. Моторлы қайық ағыс бойымен 18 км және ағысқа қарсы 14 км жүрді, осы жолдың барлығына ол 3 сағ 15 мин жұмсады. Қайықтың меншікті жылдамдығы 10 км/сағ. Ағыстың жылдамдығын табыңыз.
 7. А пунктiнен өзен ағысымен сал жіберілгеннен кейiн 5 сағ 20 минут өткен соң салдың соңынан моторлы қайық шығып, 20 км жүзгеннен кейiн салды қуып жетеді. Егер моторлы қайық салдан 12 км/сағ жылдам жүретiн болса, салдың жылдамдығы неге тең?
 8. Моторлы қайық өзен ағысымен 28 км жүзіп барып, бөгелместен кері қайтты. Барып қайтуға 7 сағат уақыт кетеді. Өзен ағысының жылдамдығы 3 км/сағ екендігі белгілі. Қайықтың тынық судағы жылдамдығын табыңыз.
 9. Моторлы қайық ағыспен 12 км, ағысқа қарсы 12 км жүрді. Ағысқа қарсы жүрген жолына ағыспен жүрген жолынан 1 сағат артық уақыт жіберген. Қайықтың тынық судағы жылдамдығы 9 км/сағ болса, ағыс жылдамдығын табыңыз.
 10. Турист 160 км-дің бөлігін автомашинамен, ал қалған бөлігін катермен жүріп өтті. Катердің жылдамдығы автомашинаның жылдамдығынан 20 км/сағ аз. Турист автомашинамен катерге қарағанда 15 мин артық жүрген. Автомашина мен катердің жылдамдықтары қандай?
 11. Токарь 120 детальді өңдеуі керек еді. Жаңа кескіш қолдану арасында ол сағатына 4 детальдан артық өндеп, берілген тапсырманы мерзімінен 2 сағ 30 мин-ке ете бітірді. Жаңа кескішті қолдана отырып токарь сағатына неше детальдан өндеді?
 12. Жинақ кассасынан ақша сатушы әуелде өз ақшасының бөлігін алып, екінші рет қалған ақшасының бөлігін және 640 теңге алды. Ақшасын екі рет алғаннан кейін жинақ кітапшасында барлық салған ақшасының бөлігі қалды. Басында салған ақшаның мөлшері қандай еді?
 13. Шаңғышының 30 км-лік ара қашықтықты жүріп өтуі тиіс еді. Жүруді белгіленген уақытынан 3 мин кешірек бастаған шаңғышы жоспарланған 1 км/сағ артық жылдамдықпен жүгіріп отырып, белгіленген жерге дер кезінде келіп жетті. Шаңғышы қандай жылдамдықпен жүгірді.
 14. Өзен ағысымен катер 3 сағ, ағысқа қарсы 4,5 са, жол жүоді. катер жылдамдығы 25 км/сағ болса, онда өзен ағысының жылдамдығы қандай?
 16. Катер өзен ағысымен 75 км және ағысқа қарсы 75 км жүрді. Катер барлық жолға тынық суда 80 км жүретін уақыттан 2 есе артық жұмсады. Егер ағынның жылдамдығы 5 км/сағ болса, катердің жылдамдығы неге тең?
 7. Кварталда 8 көпқабатты уй салынды. Олардың орташа биіктігі 38 м. Егер сегіз үйдің төртеуінің орташа биіктігі 29 м болса, онда қалған төрт үйдің орташа биіктігі қандай болғаны?
 18. Катер арасы 96 км А-дан Б-ға өзен ағысы бойынша және керісінше жүзуге 14 сағ уақыт жіберді. Бір мезгілде катермен бірге А-дан сал шықты. Катер қайтар жолда А-дан 24 км қашықтықта салды кезіктірді. Катердің тынық судағы жылдамдығын және су ағысының жылдамдығын табу керек.
 19. Өзен бойындағы екі қаланың ара қашықтығы 80 км. Теплоход бір қаладан екіншісіне барып, қайтуға 8 сағ 20 мин жұмсайды. Өзен ағысының жылдамдығы 4 км/сағ. Теплоходтың тынық судағы жылдамдығын табыңыз.
 20. А пунктiнен өзен ағысымен сал жіберілгеннен кейiн 5 сағ 20 минут өткен соң салдың соңынан

моторлы қайық шығып, 20 км жүзгеннен кейін салды қуып жетті. Егер моторлы қайық салдан 12 км/сағ жылдам жүретін болса, салдың жылдамдығы неге тең?

21. Моторлы қайық өзен ағысымен 28 км жүзіп барып, бөгелместен кері қайтты. Барып-қайтуға 7 сағат уақыт кетті. Өзен ағысының жылдамдығы 3 км/сағ екендігі белгілі. Қайықтың тынық судағы жылдамдығын табыңыз.

Жауабы: 9 км/сағ

22. Катер өзен ағысымен 15 км және 4 км суда жүзді. Барлық жолға 1 сағ уақыт кетті. өзен ағысының жылдамдығы 4 км/сағ болса, онда катердің өзен ағысымен жүзгендегі жылдамдығын табыңыз.

1. Ара қашықтығы 900 км екі қаладан бір-біріне қарама-қарсы екі пойыз шығып, олар жол ортада кездескен. Бірінші пойыз екіншісіден 1 сағ кеш шығып, екінші пойыздың жылдамдығынан 5 км/сағ артық жылдамдықпен жүрген. Әр поездың жылдамдығын табыңыз.

2. Велосипедші 49 км жолды 3 сағатта жүріп өтті. Бірақ әрбір келесі сағатта, алдыңғы сағатқа қарағанда 2 есе аз жол жүрді. Велосипедші соңғы сағатта қанша жол жүрді?

3. Ара қашықтығы 18 км болатын А пәунктінен В пунктіне қарай жаяу жүргінші шықты. Жаяу жүргіншінің артынан 2 сағаттан кейін велосипедші шығып, екеуі бір мезгілде В пунктіне келеді. Егер велосипедші жылдамдығы жаяу жүргіншінің жылдамдығынан 4,5 км/сағ артық болса, велосипедшінің жылдамдығын табыңыз.

4. Реактивті самолет 0,5 сағатта винтті самолеттің 1 сағтта жүрген жолынан 200 км артық жүрген. Егер реактивті самолеттің жылдамдығы винтті самолеттің жылдамдығынан 3 есе артық болса, әрқайсысының жылдамдығын табыңыз.

5. Екі мотоциклші ара қашықтығы 50 км М және N пункттерінен бір мезгілде шықты да, 30 минуттан соң кездесті. Егер олардың біреуі М пунктіне екіншісінің N пунктіне келгенінен 25 мин ерте жетер болса, әр мотоциклші қандай жылдамдықпен жүрген?

6. А және В пункттерінен бір мезгілде бір-біріне қарама-қарсы екі автомобиль шықты. Екеуі кездескеннен кейін олардың біреуі В пунктіне 1 сағ 15 минуттан соң, ал екіншісі А пунктіне 48 минуттан соң келіп жетті. А және В пункттерінің ара қашықтығы 90 км. Автомобильдердің әрқайсысының жылдамдығын табыңыз.

7. Екі қаланың арасын қосатын екі түрлі жол бар. Оның біреуінің ұзындығы екіншісінен 10 км артық. Бірінші жолмен автомобиль жүріп келеді, ол екі қаланың арасын жүріп өту үшін 3,5 сағат жұмсайды; ал екінші машина екінші жолмен екі қаланың арасындағы жолға 2,5 сағат жұмсайды. Егер бірінші машинаның жылдамдығы екіншісіне қарағанда 20 км/сағ аз болса, онда машиналардың әрқайсысының жылдамдығы қандай?

8. Жедел поезд семафор алдында 16 минут тоқтатылған. Кестеден шығып қалмау үшін, ол келесі 80 км аралықты жоспарлағаннан 10 км/сағ артық жылдамдықпен жүрген. Поездың кесте бойынша жылдамдығын табыңыз.

9. Қанат велосипедпен ауылдан көлге дейін барып, кідірместен кері қайтқан, содан бүкіл жолға 1 сағат уақыты кетті. Ауылдан көлге дейінгі жылдамдығы 15 км/сағ, ал көлден ауылға дейінгі жылдамдығы 10 км/сағ болды. Көлден ауылға дейінгі ара қашықтықты табыңыз.

10. Жаяу адам 10 км жолды белгілі бір жылдамдықпен жүру керек еді, бірақ ол жылдамдығын 1 км/сағ арттырып, 10 км жолды 20 мин тезірек жүріп өтті. Жаяу адамның алғашқы жылдамдығын табыңыз.

11. Моторлы қайық өзен ағысымен 40 мин, ағынға қарсы 1 сағат жүзіп, осы уақытта барлығы 37 км жол жүрді. Егер өзен ағысының жылдамдығы 1,5 км/сағ болса, онда қайықтың тынық судағы жылдамдығы қандай?

12. Велосипедшіге 15 км қашықтықты жүріп өтуі керек еді. Белгіленген мерзімінен 15 минутқа кеш шыққандықтан жылдамдығын 2 км/сағ арттыруға тура келді. Сөйтіп велосипедші қандай жылдамдықпен жүріп өтіп еді.

13. Поезд жолда 6 мин-қа тоқтады да, өзінің кешігуіне 20 км-лік жол кесіндісіне жойды. Ол үшін поездың қозғалыс кестесі бойынша жорамалдаған жылдамдығынан 10 км/сағ артық

жылдамдықпен жүруіне тура келді. Берілген жол кесіндісіндегі поездың кесте бойынша жорамалдаған жылдамдығын табыңыз.

14. Моторлы қайық өзен ағысы бойымен 14 км, ал сонан соң ағысқа қарсы 9 км қашықтықты жүзіп өту үшін барлығы 5 сағат уақыт жұмсады. Моторлы қайықтың тынық судағы жылдамдығын 5 км/сағ деп алып, өзен ағысының жылдамдығын табыңыз.

15. Бір мезгілде А және В пунктерінен бір-біріне қарама-қарсы бағытта жолға шыққан екі велосипедші 2 сағ-тан кейін жолықты. А-дан В-ға дейінгі қашықтық 42 км-ге тең. Егер бірінші велосипедші сағатына екіншісіне қарағанда 3 км жолды артық жүріп отырса, онда олардың әрқайсысының жылдамдығының қандай болғаны?

16. Өзен жағасында орналасқан А және В пунктерінің ара қашықтығы 10 км. А пунктінен шыққан қайық өзен ағысының бойымен жүзіп В пунктіне келді де, кідірместен кері қайтты. Егер қайықтың тынық судағы жылдамдығы 3 км/сағ болса, онда А-дан В-ға жету үшін В-дан А-ға жетуге кеткен уақыттан 2 сағ 30 мин кем уақыт жұмсалар еді. А пунктінен В пунктіне 2 сағ жету үшін қайықтың тынық судағы жылдамдығының қандай болуы қажет?

17. Мотрлы қайық А-дан В пунктіне дейін 2,4 сағ, ал қайтарды 4 сағат жолға жұмсады. Моторлы қайықтың меншікті жылдамдығы 16 км/сағ болса, өзен ағысының жылдамдығы қандай?

18. Жеңіл машина жүк машинасына қарағанда 2 минут кеш шықты, оны 10 км жүргенде қуып жетті. Егер жеңіл машина жүк машинасына қарағанда сағатына 15 км артық жүретін болса, онда машиналардың жылдамдықтары қанша?

19. Темір жолдың екі станциясының арасы 120 км. Бірінші поезд екіншісіне қарағанды осы аралықты 50 мин жылдам жүріп өтеді. Бірінші поездың жылдамдығы екіншісінен 12 км/сағ артық. Поездың жылдамдығын табыңыз.

20. Қайық 12 км/сағ жылдамдықпен бір айлақтан екінші айлаққа қарай шықты. Жарты сағаттан кейін сол бағытта 20 км/сағ жылдамдықпен пороход шықты. Егер пороход қайықтан 1,5 сағат бұрын келсе, онда айлақтар арасы қанша?

21. Ара қашықтығы 900 км екі қаладан бір-біріне қарама-қарсы екі поезд шығып, олар жол ортасында кездескен. Бірінші поезд екіншіден 1 сағат кеш шығып, екінші поездың жылдамдығынан 5 км/сағ артық жылдамдықпен жүрген. Әр поездың жылдамдығын табыңыз.

22. Аэдромнан одан 1600 км қашықтығы пунктке бір мезгілде екі ұшақ ұшып шығады. Бірінші ұшақтың жылдамдығы екіншіге қарғанда 80 км/сағ-қа артық болғандықтан, ол белгіленген жерге 1 сағат бұрын жетеді. Әр ұшықтың жылдамдығын табыңыз.

23. Поездға асыққан жолаушы бірінші сағатта 3,5 км жүргеннен кейін, осы жылдамдықпен жүре берсе поездға 1 сағат кешігетінін есептеп білді. Ол қалған жолды 5 км/сағ жылдамдықпен жүріп отырып, поездға 30 минут ерте келді. Жолаушы қанша километр жүрген?

24. Велосипедші 30 км аралықты жүруі керек еді. Ол белгіленген мерзімнен 3 минут кеш шыққандықтан жылдамдығы 1 км/сағ арттырып, баратын жеріне дәл уақытында келді. Велосипедші қандай жылдамдықпен жүрді.

25. Жүк машинасының 3 сағатта жүрген жолын, жеңіл машина 2 сағатта жүреді. Егер жеңіл машина жылдамдығын 30 км/сағ-қа кемітсе, онда ол бір сағатта жүк машинадан 10 км кем жүреді. Машиналардың жылдамдығын табыңыз.

26. Жаяу адам 10 км жолды белгілі бір жылдамдықпен жүру керек еді, бірақ ол жылдамдығын 1 км/сағ арттырып, 10 км жолды 20 мин тезірек жүріп өтті. Жаяу адамның алғашқы жылдамдығын табыңыз.

27. Пороход өзен ағысымен 3 сағатта жүріп өткен жолын қайтар жолында 5 сағатта жүріп өткен. Өзен ағысының жылдамдығы 5 км/сағ. Пороходтың тынық судағы жылдамдығын табыңыз.

28. А және В станцияларының арасын жүк поезына қарағанда жолаушы поезы 36 мин тезірек жүріп өтеді. Егер жолаушы поезының орташа жылдамдығы 60 км/сағ, ал жүк поезының орташа жылдамдығы 48 км/сағ болса, онда екі станцияның ара қашықтығын табыңыз.

29. Егер пороход кездескеннен кейін бірі оңтүстікке, ал екіншісі батысқа қарай кетті. Екі сағат өткеннен кейін олардың ара қашықтығы 60 км болды. Егер біреуінің жылдамдығы екіншісінен 6

км/сағ артық боса, онда олардың әрқайсысының жылдамдықтары қандай болғаны?

30. Саяхатшы 105 км жолды күніне бірдей жол жүре отырып, бірнеше күнде жүріп өтті. Егер осы саяхатына тағы да 2 күн қосып алса, ол күніне 6 км аз жүрген болар еді. Саяхат неше күнге созылды?

31. Мотоциклші 5 сағатта велосипедшының 4 сағатта жүрген жолын 259 км артық жүреді. 10 сағатта велосипедші мотоциклшінің 2 сағатта жүретін жолынан 56 км артық жүрді.

Велосипедшінің жылдамдығы қандай?

32. А және В пунктерінен бір мезгілде бір-біріне қарсы мотоциклші мен велосипедші шықты. Олар В пунктінен 4 км қашықтықта кездесті. Ал мотоциклші В пунктіне жеткен кезде велосипедші А пунктінен 15 км қашықтықта еді. А және В пунктерінің ара қашықтығын табыңыз.

33. Екі мотоциклші бір мезгілде бір-біріне қарсы А мен В пунктерінен шыққан. Олардың ара қашықтығы 600 км. Бірінші мотоциклші 250 км жер жүргенде екіншісі 200 км жүреді. Бірінші мотоциклші В-ға екіншінің А-ға жеткен уақытынан 3 сағ бұрын жетеді. Олар бір қалыпты қозғалады деп есептеп, мотоциклшілердің қозғалыс жылдамдықтарын табыңыз.

34. Бір мезгілде А-дан В-ға және В-дан А-ға қарай бір-біріне қарама-қарсы екі автокөлік шықты. Екеуі кездескеннен кейін әлі де олардың біреуіне 2 сағаттық, ал екіншісіне сағаттық жол қалған еді. Егер А мен В-ның арасы 210 км болса, онда олардың жылдамдықтары қандай?

35. Екі желаяқ араларына 2 минут интервал тастап, бірінен соң бірі жүгіріп кетті. Старт берілген нүктеден 1 км қашықтықта екіншіні қуып жетті де, 5 км қашықтыққа жүгіріп барып, кері қайтты. Осы жолда ол бірінші желаяқпен кездесті. Бұл кездесу бірінші желаяққа старт берілген уақыттан 20 минуттан кейін болған еді. Екінші желаяқтың жылдамдығын табыңыз.

Судың көлемі, тұздылығы, батпақтар мен мұздықтардың гидрологиялық режиміне байланысты есептер шығару

Судың көлемі, тұздылығы, батпақтар мен мұздықтардың гидрологиялық режиміне байланысты есептер шығару

1. Мариан шұңғымасының үстіндегі кемедегі эхолотқа дыбыстың келу уақыты

А) 6 сек В) 11,2 сек С) 9 сек Д) 14,6 сек Е) 0,8 сек

2. Ауаның температурасы +30°C, абсолюттік ылғалдылық 11 г/м³ болса, салыстырмалы ылғалдылық қанша?

3. Ауаның температурасы +30 °С, абсолюттік ылғалдылық 20 г/м³. Салыстырмалы ылғалдылықты табыңдар.

4. Интернеттегі ақпарат бойынша ауаның температурасы +30°C, абсолюттік ылғалдылық 12 г/м³, салыстырмалы ылғалдылықты табу.

5. Эхолот жіберілгеннен кейін 10 секундтан соң оралды, су тереңдігі қанша?

6. 50 литр судан 1200 г тұз алған кездегі судың тұздылығын анықтаңдар.

7. Тұздылығы 5 ‰ болатын 4 т судан қанша тұз алуға болады?

8. Егер тұздылық 27 ‰ болса, Қара теңіздің 4,2 м³ суында әр түрлі заттардың мөлшері неше грамм (кг) ?

9. 450 литр теңіз суында әр түрлі заттардың мөлшері неше грамм? (дүние жүзілік мұхит суының орташа тұздылығы 35 ‰. Промилле 1/1000 бөлік дегенді білдіреді)

10. 1 тонна мұхит суынан қанша тұз алуға болады ? Тұздылығы 0,2 ‰ 1 тонна өзен суынан қанша тұз алуға болады ?

11. Егер тұздылығы 18 ‰ болса, Қара теңіздің 1 т суынан әр түрлі заттардың неше грамын алуға болады ?

12. Каспийдің солтүстігінде тұздылық 14 ‰ болса, 1 т теңіз суынан қанша тұз алуға болады ?

13. Бір тонна мұхит суынан қанша тұз алуға болады?

14. Тұздылығы 0,2‰ 1 тонна өзен суынан қанша тұз алуға болады?

15. Егер тұздылығы 18‰ болса, Қара теңіздің 1 тонна суынан әр түрлі

заттардың неше грамын алуға болады

Жыл санау, тау жыныстарының геологиялық жасын анықтау және геологиялық профиль сызуға байланысты есептер шығару

1. Тас көмір өндірілетін шахтада 1000 тереңдікте тау жыныстарының температурасы қандай, егер жер бетіндегі температура +10 °С көрсетсе?
2. 1600 тереңдіктегі жер асты шахтасында қандай температура, егер жер бетіндегі температура – 5 °С болса?
3. Егер үңгірдің тереңдігі 1300 м, ал жер үстінің температурасы +9°С болса, үңгірдегі жер қыртысының температурасы қандай болады?

Желдің жылдамдығы, бағытын анықтауға арналған есептер шығару және желөрнегін құрастыру

161. Төменде берілген кестені пайдалана отырып, ақпан айының жел өрнегін сызу керек. Масштаб, 1күн – 0,5 см.

Желдің бағыттары							
С	СШ	Ш	ОШ	О	ОБ	Б	СБ
4	9	6	3	2	1	2	4

Атмосфералық қысым мен ауа температурасын анықтауға арналған есептер шығарудың әдістемесі

1. Қазақстанда ең төменгі температура -57 °С, ал ең жоғарғы температура +42°С болса, амплитуда қанша?
 А) 57 °С В) 14,5 °С С) 99 °С Д) 67 °С Е) 10 °С
2. Тәуліктегі ең жоғары температура -10°С, ал ең төменгі температура -28°С. Тәуліктік амплитуда қанша?
 А) 18°С В) 14°С С) 38°С Д) 28°С Е) 10°С
3. Қазан айында Алматы қаласында ауаның температурасы тәулік ішінде сағат 7⁰⁰ -де +10°С, сағат 13⁰⁰-де +14°С, сағат 19⁰⁰-де +12°С, сағат 1⁰⁰-де -1°С болса, тәулік ішіндегі орташа температура
 А) +8,7°С В) +3,7°С С) +9,2°С Д) +6,8°С Е) +5,6°С
4. Кестедегі мәліметтерге сәйкес орташа жылдық температура

Айлар												Орташа жылдық температура t°С
I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	
-17°С	-12°С	-5°С	0°С	7°С	17°С	22°С	19°С	10°С	4°С	-9°С	-14°С	

5. Желтоқсан айындағы тәуліктік орташа температура жиынтығы - 630° С болса, айлық орташа температура қанша?
6. Ауаның температурасы +30°С, абсолюттік ылғалдылық 16 г/м³ болса, салыстырмалы ылғалдылық қанша?
7. Тәулік ішіндегі ең жоғарғы температура +15°С, ең төменгі температура +5°С болғандағы амплитуданы табындар.

8. Жер бетіндегі ауаның температурасы $+14^{\circ}\text{C}$. 6000 м биіктікке көтерілген ұшақтың сыртындағы ауаның температурасы қанша?
9. Жылдық орташа температура ауытқуы жоғары қала
 А) Алматы (қыста -6°C , жазда $+19^{\circ}\text{C}$) В) Петропавл (қыста -19°C , жазда $+20^{\circ}\text{C}$)
 С) Атырау (қыста -8°C , жазда $+28^{\circ}\text{C}$) Д) Ақтау (қыста -4°C , жазда $+28^{\circ}\text{C}$)
 Е) Орал (қыста -12°C , жазда $+22^{\circ}\text{C}$)
10. Ауаның температурасы сағат түнгі 1-де $+10^{\circ}\text{C}$, 7-де $+6^{\circ}\text{C}$, 13-те $+15^{\circ}\text{C}$, 19-да $+8^{\circ}\text{C}$. Тәулік бойынша орташа температураны табыңдар.
11. Бір тәулік ішінде ауа температурасы төмендегідей болып өзгерді: $+5^{\circ}$, -2° , $+10^{\circ}$, $+7^{\circ}$. Тәуліктің орташа температурасын тап.
12. Таудың етегінде ауаның температурасы $+12^{\circ}\text{C}$, туристер 4000 м биіктікке көтерілді. Туристер көтерілген биіктіктегі ауа температурасы қандай?
13. Егер тау етегінде ауа температурасы 30°C , тау төбесінде -3°C болса, таудың биіктігін анықтаңыз:
 А) 5,5 км В) 3 км С) 6 км Д) 2,7 км Е) 1,5 км
14. Таудың етегінде $+15^{\circ}\text{C}$, шыңында -27°C болса, таудың салыстырмалы биіктігі қанша?
15. Егер теңіз деңгейінде $+15^{\circ}$ жылы болса, Памирдегі Коммунизм шыңының биіктігі 7495 м. Шыңның басындағы ауа температурасы қанша болады?
16. Егер теңіз деңгейінде $+21^{\circ}$ жылы болса, Памирдегі Коммунизм шыңының биіктігі 7495 м. Шыңның басындағы ауа температурасы қанша болады ?
17. Түркістан қаласындағы жауын – шашын мөлшері 238 мм, буланушылық 1250 мм болса, ылғалдану коэффициентін тап.
18. Қостанай қаласындағы буланушылық мөлшері 500 мм, жылдық орташа жауын – шашын мөлшері 373 мм болса, ылғалдану коэффициенті қанша?
19. Буланушылық 1200 мм, жауын – шашын 151 мм болса, ылғалдану коэффициенті қанша ?
20. Теңіз деңгейіндегі атмосферадағы температура $+21^{\circ}\text{C}$ болса, 5200 м биіктікте орналасқан нүктедегі температураны табыңдар.
21. Жер бетіндегі температура $+10^{\circ}\text{C}$ болса, 5 км биіктіктегі температура қанша ?
22. 6,8 км биіктікте температура -35°C , теңіз деңгейінің температурасы қанша?
23. Қазан айында Алматы қаласында ауаның температурасы сағат 7° -де $+10^{\circ}\text{C}$, сағат 13° -де $+14^{\circ}\text{C}$, сағат 19° $+12^{\circ}\text{C}$, сағат 1° -де -1°C болса, тәулік ішіндегі орташа температура
24. Тәуліктегі ең жоғарғы температура -10°C , ал ең төменгі температура -28°C . Тәуліктік амплитуданы табыңдар.
25. Тәуліктің ең жоғарғы температурасы $+28^{\circ}\text{C}$, ең төмен $+12^{\circ}\text{C}$ болса, температураның тәуліктік амплитудасы қанша?
26. Кестеде берілген мәліметтерді ескерсек, жылдық амплитуда

Айлық орташа температуралар												Жылдық амплитуда
I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	
-15°	-11°	-4°	2°	9°	17°	21°	20°	13°	7°	-6°	-13°	?

- А) $3,3^{\circ}\text{C}$ В) 40°C С) 36°C Д) 27°C Е) $13,3^{\circ}\text{C}$
27. Егер ұшақтың сыртында -36°C , ал жерде $+36^{\circ}\text{C}$ Ұшақ қанша биіктікке көтерілді ?
28. Ұшақ қанатында ауа температурасы -20°C көрсетті. Осы кезде жер бетіндегі температура $+14^{\circ}\text{C}$ болса, ұшақ қандай биіктікте көтерілген ?
29. Ауа температурасының амплитудасының минималды болатынын көрсетіңіз.
 А) $+100^{\circ}\text{C}$ және $+250^{\circ}\text{C}$; Б) $+30^{\circ}\text{C}$ және $+150^{\circ}\text{C}$; В) $+50^{\circ}\text{C}$ және $+150^{\circ}\text{C}$;
 С) -100°C және $+170^{\circ}\text{C}$; Г) -50°C және $+150^{\circ}\text{C}$
30. 3 км биіктікте ұшақ сыртындағы ауаның температурасын -36°C тіркеді. Ал, ол осы кезде

жер бетіндегі температура нешеге тең ?

31. Көлемі 200 м^3 сынып бөлмесінің ауасында $+20^\circ\text{C}$ температурада қанша литр су буы болады?

Ауа ылғалдылығы, салмағы, буланушылық, ылғалдану коэффициенті мен атмосфералық жауын-шашын мөлшерін анықтауға байланысты есептер шығару және диаграммалар құрастыру

Ауа ылғалдылығы, салмағы, буланушылық, ылғалдану коэффициенті мен атмосфералық жауын-шашын мөлшерін анықтауға байланысты есептер шығару және диаграммалар құрастыру

32. Ауаның температурасы $+20^\circ\text{C}$, абсолюттік ылғалдылық 15 г/м^3 , салыстырмалы ылғалдылықты табу керек.
33. Ауа температурасы 30°C абсолют ылғалдылық 20 г болғанда, салыстырмалы ылғалдылық қандай ?
34. Ауаның температурасы $+20^\circ\text{C}$ –та салыстырмалы ылғалдылық 50% болса, ауаны су буымен қанықтыру үшін қажет су мөлшері қанша?
35. Теледидардан былай хабарлады. $+10^\circ\text{C}$ температурада ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 50% . Мұндай 1 км^3 ауада неше грамм су болады ? Оның қанығуы үшін қанша су керек?
36. Егер салыстырмалы ылғалдылық 55% -ке тең, ал қанықтылық ылғалдылығы $+15^\circ\text{C}$ температурада $12,8 \text{ г/м}^3$ тең болса, ауаның абсолютті ылғалдылығы қанша болады?
37. Ауаның температурасы $+10^\circ$, салыстырмалы ылғалдылық 30% , абсолюттік ылғалдылықты табу.
38. Ауадағы су буының мөлшері буланатын беттің жағдайына және температураға байланысты. Ауадағы су буы мұхит үстінде мол, ал құрлық үстінде аз болады. Сонымен бірге неғұрлым температура жоғарылаған сайын ауадағы су буының мөлшері арта береді. 1 м^3 ауада түрлі температурада болатын су буының мөлшері

Температура (C)	Су буы (грамм)
-30°	0,5
-20°	1
-10°	2
0°	5
$+10^\circ$	9
$+20^\circ$	17
$+30^\circ$	30

- 10°C температурада 1 м^3 - та су буының мөлшері 5 г тең. Салыстырмалы ылғалдылықты табыңдар.
А) 56% В) 60% С) 55% Д) 45% Е) 63%
39. Атмосфералық қысым А нүктесінде 790 мм , Б нүктесінде 810 мм . Салыстырмалы биіктікті табыңдар?
40. Егерде барометр төбенің етегінде 762 мм с.б. , төбенің басында 752 мм с.б. көрсетіп тұрса, төбенің биіктігі қанша?
41. Биіктігі 2200 м таудың шыңындағы атмосфералық қысым 517 мм . Таудың етегіндегі қысым қанша?
42. Биіктігі 1500 м тау шыңындағы атмосфералық қысымның мөлшері қанша?
43. Егер тау етегіндегі атмосфералық қысым 850 мм , тау басында 710 мм болса, таудың биіктігі қанша?
44. Атмосфералық қысым А нүктесінде 740 мм , Б нүктесінде 710 мм болса, екі нүктенің салыстырмалы биіктік айырмасын табыңдар.
45. Егер тау етегіндегі атмосфералық қысым 752 мм , таудың басында 350 мм болса, таудың биіктігі қанша?

46. Таудың етегіндегі қысым 680 мм, шыңындағы қысым 620 мм болса, таудың биіктігі қанша?
47. Тау етегіндегі атмосфералық қысым 756 мм с.б., тау шыңында 341 мм с.б. болса, таудың Биіктігі қанша ?
48. А нүктесінде атмосфералық қысым 780 мм, Б нүктесінде 850 мм. Екі нүктенің абсолюттік биіктіктері мен Б нүктесінің А нүктесіне қарағандағы салыстырмалы биіктігі қандай?
49. Таудың басында қысым 390 мм, ал таудың дәл ортасында қысым қаншаға тең? Жер бетінде қалыпты атмосфералық қысым сақталған.
А) 525 мм В) 575 мм С) 675 мм Д) 655 мм Е) 550 мм
50. Жер бетінде қысым 758 мм болса, тау шыңындағы (4600 м) қысым қанша ?
51. Мәскеу қаласының атмосфералық қысымы 748 мм болса, мұхит деңгейімен салыстырғанда оның биіктігі қандай ?
52. Бөлменің ұзындығы 8 м, ені 8 м, биіктігі 3 м. Бөлменің көлемі мен ондағы ауаның салмағын есептеңіз ?
53. Альпинист 5 км жоғарыға шықты, жер бетінде атмосфералық қысым 745 мм сынап бағанасына тең. Осы биіктіктегі атмосфералық қысым нешеге тең ?
54. Мұхит деңгейіндегі қалыпты ауа қысымы 760 мм с.б. болса, оның қанша миллибар (мб) екендігін анықтауға болады ?
55. Егер бір күнгі ауа қысымы 1040 мб болса, ол қанша мм с.б. тең екендігін анықта ?

Халық саны, туу және өлім көрсеткіштері, табиғи өсім, халық тығыздығын анықтауға арналған есептер шығару

1. Мектеп оқулығын пайдаланып, дүниежүзі елдерінің топтары мен аймақтары бойынша туу коэффициенттерін есептеп, диаграммаға түсіріңдер.
2. Дүниежүзі елдеріндегі өлім деңгейінің ең жоғарғы көрсеткіштері тән 3 елді атап, ондағы сәбилер өлімінің көрсеткіштерін есептеңдер.
3. Дүниежүзі елдеріндегі адамның орташа өмір жасының ұзақтығын сипаттап, оны диаграммаға түсіріңдер.
4. Төменде берілген аймақтарды демографиялық көрсеткіштері бойынша кестеге толтырып, бір-бірімен салыстырыңдар және талдаңдар.

көрсеткіштер	Еуропа	Азия	Солтүстік Америка	Оңтүстік Америка	Африка
Халық саны, млн адам					
Туу көрсеткіші, ‰					
Өлім көрсеткіші, ‰					
Табиғи өсім, ‰					
Халықтың тығыздығы км ² /адам					

25. Батыс Қазақстанның экономикалық ауданындағы 2179 мың адамның 71% экономикалық белсенді халық. Оның 52 % өндірістік емес салада жұмыс істейді. Өндірістік емес салада жұмыс істейтін адам санын тап ?

23. Кестеде берілген мәліметтерді пайдалана отырып, Алжир, Чили немесе Италияда елдерінің қайсысында өлім көрсеткіштері 1 мың тұрғынға жоғары екендігін анықтаңыз. Жауабыңызды талдаңыз. Себебін айқындаңыз.

Алжир, Чили және Италияның демографиялық көрсеткіштері

	Алжир	Чили	Италия
Жалпы халық саны, млн. адам	33,3	16,3	58,1
15 жасқа дейінгі тұрғындар санының үлесі, %	35	25	14

65 жастан жоғары тұрғындар санының үлесі, %	5	8	19
Туғандар саны, ‰	17,1	15,0	8,5
Табиғи өсім, ‰	12,1	9,1	-2,0
Күтілген өмір сүру ұзақтығы, жыл	73,5	76,9	80,0
Қала халқының үлесі, %	49	87	90

Халықтың көшіп-қонуы, ауыл және қала халқының үлесін анықтауға арналған есептер шығару

- 1-кесте бойынша Қазақстандағы туу және өлу коэффициенттері бойынша табиғи өсімді есептеу және осы мәліметтерді қолданып, бағаналық диаграмма құрастыру;
- 2-кесте бойынша қала және ауыл халқының %- тік үлестерін есептеу;
- 2- кесте бойынша облыстар бойынша халықтың орташа тығыздығын есептеу:

халықтың саны

тығыздығы = территориясы;

1-кесте. ҚР халқының тууы және өлімнің жалпы коэффициенттері (14.11.2023ж)

Облыстар	Туу	Өлім	Табиғи өсім
Қазақстан Республикасы	14,7	10,1	
Ақмола	12,7	11,1	
Ақтөбе	14,4	9,4	
Алматы	14,7	8,9	
Атырау	19,4	9,3	
Шығыс Қазақстан	11,3	12,5	
Жамбыл	17,1	9	
Батыс Қазақстан	14	10	
Қарағанды	15,4	10,8	
Қызылорда	22,1	7,8	
Қостанай	11,4	10,8	
Маңғыстау	19,8	7,5	
Павлодар	11,3	10,6	
Солтүстік Қазақстан	11,6	11,7	
Түркістан	23	7,4	
Абай	7,3	2,1	
Жетісу	14,7	9,4	
Ұлытау	14,9	8,7	

Географияны оқыту әдістемесіне арналған аралас тест сұрақтары

1. Географияны оқыту әдістемесі нені зерттейді?
 - А. Табиғи құбылыстарды
 - В. Географиялық заңдылықтарды
 - С. Географияны оқытудың әдіс-тәсілдерін
 - Д. Карта сызуды
2. Жаңартылған білім мазмұны бойынша сабақтың мақсаты қалай құрылады?
 - А. Оқулықтағы тақырып атауымен
 - В. Блум таксономиясына сай оқу мақсатынан
 - С. Мұғалім өз қалауы бойынша
 - Д. Тек бағалау нәтижесіне қарап

3. Қалыптастырушы бағалаудың мақсаты қандай?
 - A. Баға қою
 - B. Тексеру
 - C. Оқушының оқуын жақсарту
 - D. Жаза қолдану
4. География сабағында топографиялық карта не үшін қолданылады?
 - A. Сурет салу үшін
 - B. Биіктік пен жер бедерін анықтау үшін
 - C. Картаны әсемдеу үшін
 - D. Әңгіме құру үшін
5. Географиядағы саралау әдісі не үшін қолданылады?
 - A. Барлық оқушыға бірдей тапсырма беру үшін
 - B. Қабілетіне қарай оқытуды ұйымдастыру үшін
 - C. Мұғалімнің жұмысын жеңілдету үшін
 - D. Оқушыны жазаға тарту үшін
6. География пәнін оқытуда АКТ құралдарын қолдану не береді?
 - A. Оқу уақытын қысқартады
 - B. Сабақ мазмұнын байытады
 - C. Мұғалімге жүктеме түсіреді
 - D. Оқулықтың орнына жүреді
7. Тілдік мақсатқа жататын дағды:
 - A. Географиялық объекті табу
 - B. Топографиялық карта оқу
 - C. Географиялық терминдерді түсініп, қолдану
 - D. Физикалық карта салу
8. География пәні қай сыныптан бастап оқытылады?
 - A. 4-сынып
 - B. 5-сынып
 - C. 6-сынып
 - D. 7-сынып
9. География сабағында “проблемалық оқыту” әдісі:
 - A. Оқушыларға жауапты жаттап бергізу
 - B. Мәселені талдап, шешім іздеу
 - C. Қайталай оқу
 - D. Суретпен жұмыс
10. Критериалды бағалаудың басты артықшылығы:
 - A. Бағаны мұғалімнің өзі қояды
 - B. Оқушы жетістігін нақты өлшеу
 - C. Қатаң тексеру жүйесі
 - D. Бір реттік бағалау
11. География сабағында “экскурсия” әдісінің артықшылығы:
 - A. Уақыт өткізудің жолы
 - B. Тәжірибелік білім беру
 - C. Көңіл көтеру
 - D. Картаны жаттау
12. Жаңартылған бағдарламада қолданылатын бағалау түрі:
 - A. Бақылау жұмысы
 - B. 5 балдық баға

- C. Критериалды бағалау
- D. Қорытынды емтихан
13. Географияда "аймақтық компонент" дегеніміз не?
- A. Халықаралық мәліметтер
- B. Жергілікті аймаққа тән мазмұн
- C. Картадағы белгілер
- D. Табиғат зоналарының картасы
14. CLIL әдісінің мақсаты қандай?
- A. Жаңа терминдерді үйрету
- B. Тілді және пәнді қатар меңгерту
- C. Емтиханға дайындау
- D. Физикалық картаны түсіндіру
15. Масштабпен жұмыс істеу нені үйретеді?
- A. Географиялық атауларды жаттау
- B. Қашықтықты есептеу
- C. Картаны әшекейлеу
- D. Бағытты анықтау
16. Жаңа технологияларды қолдану қай мақсатта тиімді?
- A. Бағалау жеңіл болады
- B. Теорияны азайтады
- C. Оқушы қызығушылығын арттырады
- D. Мұғалім уақыт үнемдейді
17. Жобалық жұмыс түрі нені дамытады?
- A. Көшіріп жазу қабілетін
- B. Оқушының өздігінен ізденуін
- C. Есте сақтауын ғана
- D. Жылдам жауап беруін
18. Географиялық терминдерді дұрыс түсіну үшін қандай тәсіл тиімді?
- A. Картамен жұмыс
- B. Сөздікпен жұмыс
- C. Көшіру
- D. Түсініксіз қалдыру
19. География сабағында қай әдіс оқушылардың тәжірибелік дағдыларын дамытады?
- A. Түсіндіру
- B. Топтық жоба
- C. Әңгімелеу
- D. Жазбаша диктант
20. География әдістемесінің негізгі зерттеу объектісі:
- A. Жер бедері
- B. Географиялық құбылыстар
- C. Оқытудың әдіс-тәсілдері
- D. Табиғат ресурстары
21. Топографиялық картада көк түс нені білдіреді?
- A. Орманды
- B. Биіктікті
- C. Суды
- D. Тау жынысын

22. Жаратылыстану пәнінде тілдік мақсаттың үлгісі:
- A. “Оқушы өз ойын айта алады” ✓
 - B. “Картадан көрсетеді”
 - C. “Баға алады”
 - D. “Жаттығу орындайды”
23. Жиынтық бағалау қашан жүргізіледі?
- A. Сабақ басында
 - B. Қысқа мерзімді тапсырмадан соң
 - C. Белгілі бір бөлім соңында ✓
 - D. Күнде
24. География сабағында интернет қолдану:
- A. Қатаң тыйым салынады
 - B. Ақпарат іздеуге мүмкіндік береді ✓
 - C. Тек мұғалім үшін ғана керек
 - D. Уақыт жоғалту
25. География пәні арқылы қай құндылық дамиды?
- A. Эстетика
 - B. Экологиялық сауаттылық ✓
 - C. Әдеби қабілет
 - D. Спортқа қызығушылық
26. География сабағында саралау әдісі қалай көрініс табады?
- A. Бірдей тапсырма беру
 - B. Қабілет пен деңгейге қарай тапсырма ұсыну ✓
 - C. Барлық оқушыны бірдей бағалау
 - D. Тек мұғалімнің нұсқауы бойынша
27. Картамен жұмыс жасауда оқушы нені үйренеді?
- A. Сурет салуды
 - B. Географиялық кеңістікті түсінуді ✓
 - C. Өлең жаттауды
 - D. Кесте толтыруды
28. Жаңартылған бағдарламада жиынтық бағалау қалай өткізіледі?
- A. Әр тоқсан соңында және бөлім соңында ✓
 - B. Әр апта сайын
 - C. Күнде сабақта
 - D. Мұғалім қалауымен
29. Сабақтың кіріспе кезеңінің мақсаты:
- A. Үй тапсырмасын сұрау
 - B. Оқушылардың қызығушылығын ояту және мақсат қою ✓
 - C. Жаңа тақырыпты жаттау
 - D. Баға қою
30. География пәнін оқытудағы негізгі тәсілдердің бірі:
- A. Диктант жаздыру
 - B. Экскурсия ұйымдастыру ✓
 - C. Мәтін аударту
 - D. Мәнерлеп оқыту
31. Қалыптастырушы бағалауда оқушы:
- A. Тек тест орындайды
 - B. Өз жетістігін бағалайды және қателерін көреді ✓

- С. Емтихан тапсырады
D. Баға сұрайды
32. Цифрлық ресурстармен жұмыс жасау не үшін маңызды?
A. Оқулықты ауыстыру үшін
B. Уақытты қысқарту үшін
C. Қосымша ақпарат алу және қызығушылықты арттыру үшін
D. Дайын жауап алу үшін
33. География сабағында оқыту мақсаттарын қайдан алады?
A. Мұғалім өзі жазады
B. Оқу бағдарламасынан
C. Оқулықтан
D. Тест кітапшасынан
34. Сабақ жоспарының міндетті бөлімі:
A. Сабақ түрі
B. Қосымша әдебиет
C. Сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлері
D. Оқушы тізімі
35. География сабағындағы “кері байланыс” не үшін қажет?
A. Мұғалімді бағалау үшін
B. Оқушының тақырыпты қалай меңгергенін анықтау үшін
C. Баға қою үшін
D. Сабақ ұзарту үшін
36. Географияны оқытуда жобалық жұмыс тиімді, себебі:
A. Оқушылар дайын материалды көшіреді
B. Оқушылар зерттеу, салыстыру, тұжырым жасау қабілеттерін дамытады
C. Тестке дайындыққа көмектеседі
D. Уақыт өткізудің жолы
37. Географияны оқытудағы “жаңа технологиялар” түсінігіне не жатады?
A. Тек компьютер
B. АКТ, интернет, анимация, ГАЖ т.б.
C. Үй тапсырмасы
D. Бағалау парағы
38. Сабақта қолданылатын критериалды бағалау элементі:
A. Балл қою
B. Дескриптор
C. Күнделік
D. Түсініктеме жазу
39. “Жаратылыстану” пәні қай сыныптарда оқытылады?
A. 5–6 сыныптарда
B. 3–4 сыныптарда
C. 7–8 сыныптарда
D. 9–11 сыныптарда
40. География сабағында картографиялық дағдыны дамыту үшін қажет:
A. Қолжазба жасау
B. Карта мен масштабпен жұмыс
C. Мәтін оқу
D. Термин жаттау
41. Оқушыларға жер бедерін оқытудың тиімді тәсілі:
A. Аудио тыңдату

- В. Модель, сызба және карта қолдану
- С. Тек оқулықпен жұмыс
- Д. Қайта жазғызу
42. Сабақтың “қорытынды кезеңінде” не істеледі?
- А. Жаңа тақырып түсіндіріледі
- В. Үй тапсырмасы тексеріледі
- С. Білім жинақталып, кері байланыс беріледі
- Д. Баға қойылады
43. “География – интеграциялық пән” деп айту себебі:
- А. Барлық пәннен бөлек
- В. Өзге пәндермен байланыса отырып оқытылады
- С. Әдебиетпен ұқсас
- Д. Тек жаратылыстану негізінде
44. География пәнінің мазмұны неден тұрады?
- А. Саясат және экономикадан
- В. Табиғат, адам, шаруашылық, аймақтану бағытынан
- С. Тек климаттан
- Д. Геология мен химиядан
45. Тілдік мақсаттарда “айтылым” дағдысын дамыту үшін не істеледі?
- А. Диктант жазу
- В. Жауап беру, баяндау, презентация жасау
- С. Көшіріп жазу
- Д. Термин жаттау
46. Географиялық білім берудің басты құндылығы:
- А. Географтарды дайындау
- В. Жаһандық және аймақтық мәселелерді түсінуге мүмкіндік беру
- С. Тест шешуді үйрету
- Д. Картографияны тереңдету
47. Географияда “қалыптастырушы бағалау” қалай жүреді?
- А. Тек тоқсан соңында
- В. Сабақ барысында, үздіксіз түрде
- С. Емтиханнан кейін
- Д. Айына бір рет
48. Сабақ мақсаты SMART принципіне сай қандай болуы керек?
- А. Жалпы, кең, дәлсіз
- В. Нақты, өлшенетін, шынайы
- С. Қысқа, анықталмаған
- Д. Мәтінге сәйкес
49. География сабағында АКТ қолдану неге әсер етеді?
- А. Кітапты алмастырады
- В. Көрнекілікті арттырады, қызығушылық тудырады
- С. Бағаны көтереді
- Д. Мұғалімге жүктеме береді
50. “Интернет-ресурстар” ұғымына қайсысы жатады?
- А. Оқулық пен дәптер
- В. YouTube, Google Maps, Earth, online atlas
- С. Плакат пен глобус
- Д. Сызғыш пен масштаб»

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Акашева Ә.С., Дүйсебаева К.Ж., Нүсіпова Г.Н. Географияны оқыту әдістемесі: Оқу-әдістемелік құрал.-Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр баспасы», 2022ж-166б
2. Абдикаримова Г.А. Физикалық географияны оқыту әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал.- Шымкент, 2020ж-155б.
3. Орта білім мазмұнын Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі негізінде жаңарту. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016.– 43 б.
4. Е.А.Тоқпанов, О.Б.Мазбаев, Т.О.Уалиев. Географияны оқыту әдістемесі. Оқулық –Алматы: Эверо, 2015.- 412 б.
5. Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі туралы» Заңы (2019 жылғы 27 желтоқсан № 293 –VI ҚРЗ)
6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
7. География пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары 5-6, 7-9 , 10-11 сыныптар
8. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптың оқу бағдарламалары

Цифрлық білім беру ресурстары

<http://egov.kz> – Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі.

<https://kundelik.kz/> - автоматтандырылған жүйесі.

<http://www.orleu.kz/>-«Өрлеу»

<https://www.youtube.com> – ютуб каналы

<https://bilimland.kz/ru>- білім беру порталы

